

*Гиралиева Жанна Женисбековна*



# **КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ**


*Жоғары оқу орындарының  
«Туризм»  
мамандығына арналған оқу  
құралы*





Алматы

ИЗДАТЕЛЬСТВО  
**Lem**  
www.lem.kz

Мусиралиева Жанна Женисбековна



**КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ**  
**Жоғары оқу орындарының «Туризм»**  
**мамандығына арналған оқу құралы**



Алматы, 2015

УДК 811.512.122 (075.8)

ББК 81.2 Каз -923

М 79

Пікір жазғандар: ф.ғ.д., О. Жұбаева  
ф.ғ.д., Г. Болатова  
ф.ғ.к., Р. Бедельбаева

**Мусиралиева Ж. Ж.**

**Кәсіби қазақ тілі. Жоғары оқу орындарының «Туризм» мамандығына арналған оқу құралы. Оқу құралы.**- Алматы: «Издательство LEM», 2015. – 188 бет

*«Тұран» университетінің ғылыми кеңесінде 2013 жылы «20» қарашада № 3 хаттамамен бекітіліп, ұсынылған.*

**ISBN 978-601-214-170-2**

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы «Туризм» мамандығы бойынша орыс топтарына кәсіби қазақ тілі пәнін оқытуға арналған. Аталмыш еңбек студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамытуға және оларды еркін сөйлетуге, сауатты жазуға бағытталған. Әр мәтіннің мазмұнына сәйкес сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Оқу құралы соңында туризм саласының қазақша орысша анықтама сөздігі мен қосымша сөздік беріліп, өз бетінше аудару мәтіндері топтастырылған.

**ISBN 978-601-214-170-2**

© Мусиралиева Ж. Ж., 2013

© «Издательство LEM» ЖШС, 2013

---

Подписано в печать 27.02.2015 г.  
Формат 60x84 1/16. Гарнитура «Times».  
Объем 11,75 печ.л. Общий тираж 500 экз. Заказ 3.

Отпечатано в ТОО «Издательство LEM»  
050008, г. Алматы, ул. Ауэзова, 82, уг. ул. Мынбаева, тел./факс 375-51-33.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілінің кемеліне келіп, ұлттық, мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілгенінің бір дәлелі оның барлық салаларда еркін қолданыста болуы. Қазіргі күні күнделікті қарым- қатынас кезінде, болашақта кәсіби терминдерді қызмет барысында қолдану үшін жоғары оқу орындарында студенттерге кәсіби қазақ тілі пәні енгізілген.

Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары оқу орындарындағы «Туризм» мамандығы бойынша орыс топтарына кәсіби қазақ тілі пәнін оқытуға арналған. Оқу құралындағы мәтіндердің лексикалық тақырыбы еліміздің ішкі туризм саласына қатысты топтастырылған. Лексикалық тақырыптар мейлінше жеңілдетілген, студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамытуға, еркін сөйлетуге, сауатты жазуға бағытталған. Әр мәтіннің мазмұнына сәйкес сұрақтар мен тапсырмалар, жағдаяттар, сұхбаттар, аударма жұмыстары берілген. Сондай- ақ, студенттің жаңа сөзді есіне сақтап, тез қабылдауы үшін сөздер мен сөз тіркестерін жұптастыру тапсырмалары кеңінен келтірілген.

Оқу құралы соңында туризм саласының қазақша-орысша анықтама сөздігі мен қосымша сөздік беріліп, өз бетінше аудару мәтіндері топтастырылған.

«Туризм» халыққа қызмет көрсету саласының бірі болғандықтан, туропретор, менеджер сияқты мамандық иесінің қазақтың төл мәдениетін, тілін, табиғатын білуі аса қажет. Сондықтан, еңбекте қазақ халқының салт- дәстүрі, сонымен қатар, ақын-жазушыларының туындыларынан үзінділер келтірілген. Маман иесі шетелдік азаматтарға өз елімізге қызмет көрсету барысында қазақ тілінде сөйлеу дағдысын, білімін, Қазақ жеріне деген ыстық махаббатын, кәсібіне деген ықыласын көрсетуі керек. Бұл ретте тәрбиелік мәні зор, қазақтың сөз маржаны – мақал-мәтелдер көптеп келтірілген.

Қорыта келгенде, өз мамандығы аясында әр студенттің мемлекеттік тілді қолдана білуі мен күнделікті сөйлеу тілін дамытуға бағытталған оқу құралдарының баспа бетінен көптеп шығуына тілектеспіз.



## Табиғатым – тал бесігім

Біздің елде туристер үшін саяхаттың 800-ден астам маршрут түрі ұсынылған. Оның 78-і – экологиялық турлар (ұлттық паркітер, қорықтар және т.б.), 126 – сы сауықтыру бағыты. Мемлекетімізде шипажайлық-курорттық ем алу мен демалыс орындары біріктірілген. Аңшылық пен балық аулауды ұнататындарға 61 бағытта маршрут жұмыс істейді. Ал жылқымен серуендеушілерге 18 бағыт бар. Сауықтыру-емдік мақсатта адамдардың шипалы ем алып, ой тынықтыруына арналған туризмнің бір түрі. Елімізде мұндай сауықтыру кешендері көп. Оның себебі емдік қасиеттерге бай жер асты сулары мен тұзды-минералды көлдері, шипалы қасиеттерге ие саз балшықтар соның айғағы бола алады. Экологиялық туризм мен сауықтыру туризмі жақсы қарқынмен дамып келе жатыр.



ұсыну – предлагать  
 ем алу – (принимать) лечение  
 демалыс – отдых  
 біріктірілген – объединен  
 аңшылық – охотничество  
 балық аулау – рыбаловство  
 бағыт – направление  
 жылкымен серуендеушілерге – тем, кто хочет ездить верхом на лошади  
 сауықтыру емдік мақсатта – в оздоровительно-лечебных целях  
 шипалы – полезное, лечебное.  
 туризмнің бір түрі – один из видов туризма  
 ой тынықтыру – отдых моральный (умственный)  
 кешен – комплекс  
 емдік қасиеттерге бай – богат лечебными свойствами  
 жер асты сулары – подземные воды  
 тұзды-минералды көл – солено-минеральная вода  
 саз балшық – глина  
 қарқынмен даму – интенсивно развиваться

**1-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанның қандай емдік-сауықтыру, демалу орындарын білесіз?

2. Егер мүмкіндік туса, отбасыңызбен қай жерлерге саяхат жасайтын едіңіз?

**2-тапсырма.** Туристтік фирманың жарнамасын үлгі бойынша жасаңыз.

Демалысыңызды қай жерде және қалай өткізетіңізді білмесеңіз, біз көмегімізді беруге дайынбыз. Анықтама беріп, билеттер және саяхат жолдамаларын ұсынамыз. Демалыстың кез-келген түрін ұйымдастырамыз. Туроператормен байланыссаңыз, ол қалаған демалыс түрлерінің бірін сізге таңдап береді.

Туристер саяхаттың қандай түрін жиі таңдайды?

Сіздің ойыңызша...

Экологиялық туризм мен сауықтыру туризмі неге сұранысқа ие?

## Пеший туризм

Ледники. Ущелья. Хребты. Высокогорные озера.

Пешеходный туризм – это классика туризма вообще. Палатка, костер в ночи, тяжелые рюкзаки, песни под гитару, апофеоз туристической романтики. Эта страна идеальное место в мире для занятий именно этим видом туризма. Здесь есть все, что нужно бывалому туристу, это красивейшие горные ущелья, сказочные озера, стремительные реки, ледники и снежные неприступные перевалы. Пешие туры помогают освободиться от привычек и комфорта городов. Вам дается возможность шагнуть к раскрытию загадки Вселенной, вперед к открытию ее величия. Условие: Все ниже перечисленные треки не имеют технических сложностей на своем пути, но участники должны обладать хорошим здоровьем и выносливостью, необходимых для преодоления перевалов в течении 7 – 8 часов и высотой 3500 – 4000 м. Каждому участнику желательно иметь – теплые вещи, плащ, треккингую обувь, спальный мешок, каримат.

### 4- тапсырма. Мәтінді мазмұндаңыз.



### Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері

1. Өз ұлтын сыйламай, оны мақтаныш етпеу- сатқындықтың белгісі.
2. Ерлік – тәрбие жемісі.
3. Жігерсіз сөз жүрекке жетпейді.
4. Ақылды кісінің сөзі де, өзі де сүйкімді.

## Грамматикалық тақырып Үндестік заңы (буын)

Қазақ тілі үндестік заңына бағынады. Дыбыстардың өзара үйлесіп келуі қатаң сақталады. Дыбыс үндестігінің екі түрі бар: *ілгерінді ықпал және кейінді ықпал*. Қатаң дауыссыздарға аяқталған сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда сөздің соңындағы қатаң дауыссыз ұяңға айналады.

**Мысалы:** *жүрек+ім=жүрегім, тілек+ім=тілегім*

### 5-тапсырма. Сөздерді тәуелдеңіз.

Менің	жетістігім	еңбегім
Сенің		
Сіздің		
Оның		
Біздің		
Сендердің		
Сіздердің		
Олардың		

Сөзді дұрыс айтып, сауатты жазу үшін буынның атқаратын қызметі зор. Буынның құрамында дауысты дыбыстың болуы міндетті. Дауысты дыбыс буын құрай алады, ал дауыссыз дыбыс буын құрай алмайды. Сөз құрамында неше дауысты болса, сонша буын болады.

**Мысалы:** *ә-ке, а-на, а-ға, ба-ла, қа-рын-дас, бас-шы, бағ-дар-ла-ма.*

### 6-тапсырма. Сөздерді буынға бөліңіз.

демалыс \_\_\_\_\_ табиғат \_\_\_\_\_  
 емделуші \_\_\_\_\_ құжат \_\_\_\_\_  
 ақпарат \_\_\_\_\_ әкімші \_\_\_\_\_  
 жарнама \_\_\_\_\_ жүргізуші \_\_\_\_\_



**7-тапсырма.** *Төменде аталған елдерге саяхат жасауға жарнама жасап үйреніңіз:*

Демалыс: Түркия, БАӘ (Біріккен Араб Әмірліктері), Египет; Еуропа: Испания, Италия, Франция, Чехия; Круиздер; Шоп-турлар.

Турлар: Түркия, Египет, Тайланд, БАӘ, Грекия, Кипр, Мальдив аралдары; Қытай: демалыс – Хайнань, Далянь аралдары, Пекин, Павлодар – Үрімші – Павлодар шоп-турлары; классикалық Еуропа: Франция, Италия, Испания; Экскурсиялар: Астана, Алматы және Санкт-Петербург бойынша; «Баянаул» турбазасы, «Голубой залив», Ыстық көл, Алматы, Бурабай демалыс үйлері; шипажайда емделу: Карловы-Вары, Белокуриха, Щучинск, Рахмановские ключи, Оқжетпес, Мойылды, Қарғалы, Қазақстан; балалар-сауықтыру лагерьлері: Бурабай, Шалдай қарағайлы орманы, рұқсатнамалар.

**8-тапсырма.** *Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз:*

Наш заказ, твой билет, ваш велосипед, моя поездка, их администратор, его документы, моя обувь, его комната, их бизнес тур, твой отдых, ваше туристическое агентство, ваше время прибытия, моя страна, их национальность, номер телефона гостиницы, адрес дома отдыха, ваше желание, инструктор похода, цена билета, ключи от номера, мой завтрак, имя водителя, страны Европы, реклама туристического агентства.



### Алматым, неткен сұлу сәулетің!

Отбасыңызбен немесе достарыңызбен көңіл көтергіңіз келсе, қазақ театрының қарашаңырағы М. Әуезов және Ғ.Мүсірепов атындағы театрларда өтетін керемет қойылымдарды тамашалап, рухани байып қайтуыңызға әбден болады. Сондай-ақ, Республика сарайында өтетін әсерлі кештерге барып, әуезді әндермен құлағыңыздың құрышын қандырыңыз. Қаламыздағы көненің көзі саналатын мұражайларды аралап шығыңыз. Күні кеше ашылған метроға да ат басын бұруды ұмытпаңыз. Алматыда әлемдегі ең үлкен биші субұрқақтардың бірі орналасқан Президент саябағы, Панфилов атындағы, Горький атындағы және «Фэмили» отбасылар саябағы, Цирк сарайы, Қуыршақтар театры, Қиял әлемі ойын-сауық кешені жұмыс істейді. Ал Алматының төлқұжаты саналатын «Көктөбе», «Шымбұлақ», «Медеу» сынды демалыс орындары қала қонақтарын қарсы алуға әрқашан дайын.




## Сөздік

сәулет – архитектура  
ғашық жандар – влюбленные  
неке қию – бракосочетание  
субұрқақ – фонтан  
көңіл көтергіңіз келсе – если хотите поднять себе настроение  
ат басын бұру – остановиться  
көненің көзі – наследие истории  
аралап шығу – посмотреть (пройтись)  
қойылымдарды тамашалау – смотреть спектакли  
әрқашан дайын – всегда готов  
рухани баю – духовно обогатиться  
құлағыңыздың құрышын қандырыңыз – (насладитесь красивой музыкой)

**1-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Алматының қандай көрікті орындарын білесіз?
2. Достарыңызбен қайда демалғанды жөн көресіз?
3. Алматыға келуші туристердің назарын аудартарлық нелер бар?



**3-тапсырма.** Аударыңыз.

Город Алматы раскинулся у подножия хребтов Заилийского Алатау на высоте 700-900 м. над уровнем моря, занимает площадь 250 кв. км, население около 1, 5 млн. человек.

В 1997 г., в связи с переносом столицы Республики Казахстан из Алматы в г. Астану, городу придан особый статус – политического, финансово-экономического, научного и социально-культурного центра государства. Благодаря своему уникальному месторасположению – в ожерелье изумрудно-синих с

заснеженными вершинами гор, своеобразному архитектурному облику и живописному зеленому наряду Алматы является международным туристским центром Казахстана.



### Алматы қаласының субұрқақтары

«Фонтан» италяның «Fontana» бұлақ қайнар деген мағынаны білдіреді. Алматы қаласының алғашқы ірі субұрқағы 1948 жылы Абай атындағы опера және балет театры ғимараты жанындағы бақта пайда болды. Бүгінде Алматыда 125 жеке тұрған субұрқақ бар. Олар тәңертеңгі 10-нан түнгі 2-ге дейін шамалы қосымша су айналысымен жұмыс істейді. Алматы қаласының әкімдігі 2007 жылдың 12 ақпанында «Алматы қаласында субұрқақтар мейрамын өткізу туралы» қаулы шығарып, жыл сайын 25 мамыр күні – *Субұрқақтар мейрамы күні* деп белгіледі. Субұрқақтар жүйесін жөндеу, қалпына келтіру іс шараның нәтижесінде қаладағы субұрқақтарға жаңа озық техника, арнайы басқару жүйесі бар түрлі-түсті жарық шамдарымен безендіру, тағы басқа жұмыстар жасалуда. Бүгінде қала құрылысшылары қаланы әсемдеу мен көркейтуге байланысты қаланың жаңа көркіне айналған «Нұрлы Тау», «Мега Центр», «СитиЦентр» секілді жаңа іскер, тұрғын үй және сауда орталықтарында субұрқақтар орнатуда.

Қаланың қай жерінде  
субұрқақтар бар?

Қалаға субұрқақтар не  
үшін қажет деп  
ойлайсыз?

### Ертегі әлемінен

Баяғыда екі жалқау болыпты, жалқаулықтары сонша, тіпті, еріндерін қимылдатуға да ерінеді екен.



Күндердің бір күні, скеуі алма ағашы түбінде жатқанда, бірінің көзі көк алмаға түседі.

- Алма піс, аузыма түс ! – дейді. Екіншісі оған:
- Ерінбей жалықпай соны қалай айттың? – деп

ренжиді.

### Грамматикалық тақырып

#### Сөздің тура және ауыспалы мағынасы (Прямое и переносное значения слов)

Сөз мағынасы өзгеріп, дамып, кеңейіп отыратын өте күрделі құбылыс. Осымен байланысты сөздің *тура және ауыспалы* мағынасы болады.

Сөздің айтушы мен тыңдаушыға ортақ мәндегі бір ұғымды білдіруі оның тура мағынасы деп аталады. Ол кейде сөздің негізгі мағынасы түрінде де атала береді. **Мысалы**, *адам, қол, шөп, кел* т.б. осы сияқты сөздерді жеке алғанда да, сөйлем ішінде үнемі білдіретін ортақ мағынасын келтіруге болады.

Сөздің ауыспалы мағынасы деп оның тура мағынасынан дамып, өрбіп кейін қосылған мағыналары аталады. **Мысалы**, *Сен менің оң қолымсың* (ты моя правая рука), *қолы жеңіл* (легкая рука), *үйдің қабырғасы* (стена дома) т.б.

**4-тапсырма.** *Жақшаны ашып, сөз тіркесін құраңыз. Орыс тіліне аударып, сөздің мағыналарына назар аударыңыз.*

Қалың (киім, дәптер, бет), суық (су, сөз, қару, хабар), қара (қарындаш, ниет, жүрек), адал (қызметкер, ас, жүрек, дос).

**5-тапсырма.** *Берілген тіркестер құрамындағы сөздерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жазыңыз.*

1. Жақсы сөз, жақсы адам, жақсы ой, жақсы күн, жақсы студент, жақсы өмір.

2. Терең сай, терең білім, терең құдық, терең су, терең сезім.

3. Долы, дауыл, долы күш, долы жел, долы адам, долы теңіз.

**6-тапсырма.** *Аударыңыз.*

Во время экскурсии Вы побываете в историческом центре Алматы, посетите парк 28 гвардейцев панфиловцев, Мемориал Славы, Свято-Вознесенский кафедральный собор, самые знаменитые площади города, старый административный центр, сложившийся в 30-50-е годы 20 века, другие парки города. Познакомитесь с архитектурным ансамблем главной площади Казахстана – имени Республики, монументом Независимости. Проедите по любимым горожанам проспектам – Абая, Достық, Аблай-хана и побываете в торговом, спортивном и культурном центрах Алматы.

**7-тапсырма.** *Көркем әдебиет үзіндісін оқып, ауыспалы мағынадағы сөз тіркестерін еске сақтаңыз:*

Тынымсыз жүрек таңғы тәтті ұйқыны Рысқұловтан тартып алды. Мәселенің төркіні әріде жатыр. Рысқұлов ақылдылығымен қоса, аса ірі де бай мінездің адамы. Ахат атасының даусы жұмсақ, майда қоңыр еді. Қалың жұрт өзіне қарап қалғанын сезіп, Рысқұлов қатаймақ болды. Рысқұлов ұйықтайын деп көзін жұмды. Буалдыр ұйқы дүниесін кезіп бара жатып, Талғардың күнге шағылысқан шыңын көреді. Бұл әлі ешкім айтпаған сауал, үлкен жұмбақтың шешуші кілті еді. Сұр жыландай суық сұрақ!  
(Ш. Мұртаза.)

## АЛАТАУ шипажайы

«Алатау» емдік-сауықтыру кешені еліміздің оңтүстік астанасы Алматы қаласының шетінде орналасқан. Табиғаты әсем, демалыс пен емделуге барлық жағдайлар жасалған.

Бірегей сәулетті ғимаратта 4 жұлдызды қонақүй бөлмелері бар және екі орынды бөлмелердің терезесі Іле Алатауына қарайды.

Таза ауада серуендеп, қажетті жабдығы бар бөлмелерде тынығасыз, асхананың дәмді асымен тамақтанасыз. Шипажайдың қызметшілері сізге тез әрі сапалы қызмет көрсетеді, білікті дәрігерлерден ем қабылдап, кеңесін аласыз.

Шипажай қызметшілерінің ізеттілігі мен сыпайылығы сіздің демалуыңыз бен емделуіңізді жағымды әрі көңілді етіп, денсаулығыңызды жақсартып алуға жағдай туғызады.


Әр жыл сайын «Алатау» емдік-сауықтыру кешенінде 10 мыңнан астам адам ем қабылдап, демалады.

## Сөздік

емдік-сауықтыру кешені – лечебно-оздоровительный комплекс  
шетінде – на окраине  
орналасқан – расположен  
барлық жағдайлар – все условия  
білікті – квалифицированный  
ізеттілік – учтивость  
сыпайылық – вежливость (скромность)  
жағымды – благоприятный, приятный.  
ыңғайлы – удобный  
жағдай туғызады – создают условия  
астам – более чем  
ем қабылдау – принимать лечение  
қызметші – персонал  
кеңес алу – консультироваться

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 «Алатау» емдік-сауықтыру кешені қай қалада орналасқан?
2. Жыл сайын «Алатау» емдік-сауықтыру кешенінде қанша адам ем қабылдап, демалады.?
3. «Алатау» емдік-сауықтыру кешенін неге бірегей дейміз?
4. Шипажайда қанша адам ем қабылдап, демалады?



**2-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіз, сөздікті пайдаланыңыз.

Тиімді әрі білікті емдеу, асханада дәмді ас пен тез әрі сапалы қызмет, диагностикалық орталық, демалу мен емделу, асханадағы дәмді ас, тез әрі сапалы қызмет, демалысты қызық өткізу, қажетті жабдығы бар бөлме, ізетті және сыпайы қызметкерлер.

### 3-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, аударыңыз.

Комфортабельная гостиница в живописной курортной зоне. Прекрасный вид из окон гостиницы поднимает настроение и настраивает на отдых. Номера гостиницы комфортабельные со всеми удобствами. Территория возле гостиничного комплекса благоустроена. В гостинице имеется кафе, бильярд, сауна. В стоимость номеров входит завтрак и ужин, обед оплачивается.

В стоимость экскурсии входит:

- проезд в оба конца на комфортабельном автобусе представительского класса – услуги экскурсовода

Чтобы заказать экскурсию звоните по телефонам: Или отправьте заявку на:

### 4-тапсырма. Жарнама жасаңыз.

«Алатау» емдік-сауықтыру кешенін бірегей деп тану өте орынды, өйткені бір ғана кешенде емдік және диагностикалық орталық, спа орталық, спорт кешені, аквапарк, гольф-клуб және



мейрамхана орналасқан. Осындай әр түрлі салалардың бір орында жұмылдырылуы басқа ешқандай жерде орын алмаған.

деп тану – считать как  
жұмылдырылуы – нацеленный  
орын алмаған – не имеет места, нет.

**5-тапсырма.** *«Тілін сақтай алған ел, өзінің ертеңі мен болашағын қамтамасыз ете алады» атты тақырыпта шығарма жазыңыз.*

*Пайдаланылатын сөз тіркестері:* Әр елдің мемлекеттік тілі, еліміздің тілін, тарихын, мәдениетін, өнерін білу, қастерлеу; біздің болашағымыз; болашақ мамандықта, бала тәрбиесі, достарымыз бен туыстарымыз; бәріміз қазақша сөйлесеміз, мақтан етемін.

---

*Ұлылардың ұлағатты сөздері*

**Әркімнің туған тілі — туған шеше,  
Оған бала міндетті сан мың есе**

*Сәбит Мұқанов*

**Әр халықтың ана тілі — білімнің кілті... Біздің жастарымыз ана тіліне жетіп, білімді, мәдениетті болсын**

*Ахмет Жұбанов*

**Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді**

*Ғабит Мүсірепов*

**Грамматикалық тақырып**  
**Көпмағыналы сөздер**  
(Многозначные слова)

Сөздің тура мағынасының негізінде контекске қарап қалыптасқан түрлі мағынаны білдіруі көпмағыналық деп аталады. Көпмағыналы сөздер көркем шығармаларда көп қолданылады. Мысалы, ұлы Абай поэзиясынан мысалдар келтіріп көрейік:

Екі күймек бір *жанға* әділет пе,  
Қаны қара бір *жанмын*, *жаны* жара.  
Ашиды *жаның*, қайнайды қаның,  
Мінездерің көргенде....  
(Абай)

Мұнда ақын Абайдың *жан* сөзін мынадай бірнеше мағынада қолданып тұрғанын мәтін контексінен байқауға болады: *жанға* (лицу), *жанмын* (я человек), *жаны* (душа), *ашиды жаның* (сочувствуешь).

**6-тапсырма.** *Көпмағыналы сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңыз.*

1. Есіктің тұтқасы, өмірдің тұтқасы.
2. Есікті ашу, істің мәнін ашу.
3. Есіктің кілті, жүректің кілті.

**7-тапсырма.** *Қазақ тіліне аударып, көпмағыналы сөздерден сөйлем құраңыз.*

1. Острый нож, острый салат, острый язык.
2. Холодное оружие, холодное блюдо, холодный пот.

## Тарихи-археологиялық ескерткіштер

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде, Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор.

Қола дәуір ескерткіштеріне жартастағы петроглифтерді атауға болады. Оларға әйгілі бірегей ғибадатханалар: Аңырақай тауының Таңбалы сайындағы, Көксу өзеніндегі Ешкіөлмес ғибадатханасы, сондай-ақ, Шолақ, Кіндіктас, Баянжүрек тауларындағы тастағы суреттер жатады.

## Сөздік

тарихи-археологиялық ескерткіштер – историко-археологические памятники  
 туристік-экскурсиялық сапарлар – туристские-экскурсионные путешествия  
 кез келген нысандар – любые объекты  
 қола дәуір ескерткіштері – памятники бронзового века  
 қорған – крепость, курган  
 қызығушылық – заинтересованность  
 маңызы зор – имеет большое значение  
 көне – древний  
 мазар – могила  
 ғибадатхана – храм, святилище

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстандағы қандай археологиялық-тарихи ескерткіштерді білесіз?
2. Қола дәуір ескерткіштеріне не жатады?
3. Бірегей ғибадатханаларды атаңыз.

Туристердің археологиялық -тарихи ескерткіштерге қызығушылығы неге зор?

Сіз қалай ойлайсыз?

Шетелдіктер Қазақстанның археологиялық - тарихи ескерткіштерін көруге келе ме? Неге?

### 2- тапсырма. Бос орынға антонимдерді тауып, жазыңыз.

1. Арқанның ұзыны жақсы,  
Әңгіменің жақсы  
Дұшпанға тастай қатты бол  
балдай тәтті бол.

Жолдасы жақсы жолды болар

Жолдасы . . . қолды болар.

Ақыл – дос, ашу

Алыстағыны ақын болжар,  
пақыр болжар.

#### Ойлан...

Хадис шарифте: «Дүниеде мәңгі қалатындай емес, жолаушы сияқты өмір сүру керек» делінген. Адам дүниеде мәңгі қалмайды. Дүниелік қызықтарға берілген сайын дерт, қайғы, қиындықтар арта түседі. Төменгі хадистерді ұмытпау керек:

«Ғибадаттары аз болған құл жақсы мінезімен қияметте жоғары дәрежелерге жетеді».

«Ғибадаттардың ең оңайы және ең пайдалысы – аз сөйлеу және жақсы мінезді болу».

### 3-тапсырма. Өз сөзіңізбен айтыңыз.

Түркістан — қазақ хандығының алғашқы астанасы. Онда Қожа Ахмет Иасауи кесенесі салынған, кесене іші мен айналасына қазақ мемлекетінің негізін қалаған Тәуке, Тәуекел, Жәңгір,

Есім, Абылай, Қазыбек би жерленген. Қазақстанда Отырар, Сарайшық, Сайрам, т.б. ортағасырлық көне қалалар туристер үшін тартымды нысандар.

#### 4-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Сақ	ескерткіш
Талхиз	қала
Археологиялық	қалашығы
Көне	қорғандары
Қола	ғибадатханасы
Ешкіөлмес	дәуір
Баянжүрек	суреттер
Тастағы	тауы

### Грамматикалық тақырып Диалект және кәсіби сөздер

(Слова диалекты и профессиональные слова)

Тілде сөздерді қолданылу ерекшеліктеріне қарай: жиі қолданылатын сөздер (актив лексика), сирек қолданылатын сөздер (пассив лексика) деп бөледі. Алғашқы топқа жалпыхалықтық лексикадағы, барлығымызға түсінікті сөздер кірсе (мектеп, қала, көше, кітап, қол), сирек қолданылатын сөздерге *диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер* кіреді.

Белгілі бір жердегі (аймақ, облыс, аудан) тұрғындардың сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздерді *диалект сөздер* дейміз. Диалект сөздердің басым көпшілігінің әдеби тілде баламалары болады. **Мысалы**, *шалбар – сым* (оңтүстікте), *денелі – жоаян* (шығыста), *орындық – тақ* (солтүстік облыстарда). Диалект сөздердің фонетикалық, лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері болады.

*Бәдірен-әгуриш* – қияр (огурец);

*Бақыр – шелек* (ведро);

*Шыны, пиала* – кесе (чаша для чая);

*Шақпақ, күкірт, шырпы* – сіріңке (спичка) т.б.

Белгілі бір кәсіп, шаруашылық саласы адамдарына ғана түсінікті, солардың өз ортасында ғана қолданылатын сөздер *кәсіби сөздер* деп аталады.

Балық аулау кәсібіне байланысты сөздер (слова связанные с рыболовным ремеслом): *табан* (лещь), *шортан* (щука), *бекіре* (осетр) т.б.

Ауыл шаруашылығына байланысты сөздер (слова связанные с сельским хозяйством): *шабу* (косить), *шалғы* (коса), *орақ* (серп), *мал жаяу* (пасты скот), *қой қырқу* (стрижка овец) т.б.

### **6-тапсырма.** *Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.*

Бес келі бәдірен сатып алдым. Бақырларға су толтыр. Екі шыны шай беріңізші. Екі қорап шырпыны алып кел. Сымның өлшемі қандай? Бақырға су құйып әкелші. Бәдірен жуылған ба? Ол сондай жоян адам болатын. Шыныға сүт құйыңызшы. Ондай сым менде де бар. Тұздалған бәдірен жегім келеді. Мұндай тақтың бағасы қымбат, алайда сапасы жоғары.

### **7- тапсырма.** *Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.*

Шипажай сәуір айынан бастап көрсетеді Сіздерді 150 жылдық даңқы бар «Қапал Арасан» шипажайында демалуға және сауығуға «Қапал Арасан» шипажайы Жетісу жүрегі Талдықорған қаласынан 110 шақырым жерде Жонғар Алатауының солтүстігінде, .....ұлы ақыны Ілияс Жансүгіровтың «Жетісу суреттері»..... сұлулығы паш етілген таңғажайып..... Жөңке жазығында орналасқан.


**Қолданылатын сөздер:** шақырамыз, көрсетеді, қазақтың, жырында, көрікті.

### **8-тапсырма.** *Мәтінді диалект сөздерді пайдаланып, қазақ тіліне аударыңыз.*

Он был крепкого телосложения, смелым. Брюки смотрелись на ней хорошо, особенно яркий цвет брюк подходил ей. Обычно огурцы солят к осени, выбирают небольшие и сочные. Огурцы солим в специальных ведрах со всякими специями и храним в ведрах. Спички надо прятать от детей. После двух чашек чая поднялось настроение и я захотел прогуляться на свежем воздухе.

**Тәуеп ету (діни) туризм нысандары**

Тәуеп ету (діни) туризм нысандары республика аумағында көптеп кездеседі. Оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Абаб-Араб мешіті, Гауһар-ана зираты, Әли-Қожа бейіті, т.б. жатады. Адамдар бұл қасиетті жерлерге тәуеп етіп, Аллаға сиыну үшін келеді. Одан басқа Қоғам ауылы маңында (Отырар ауд.) Арыстан баб кесенесі, Ибраһим-ата бейіті, Қарашаш ана кесенесі, Тұраба ауылында — Ысмайыл-ата мазары орналасқан. Жамбыл облысында — Айша бибі кесенесі мен Қарахан кесенесі, Қызылорда облысында — Артық, Айтман кесенелері, Балқаш қаласы маңында — Тектау ата, Әуез бақсы, т.б. киелі орындар бар.

**Қожа Ахмет Ясауи кесенесі (XIV ғасыр)**

Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи ғимараты – орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Ол XII ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты әйгілі көне түркі ақыны, суфизмді уа-

ғыздаушы Ахмет Яссауидің (Яссы-дан шыққан деген мағынада) бейітінің басына орнатылған. ЮНЕСКО құрамына кірген. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі талай ғасырдан бері мұсылманшылықтың алтын бесігі болып келеді. Оны бүкіл қазақ жұрты, түркі әлемі ерекше қасиет тұтады. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі – түркі әлемінің рухани орталығы.



### Сөздік

тәуеп ету (діни) нысандары – религиозные объекты  
 түркі әлеміндегі қасиетті – священный в тюркском мире  
 сиыну үшін – для поклонения  
 киелі орындар – священные места  
 сәулет өнері – архитектурное искусство  
 көрнекті ескерткіш – видный, красивый памятник  
 аты әйгілі – известный  
 суфизмді уағыздаушы – проповедник суфизма  
 шыққан – вышедший, родом  
 бейітінің басына – на кладбище  
 орнатылған – воздвигнутый  
 мұсылманшылық – мусульманство  
 қазақ жұрты, түркі әлемі – казахский народ, тюркский мир  
 қасиет тұтады – считают священным

**1-тапсырма.** *Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Тәуеп ету (діни) туризм нысандарын атаңыз.
2. Адамдар бұл қасиетті жерлерге не үшін келеді?
3. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі туралы әңгімелеп айтыңыз.

**2-тапсырма.** *Жұптастырыңыз.*

Діни туризм	ету
Тәуеп	кесенесі
Қожа Ахмет Иассауи	нысандары
Қасиетті	қаласы
Түркістан	уағыздаушы
Софизмді	жерлер
Қасиет	алтын бесігі
Мұсылманшылықты	тұтады



**3-тапсырма.** *Синонимдік қатарды жазыңыз.*

Әңгімелеу,...

Аяқтау, ...

Ауыру,...

Әрең ...

Басқару,...

Көмек,..

Оқымысты,...

Тынығу...

**Қолданылатын сөздер:** жәрдем, демалу, науқастану, сырқаттану, айту, баяндау, бітіру, тәмамдау, ғалым, эсер.



### **Тайқазан**

Түркістандағы қасиетті қазан. Оны Қарнақ қаласында 1399 ж. Тебриздік шебер Абд ул-Әзиз ибн Шараф әдДин жеті металл қоспасынан құйып жасаған. Оған алпыс шелек су сияды, салмағы 2 т. Қазан суы қасиетті су деп танылған.

#### *Мақалдарды жұптастырыңыз.*

Теңге тиыннан өсер

Ақша кетуге тырысады

Түгендемегенге

Ақша

бәрі түгел

есеп ұстауға тырысады

есепті жақсы көреді

жылқы құлыннан өсер

**4-тапсырма.** *Зиярат турына жарнама жасап үйреніңіз.*

1) Арыстан-бабта міндетті түрде түнеу. Жергілікті қонақ үй құны тәулігіне 1000/1500 т. «Құрбандық шалу», қойға алдын ала

тапсырыс беру керек. Қойдың орташа бағасы: 10000-15 000 теңге. Жергілікті әйелдерге 1000-1500 теңге төлесе, олар сізге бауырсақ пісіріп, ет асып береді, кішігірім «Кұдай» өткізеді, молданы шақырып «Кұран» оқиды.

2)Түркістанның әулие-әнбие орындарына (саяхат жасау) туралы жарнаманы жалғастырып айтыңыз.

Осы тур Түркістан жұмбақ қаласының барлық тарихи және әулие-әнбие орындарын көру мүмкіндігін береді.....

Қожа Ахмет Яссауидің  
айтқандары

*...Аи жалаған жүргенге  
қапағат берген Мұхаммед,  
Ұлматына рақым ғыи,  
шапағат берген Мұхаммед,  
Түні бойы көз ізмей таң  
атырған Мұхаммед,  
Ғаріп пенен жетімге  
әсанашыр болған  
Мұхаммед...*

*Жеті жаста Арыстанбаба  
қылдым салам,  
Мұстафаның аманатын бер деп  
маған,  
Сол мезетте мың бір зікір еттім  
тамам,  
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым,  
ліне.*

### Грамматикалық тақырып

#### Жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер

(Общеупотребляемые слова и термины)

Бір тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті ортақ сөздерді жалпылама қолданылатын сөздер дейміз. Жалпылама лексика адам баласының күнделікті тіршілігіне қажетті заттар мен құбылыстарды, әрекеттерді және т.б. ұғымдарды атайды. **Мысалы, су, ауа, тамақ, үй, нан** т.б.

Жалпылама қолданылатын сөздер тура мағынасында жұмсалады.

Терминдер – ғылым, техника, өндіріс т.б. салаларындағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары. Терминдер тек тура мағынада қолданылатындығымен ерекшеленеді, мағына үнемі тұрақты болады. Терминдерді арнаулы сөздер деп те атайды. Бұларда стильдік бояу болмайды.

*Термин сөздердің жасалу жолдары:*

1. Қазіргі қазақ тіліндегі терминдер орыс, араб, еуропа тілдерінде қалыптасқан үлгісінде жұмсалады: мәтін, квадрат, синоним, эпос, поэзия т.б.

2. Қазақ тілінен балама табу арқылы: хаттама (протокол), нарық (рынок), ғарыш (космос) т.б.

3. Сөздерді біріктіру арқылы жаңа термин жасалады: төлқұжат (паспорт), әнұран (гимн) т.б.

**5-тапсырма.** *Мәтінді әңгімелеп беріңіз.*

Жетісудағы «Ақ бұлақ» шипажайы-Алматы қаласынан 15 км жерде Талғар ауданының Алатау бөктеріндегі Шымбұлақ шатқалында орналасқан. Ол бүгінгі заман талабына сай, күрделі жөндеуден өткен шипажай, кезінде ғарышкерлердің ұшып келгеннен кейін денсаулығын сауықтыру орны болған. Табиғаты әсем, оттегіне бай, 250 метр тереңдіктен шығатын минералды суы, сылдырлап қысы-жазы ағатын өзені, қайың, шырша, емен ағаштары бар. Жүзу бассейні мен спорттың түр-түрімен шұғылдану алаңдары толық жабдықталған. Шипажайда демалып, дене сауықтыруға барлық жағдай жасалған.

Жаңадан салған 3 қабатты емдеу орталығы бүгінгі заманның талабына сай диагностика, емдеу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Емдеу орталығында жүрек, қантамыр, асқазан, ішек, бүйрек, бауыр, өкпе, жүйке, буын, сүйек-омыртқа, жыныстық аурулар, аллергия мен тері ауруларын тиімді емдеу тәсілдері қолданылады.

Емдеу тәсілдері адамның жасына қарай, әр адамға жеке бағдарламамен қолданылады.

**6-тапсырма.** *Мына сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.*

Күрделі жөндеуден өткен, Жер жаннаты, денсаулығын сауықтыру орны, жағдай жасалған, бүгінгі заман талабына сай, қысы-жазы ағатын өзен, емдеу тәсілдері, емдеу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген, ғарышкерлердің ұшып келгеннен кейін денсаулығын сауықтыру орны.

**7-тапсырма.** *Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

Я получил заграничный паспорт. Секретарь напечатала протокол. Текст легко запоминается. Мы с гордостью поем гимн Казахстана. Мы вчера получили визу. Экскурсовод интересно рассказала нам об этом эпосе. Мы подбирали синонимы к новым словам. Администратор показала нам все комнаты.

**8- тапсырма.** *Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.*

Бұл жердің ауасы тамаша екен! Ыстық нанның иісі мұрын жарады. Мына зәулім үйлердің сұлуын қарашы! Асханада тамақ дайын болды. Бұлақтың суын алуға адамдар жиі келеді. Мәтіннің көлемі шағын, оқуға қызықты. Әдемі сөзінің синонимін тап. Хаттама нөмірі қандай? Төлсіжаттың нөмірі қандай?



## Туристік базалар

Республиканың әсем де әдемі жерлерінде бірнеше туристік базалар орналасқан. Оларға Іле Алатауындағы “Шымбұлақ” шаңғы базасы, Павлодар облысындағы Жасыбай көлі жағасындағы “Баянауыл”, Қарағанды облысындағы таулы-орманды “Қарқаралы”, Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма бөгені жағасындағы “Алтай мүйісі”, Орал қаласы Жайық өзені маңындағы “Орал”, Қостанай облысындағы орманды-тоғайлы Наурызым алқабы, Оңтүстік Қазақстан облысы Бадам жазығындағы “Оңтүстік”, Көкшетау таулы аймағындағы “Золотой бор” базалары жатады. Қазақстанда белгілі туристік маңызы бар зоологиялық, ботаникалық қорықтар да жеткілікті. Оларға Алматы қорығы (кешенді), Іле атырауы (зоологиялық), Тарбағатай (зоологиялық), Жалтыркөл (зоологиялық), Ұлытау (зоологиялық), Бетпақдала (зоологиялық), Қарақия-Қаракөл (зоологиялық), Зеренді (зоологиялық) қорықшалары, Шарын каньоны (ландшафты — палеонтологиялық) және Шарын өзеніндегі “Шетен тоғайы” (ботаникалық), Күміс қылқанды орман (ботаникалық), Жаманшық тауы (геоморфологиялық), Айғайқұм, Әншіқұм (геоморфологиялық), Жаңғақ тоғайы (ботаникалық), Бүркіттау шоқысы және тағы басқалары жатады.

### Сөздік

шаңғы базасы – лыжнял база  
 Жасыбай көлі жағасындағы – на берегу озера Жасыбай  
 таулы-орманды – горный лес  
 Бұқтырма бөгені – водоем Буктырма  
 орманды-тоғайлы – леса и рощи  
 Наурызым алқабы – равнина Наурызым  
 жеткілікті – достаточно  
 қылқанды орман – хвойные леса  
 Бүркіттау шоқысы – Вершина Буркыттау  
 қорық – заповедник

### 1-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Жасыбай	алқабы
Бүркіттің	тауы
Наурызым	көлі
Жаманшық	шоқысы
«Шымбұлақ»	базалар
Туристік	шаңғы базасы

### 2-тапсырма. Мына сөз тіркестерін аударыңыз.

Двухместный номер. Оснащение: 2 койки, 2 тумбочки, плательный шкаф, стол обеденный, стулья, телевизор, холодильник, ванна, санузел, посуда, предметы первой необходимости. Полу люкс. Оснащение: 2-х спальная кровать, журнальный столик, 2 кресла, Дети до 3-х лет, Дети от 6-ти до 12-ти лет, Дети от 3-х до 6-ти лет, Стоимость в тенге за номер, Стоимость в тенге на 1 чел.

### 3- тапсырма. Мәтінді өз сөзіңізбен баяндаңыз.

#### Қарқаралы таулы-орман оазисінің табиғат кереметтері

Қарқаралы қаласының атауы қазақ әйелдерінің дәстүрлі бас киімі Қарқарамен байланысты. Қарқаралы тауларының алыстан қарағандағы пішіні Қарқара бас киіміне ұқсап кетеді екен. Қарқаралы ауданы Қарағанды облысының ең шұрайлы және шалғайдағы аудандарының



бірі, ол аудан болып 1930 жылы қайта құрылған. Басты байлығы – әсем де кербез, сәні мен салтанаты жарасқан, Арқаның ең көрікті жерлерінің бірегейі Қарқаралы тау- орман массиві, мұнда Қарағанды облысының орман алқаптарының 90% орналасқан. Өңірдің туризм саласының дамытуына зор мүмкіндіктері бар. Са-

рыарқаның інжу- маржаны, Қазақстанның Швейцариясы аталатын қасиетті Қарқаралы исі қазақтың сан тараулы шежіресімен тамырласып жатқан өлке. Қарқаралы ертеден қазақ ұлтының саяси- мәдени және экономикалық орталықтарының бірі болып келеді.

Қарқаралы өңірінің қасиетті топырағында қалың ел бірлігінің туын көтерген қоғам қайраткерлері, жез таңдай шешендер, от ауызды- орақ тілді ақындар, ақсұға үн қосқан күміс көмей әншілер, жұршылықты ғажап өнерімен тәнті еткен табиғи талант иелері туып шықты. Х ғасырдың басында Қазақстанда жаңа үкімет орнату жолында аянбай күрес жүргізген Н.Нұрмақов, Ақбайдың Жақыбы, Әлімхан Ермеков, Мәдіғали Тәтімов, әншілік үздік өнерімен аты шыққан, халық әндерін Париж сахнасында шырқаған Әміре Қашаубаев, жезтаңдай әнші Жүсіпбек Елебеков, дауылпаз ақын Қасым Аманжолов, халық жазушысы Әлжаппар Әбішев, ғарышқа жол салған, қазақты дүние жүзіне паш еткен жерлесіміз, ұлтымыздың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров және т.б. осы Қарқаралы топырағының тумалары. «Миттал Стил Темиртау» корпорациясына қарасты «Шахтер» демалыс үйі 180 адам, «Тасбұлақ» тау отелі 450 адам қабылдай алады. Бұл демалыс үйлері келіп демалушыларға жоғары қызмет сапасын көрсетіп қоймай, басқа да қызықты қызмет түрлерін көрсетеді. Туристерге: күзетулі автотұрақ, теннис корты, футбол, волейбол алаңдары, жағажай, қайықтар мен катамарандар, квадроциклдер, үстел теннисі, бассейн, биллиард, балалар алаңы пайдалануға берілген. «Шахтер» демалыс үйінде қысқы мезгілде аспалы жолмен шаңғы тебуге жақсы жағдай жасалған.

**4-тапсырма. Топ болып талқылаңыз.**


**Отаның үшін отқа түс – күймейсің.**

**Айғаймен ала алмайсың, ақылмен, айламен басқар.**

**Әр адамның мінезі – астындағы тұлпары.**


**Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық.**

*/Бауыржан Момышұлы/*




**5-тапсырма. Наурыз мейрамына қатысты айтылатын тілектерді айтып үйреніңіз.**


Дастарқан аққа толсын, шаңырағыңызға ырыс, басыңызға бақ қонсын.




Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!




Қазақтың Ұлы мейрамында мемлекетімізде бейбітшілік, ауыз-бірлік, молшылық, баршылық болсын!




Әрбір атқан таңымыз Алланың нұрына бөленсін!



Наурыз – еліміздің төл мерекесі. Наурыз – малдарымыз төлдеп, ел қуаныш пен бақытқа кенелетін ай. Елімізде тыныштық болсын!




Көктем мерекесі – Наурыз – ел мерейін тасытсын, бақ-береке, құт әкелсін, ынтымақты елімізге ырыздық әкелсін!





Ұлыстың ұлы күні – Наурыз – елімізге өзінің тыныштығын, береке-бірлігін, қуанышын сыйласын деп тілеймін.



Шығыс халықтарына ортақ үлкен мейрам Наурыз – бірліктің, татулықтың, ізгіліктің, бақыттың мерекесі саналады. Олай болса құрметті қауым, барлықтарыңызға татулық, береке-бірлік тілеймін. Ұлыстың ұлы күні елімізге, жерімізге құт-береке ала келсін. Ұлыс оң болып, әрбір күніміз Наурыз күніндей шуақты болсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

### **6-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.**

В развитии туризма особое значение занимает сам город Каркаралинск, как исторический и культурный центр района, которому в 2014 году исполнится 190 лет. Одним из главных достопримечательностей Каркаралинска являются исторические места и памятники: дом Абая, мечеть Кунанбай Кажы, памятник акыну Мади Бапиулы и место его захоронения, историко-краеведческий музей с выставленными около 4900 экспонатами. Район приобретает все большую популярность и привлекательность среди любителей отдыха. Среди них много детей и юнош. Разнообразие ландшафтов и богатство природных ресурсов в Каркаралинске определяют его пригодность к проведению соревнований по многим видам спорта в том числе и отнесенных к олимпийским видам. Необходима организация соревнований по спортивному ориентированию с участием спортсменов СНГ и дальнего зарубежья.

Сөйлемдердің сәйкесін табыңыз.	
Жұмысқа асыға басып келдім	өзіңізге сенім артады.
Сізді ұжым мүшелері құрметтейді	Себебі ең төменгі жалақы 2,5 есеге дейін көтерілді.
Газеттегі жарнамамен танысыңыз	Қызмет тауып қаларсыз.
Соңғы жылдары экономиканың өсуі байқалады	Себебі 9.00-де бөлім бастығы бәрімізді жинайды.

## Грамматикалық тақырып

### Кірме сөздер

(Заимствованные слова)

Басқа тілден енген сөздерді *кірме сөздер* дейміз. Өз тарихында қазақ халқы көптеген елдермен қарым-қатынас жасап, аралас-құралас болғаны мәлім. Соның нәтижесінде араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөздер енген. Керісінше, қазақ тілінен де көптеген сөздер енді. **Мысалы**, араб және парсы тілінен енген *адам, әлем, ғылым, қоғам, мектеп, тарих, әдебиет, мәдениет, емтихан* т.б.сөздер бар.

Моңғол тілінен ел билеуге байланысты *ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық* сөздері енген.

Ал орыс тілінен қазақ тілінен *жәшік, тәрелке, керуерт, бөтелке, бәтеңке, кәмпит, сөмке* т.б.

**Латын тілінен:** *лекция, республика, министр, операция.*

**Неміс тілінен:** *орден, штурм, рота, кран.*

**Француз тілінен:** *жюри, батальон, дуэль, гарнизон.*

**Ағылшын тілінен:** *бокс, вагон, вокзал, митинг.*

Соңғы жылдары кірме сөздердің біразы қазақшаға аударылды:

*Самолет – ұшақ, вертолет – тікұшақ, коллектив – ұжым* т.б.

**7-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.


В нашем коллективе работают квалифицированные специалисты. На вокзале будут встречать отдыхающих сотрудники агентства. В жюри конкурса сидели заслуженные деятели искусства. Посадка совершалась по авиабилетам пассажиров. Вертолет в горах не мог приземлиться. Министр Республики встретился с отдыхающими. В вагонах поезда пассажиры заняли свои места. В дорогу мы взяли продукты, воду.

**8-тапсырма.** Туристтік фирманың менеджері мен демалушының арасындағы сұхбатты жалғастырыңыз.

- Сәлеметсіз бе!

- Сәлеметсіз бе! Сізді туристік фирманың менеджері тыңдап тұр.

- Мен он күнге үш адамға демалу үшін демалыс орынын таңдайын деп едім.



### Қазақстандағы мемориалдар мен ескерткіштер

Қазақ халқының азаттық күресі жолындағы батырларға, қолбасшыларға деген құрмет белгісі мемориалдар мен ескерткіштерде көрсетілді. Бұларға Райымбек пен Қарасай батыр ескерткіштері (Алматы облысы) Қордайдағы (Жамбыл облысы) Өтеген батыр, Ақтөбедегі Есет батыр, Солтүстік Қазақстандағы Ағынтай мен Қарасай ескерткіштері, Астанадағы Қаракерей Қабанбай ескерткіштері т.б. жатады. Ордабасы мен Аңырақай сағасының жазығы, Ұлытаудағы үш жүздің басын қосқан жер, тарихи орындар ретінде Жошы және Алаша хан кесенелері, Алматыдағы тәуелсіздік монументі, Астанадағы үш би ескерткіштері қастерлі орындар санатында туристік нысандарға қосылады. Қазақ тарихындағы құнды мәдени ескерткіштер қатарына: Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Еңлік-Кебек кесенелері, Ш. Уәлиханов, Қ. Мұңайтпасұлы мемори-

алдары, Сұлтан Бейбарыс, Құрманғазы және Д.Нұрпейісова, Абай, Абылайхан, Әлия мен Мәншүк, А.Иманов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, М.Әуезов, т.б. көптеген естелік орындар жатады.



### Сөздік

азаттық күресі – борьба за свободу  
 қолбасшы – полководец  
 құрмет белгісі – знак уважения, почитания  
 көрсетілді – оказывать (уважение)  
 Аңырақай сағасының жазығы – равнина устья Анырқай  
 үш жүздің басын қосқан – объединивший три джуза  
 құнды – ценный  
 ескерткіштер қатарына – в число памятников  
 тарихи орындар – исторические места

### 1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ халқының азаттық күресі жолындағы батырларға, қолбасшыларға құрмет белгісі қалай көрсетілді?
2. Қазақстан қалаларында қандай ескерткіштер бар?

### 2-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Мәдени	орындар
Азаттық	ескерткіштер
Тарихи	белгісі
Құрмет	күрес
Тәуелсіздік	Қабанбай
Қаракерей	монументі

**3-тапсырма.** Төменде аталған жерлерге саяхаттау, демалуға жарнама жасап үйреніңіз:

Рұқсатнамалар; Қазақстанның үздік шипажайлары; Қытай: демалыс, емделу, Хайнань аралы; Азия, Еуропа, Аралдар; Баянауыл, Бурабай, ШҚО, Алакөл, Ыстық көл көлдері; бірлескен және жеке демалыс; барлық бағыттар бойынша әуебилеттер.

Қытайға шоп-турлар; Хайнань аралында демалыс; бүкіл Қазақстан бойынша демалыс, емделу; Қытайда емделу; Алтайда белсенді демалу (ат үстіндегі турлар, трекинг, рафтинг, балық аулау

#### **4-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.**

Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Қаракерей Қабанбай, Әлия мен Мәншүк, Алматыдағы тәуелсіздік монументі, Д.Нұрпейісова, Солтүстік Қазақстандағы Ағынтай мен Қарасай ескерткіштері.

Жалпы мемориалдар мен ескерткіштер не үшін қойылады?

Сіз қалай ойлайсыз?

Шетел туристері Қазақстанның ескерткіштерін тамашалайды ма? Here?

#### **5-тапсырма. Берілген мәтіннің негізінде сұхбат құрастырыңыз.**

### **САЛТ- ДӘСТҮРДІ САҚТАУ ХАҚЫНДА**

- Ата-баба дәстүрін, ғұрыпты аттамайды. Ата жолына кім болса да бас июге тиіс. Бұл ел-жұртыңды сыйлағаның.

- Жасы кіші болса да әкесі үлкен болса – оның жолы «үлкен» болып саналады. Яғни салт-дәстүрде жол, кезек соған беріледі. Мұны есте сақтаған жөн.

- Табақта басқа елдің (рудың, тайпаның, жүздің) азаматы отырса бас соған тартылады.

- Қыз келіндерден жоғары отырады. Қыз ағаларынан да жоғары отыруға хақы бар. Өйткені қыздың жолы жіңішке» дейді халық.

- Сәбиді бесікке салғанда жол құдағидікі немесе сол елдің әжесіне, жақсы анасына беріледі. Бесікті отпен аластайды.

- Бата беру, ас қайыру қонаққа немесе ақсақалға, жолы үлкенге беріледі.

- Алыстан қонақ келсе – үйдің көршісі және ауыл ақсақалы шақырылады. Сыйластық белгісі осыдан көрінеді.

- Алыстан келген қонаққа ауылдың үлкен-кішісі сәлем беруге тиіс. («Алыстан алты жасар бала келсе алпыстағы шал сәлем береді»).

- Үйге келген кісіге «кімсің?» демейді, оны төрге шақырып, қонағасы береді.

-Туған-туысқанына, еліне келгендер ауылдың үлкеніне түседі немесе оларға алдымен сәлем береді. Қазақтың әдеп жолы осылай.

- Көшіп келе жатқандарға «көш оң болсын» деп, ат шалдыртып, дәм-түз ұсынады. (*«Жеті қазына» Сейіт Кенжесахметұлы*)

### Грамматикалық тақырып Фразеологизмдер

Фразеологизмдер – тұрақты тіркескен, құрамындағы сөздердің орындарын ауыстыруға болмайтын, лексикалық толық мағына беретін сөз тіркестерінің бір түрі. Фразеологизмдер сөздің көркемдік мәнерін арттырады. Сондықтан көркем әдебиеттерде кеңінен қолданылады. **Мысалы**, ұзын құлақ – хабар (молва, весть, слухи), құлақ салу – тыңдау (слушать), құлағым сізде – тыңдап тұрмын (слушаю Вас), он саусағынан өнер тамған – шебер (мастер на все руки), қой аузынан шөп алмас – момын немесе жуас (тихий, мухи не обидет), қас пен көздің арасында – жылдам, лезде, тез (мгновенно, быстро) т.б.

**6-тапсырма.** Берілген сөз тіркестеріне сөйлем құраңыз.

Тапсырыс беру, мейманханадан тамақтану, қонақүй әкімшілігі, телефон соғу, іссапарға бару, тапсырысты нақтылау, жолға шығу, үйге оралу, тіркеуге кешікпеу.

**7-тапсырма.** Фразеологизмдерді пайдаланып, орыс тіліне аударыңыз.


Я внимательно вас слушаю. Это произошло в мгновение ока. Он мастер на все руки. Он очень тихий и мухи не обидет. Заказ принесли быстро. Комнату выдали быстро. Официантка быстро принесла заказ и газеты. Девушка очень красива.

**8-тапсырма.** Тұрақты тіркестермен сөйлем құраңыз.

Аузынан тастамау – үнемі айтып жүру; Ауызға іліну – белгілі болу; Үріп ауызға салғандай – өте әдемі; Мінезі ауыр – тым салмақты.	<hr/> <hr/> <hr/>
---	-------------------

**9-тапсырма.** Фразеологизмдердің орыс тіліндегі аудармасын табыңыз.

Оның мына сөзі төбемнен жай түскендей етті. Жаңағы өсіп тұрған көңілім су сепкендей басылды. Жүрегім алып ұшып ас батпады. Атайдың мына сөзі менің шымбайыма батты. Жоғарғы адырлар жаққа көз тігеміз. Енді көпке дейін көзім ілінбей қойды. Кер бие қазір де арықтағы суға бас қойды. Бауыржан жан-жағына көз салды. Аралдың көңілі өсіп келеді. Терезеден сыртқа көз тастайды. Алдымен үлкені тіл қатты. Алданның сөзіне ешқайсысы құлақ асқан жоқ. Бауыржан көрші аулаға бет түзеді. Әлтайды қорқытамыз деп, өзіміздің үрейіміз ұшты. Серікбектің бетінен от шықты. Талғат жерге кірермен болды.  
(Ә.Қалдыбаев)



### Қапшағай

Қапшағай өңірі Алматы облысының оңтүстік-орталық бөлігінде, Қапшағай су қоймасының жағасында, Алматыдан 70 км. жерде орналасқан. Қапшағайда тұщы судың ірі қоймасының болуы себебінен ерекше микроклимат түзіледі, бұл осы өңірдің флорасы мен фаунасының дамуына жағымды әсерін тигізеді.

Қапшағай қаласының туристік әлеуеті Қапшағай су қоймасының ресурстарына негізделеді. Іле өзенінің оң жақ жағалауындағы жартастарға салынған суреттер және «Көшпенділер фильмінің» декорациялары туристердің қызығушылығын арттыруда.

Қапшағай су қоймасы Іле өзенінің орта ағысында орналасқан жасанды су қоймасы болып табылады, оның ұзындығы 100 км, ені 25 км.

Табиғи-климаттық жағдайларына байланысты, бұл жер Алматы қаласы және облысының тұрғындары үшін жағажай демалысына таптырмайтын орын болды. Жазда бұл жердің ауа температурасы +40°C. Мамыр-маусым айларында су температурасы +18+20°C жетсе, шілде-тамыз айларында +22+28°C дейін жетеді.





## Сөздік

өңір – регион  
оңтүстік-орталық бөлігі – южно-центральная часть  
су қоймасы – водохранилище  
жаға, жағалау – побережье, берег  
ірі – крупный, большой  
ерекше микроклимат түзіледі – создается особенный микроклимат  
дамуына жағымды әсерін тигізеді – воздействует на благоприятное развитие  
туристік әлеуеті – туристский потенциал  
негізделеді – основывается  
жартас – скала, утес  
қызығушылығын арттыруда – возрастает интерес  
орта ағысында – в среднем течении  
орналасқан – расположен  
жасанды су қоймасы – искусственное водохранилище  
тұрғын – житель  
жағажай демалысы – береговой отдых

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қапшағай өңірі қайда орналасқан?
2. Туристердің қызығушылығын не арттыруда?
3. Жасанды су қоймасының жағалауында қанша демалыс базалары бар?

Қапшағай су қоймасы жағажай демалысы келушілерді несімен қызықтырады?

Сіз қалай ойлайсыз?

Қапшағай өңірінің табиғаты қандай? Демалуға қолайлы ма?

**2-тапсырма.** Мәтіннен түсінгеніңізді баяндаңыз.

На Капчагае открылась новая зона отдыха Holiday! Удобно расположенная на северном побережье водохранилища, в секторе алматинских баз отдыха. На зоне отдыха Holiday Вас ждут: – 2-х, 3-х и 4-х местные номера в новых, полностью оборудованных, комфортабельных двухуровневых коттеджах со всеми удобствами.

### **Дополнительные услуги отеля:**

- большой бассейн с чистой водой и шезлонгами, а также детский бассейн;
- кафе с домашней кухней на заказ;
- бар с холодными напитками;
- танцплощадка;
- проведение банкетов;
- организация шоу-программ.

На зоне отдыха есть кухня, в которой, по желанию, отдыхающие могут готовить пищу сами. Также, администрация предоставляет мангалы, шампуры, коктальницы и любую другую посуду для самостоятельного приготовления коктала, шашлыков и прочих блюд на открытом огне.

Для корпоративных выездов предоставляется музыкальное оборудование и танцплощадка, для любых праздников – можно заказать банкет по любому меню и шоу-программу с большим выбором артистов и номеров. Заказ банкетов принимается минимум за 3 дня, шоу программы – за 7 дней до дня проведения мероприятия.

**Зона отдыха Holiday** – идеальное место для семейного отдыха. Но также, на ней созданы все условия для коллективных выездов, проведения корпоративов и праздников. Проведите летний отдых с удовольствием – посетите новую зону отдыха Holiday!

**Удобства в номерах:** все удобства

### **3-тапсырма. Оқып, жаттап алыңыз.**

-Қуанышты болғандарға «құтты болсын» айтады, шашу шашады. Әр адам достық көңілін осылай білдіреді.

-Байғазы, көрімдік сұрағандарға құр қол тастамайды.

- «Айттық» сұрағандарға айттық беру міндет.

- Қуанышты хабар үшін сүйінші береді.

- Үйге кірген кісіге дәм ауыз тигізеді. Дәм қашанда достыққа, сыйластыққа шақырады.

- Келген жұмыстарын тұрып айтпайды, отырып асықпай айтады.

Айыпкерлер айыбын төлеп кешірім сұраса, қарсы жақ кешірім жасауға тиіс.

- Олжасын жолдасына ұсынады немесе бөліседі.

- Аты озып келгендер, жыққан палуандар, жеңген ақындар алған бәйгесін елдің ақсақалдарына, аруақ орнына, үлкен шаныраққа байлаған. («Жеті қазына» Сейіт Кенжеахметұлы)

**4-тапсырма.** *Шоқан (Мұхамедқанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов туралы әңгімелеңіз.*

*Шоқан (Мұхамедқанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865)*- қазақ халқының тұңғыш талантты ғалымы.

1835 жылы қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде, аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың отбасында дүниеге келген.

Жасында ауыл мектебінде мұсылманша хат таниды. 1847-1853 жылдары Омбыдағы кадет корпусында оқиды. Зерттеушілік қабілеті осы оқу орнында оқып жүргенде оянған. Сабақтан тыс уақыттарында көп оқып, саяхатшы болуды армандайды. 1853 жылы 18 жасында кадет корпусын бітіріп, Омбыда әскери қызметке қалдырылады, генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Әскери қызметте жүріп, Орта Азия халықтарының тарихы мен әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, жағрафиясын зерттеуге белсене араласады.



1855 жылы Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралайды.

1856 жылы қырғыз елін зерттеу экспедициясына қатысады. Қырғыздар мен ұлы жүз қазақтарының тарихы, этнографиясы туралы мәліметтер жинайды, ауыз әдебиеті нұсқаларын жазып алады. Қырғыз халқының «Манас» жырын бірінші рет баспаға ұсынып, жоғары баға береді.

1857 жылы 2 ақпанда Орыс жағрафиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланады.

1858-1859 жылдары өзінің әйгілі Қашқарияға саяхатын жасайды. Қашқария мәліметтері Шоқанның дүниежүзілік ғылымға қосқан зор үлесі болып табылады.

1859-1861 жылдары Петербургте шығармашылық қызметпен айналысады, Петербург университетінде дәрістер тыңдайды.

1861-1863 жылдары денсаулығы нашарлаған Шоқан елінде болады.

1863-1864 жылдары Сібір қазақтары үшін жасалып жатқан Сотреформасын (басқару) дайындау ісіне қатысады.

1865 жылдың сәуірінде Алтынемел тауының баурайында, Тезек төренің ауылында қайтыс болады.

Шоқан Уәлиханов әралуан ғылым саласын меңгерген энциклопедист ғалым еді. Оның жағрафия, әдебиет, этнография, тарих, экономика, құқық, дін, т.б. саласында құнды-құнды еңбектері бар.

### **5-тапсырма.** *Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз.*

Тамаша білім алып шыққан жас ғалым түрлі ғылыми белсене қатысты. Бұл жөнінде ол оқып жүрген жылдарында армандайтын. Қазақ даласын және онымен шекаралас жатқан елдердің аумағын, ондағы халықтардың мен жағдайын жақсы білетін Шоқанға де қатты қызығып, оның көмегіне мұқтаж болатын. 1855 жылы Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорттың Орталық Қазақстан, Тарбағатай мен Жетісу жеріне жасаған ..... Бұл сапарда қарапайым халықтың өмірімен танысып, қырғыздардың тарихи жазып алды. Ш. Уәлиханов 1856 жылы аса көрнекті ғалым, белгілі географ .....танысты. Ол жас қазақ ғалымның қабілетіне сүйсіне қайран қалды. 1857 жылы П.С. Семенов-Тян-Шанскийдің .....Ш. Уәлиханов Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданды. Шығыс Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған ..... Шоқанның ғалым ретіндегі даңқын арттырды. 1857 жылы Шоқан Алатау қырғыздарына сапар шегіп, оның тарихын, этнографиясын және ..... зерттеді. Қырғыз халқының ..... «Манасты» жазып алды.

1858-1859 жылдары Шоқан Қашғария сапарына барып қайтты.

**Керекті сөздер:** ұсынуымен, аңыз-әңгімелері мен жырларын, шын ниетімен, халықтық поэзиясын, экспедицияларға, тарихы, орыс зерттеушілері, сапарына қатысады, П.С. Семенов-Тян-Шанскиймен, сапары, энциклопедиялық дастаны, атақты, Омбыда.

**6-тапсырма.** *Қабілет пен талант туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.*

### **Қабілет пен талант**

Қабілеттілік – табиғаттың әрбір адамға сыйлайтын ғажап сыйы. Біреуге көбірек, біреуге азырақ бұйырады. Ал ұзақ уақыт бойы өз басында ешбір қабілеттілік жоқ деп жүрген үшінші біреу, кенеттен өз бойынан ерекше қасиеттерді байқайды. Мысалы, оның өнертапқыштық қабілеті, не сурет салуға бейімділігі, не ақындық дарыны бары белгілі болады.

Талант дегеніміз не? Ол – бір нәрсеге, мысалы, музыкаға, әдебиетке, сурет өнеріне деген зор қабілет.

Талантты болу — тек музыкант, ақын немесе суретшіге ғана тән емес. Кез келген мамандық иелерінің ішінде қабілеттілері мен таланттылары кездеседі.

Әрбір адамның өзіне тән қабілеті болады. Ол еңбек пен әрекет үстінде дамиды.

**7-тапсырма.** *Мақал-мәтелдерді жаттаңыз.*

*Ақыл- Алланың сыйы.*



*Арыңды жасыңнан сақта.*



*Күш-білімде, білім-кітапта.*



*Білекті бірді, білімді мыңды жсығады.*



*Ер жігітті сөзіне қарап емес, ісіне қарап бағала.*

**Грамматикалық тақырып**  
**Көнерген сөздер мен неологизмдер**  
(Устаревшие слова и неологизмы)

Қоғам дамуына орай тіліміздегі қолданыстан шыққан сөздер көнерген сөздер деп аталады. Көнерген сөздер мағынасына қарай екі түрге бөлінеді:

1. Тарихи сөздер – қолданылған дәуірі өтіп, ескі заманның өзімен бірге көнерген тарихи атаулар. Тарихи сөздерге ел басқарумен байланысты атаулар: *хат, патша, уәзір, би, аға сұлтан* т.б. қазір пайдаланылмайтын қару-жараққа қатысты сөздер: *садақ, жебе, найза* т.б.

2. Архаизмдер – халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп кеткен сөздер. **Мысалы**, *сәукеле, кебеже, күпі* т.б.

Кейбір көнерген сөздердің қайтадан жаңаратын кездері де болады. Мысалы, кеңес дәуірі кезінде қолданудан шығып қалған діни сөздер: *имам, мешіт, ораза, айт, құран* т.б.

Сөздік қорға жаңадан енген сөздер неологизмдер деп аталады. Жаңа сөздердің тууының екі түрлі себебі бар:

1) қоғамның дамуымен бірге енген жаңа ұғымдарға сай жаңа сөздер пайда болады;

2) тілдің қолданыс аясының кеңеюіне байланысты тілімізде бұрыннан қалыптасқан кірме сөздердің орнына жаңа аталымдар қолданылады. **Мысалы**, *космос, космонавт* деген сөздер алғаш пайда болған кезде жаңа сөздер болатын. Кейін бұл сөздер *ғарыш, ғарышкер* болып жаңа сөздер болып есептеліп жүр.



### **Ақсу-Жабағылы қорығы**

**Ақсу-Жабағылы** – Қазақстанның ең көне қорығы. Ол – Орталық Азиядағы сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың отаны. ЮНЕСКО-ның бақылауында. Бұл жерден тау қойы мен ешкілерін, маралдарды, еліктерді, сілеусіндер мен қар қабыландарын, қасқырлар мен түлкілерді, аюлар мен тағыландарды, ақкүмістерді таба аласыз. Осы жерлерден сарышұнақтарды да көруге болады.

Құстар әлемі өте бай. Аспанда мұртты грифтер, грифондар мен алтын қырандар қалықтайды. Тасты жартастардың арасынан тау кекіліктерінің ұяларын кездестіресіз. Тоқылдақтың ысқырған дауысы сыбызғының әнін еске салады.



### Сөздік

сирек кездесетін – редко встречающийся  
осы аймақтарға ғана тән – свойственный только этим регионам  
өсімдіктер мен жануарлардың отаны – родина растений и животных

бақылауында – под контролем

таба аласыз – можете найти

тау кекіліктерінің ұялары – гнезда каменных куропаток

тылсым қар әтештері – мистические снежные петухи

кездестіресіз – встретите

тоқылдақ – дятел

ысқырған дауысы – свист

сыбызғының әнін еске салады – напоминает звуки свирели

**1-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанның ең көне қорығы?
2. Ақсу-Жабағылы қорығында қандай жануарларды кездестіруге болады?
3. Қорық кімнің бақылауында?

**2-тапсырма.** Сөз тіркестерді жұптастырыңыз.

Сирек	бақылауында
Көне	тән
ЮНЕСКО-ның	жартас
Аймақтарға	кездесетін
Тасты	қорық

**3-тапсырма.** Өлеңді жаттаңыз  
Өлеңі мен әні Илия Жақановтікі

### Жайлаукөл кештері

Алаулап күн батса қырды асып,  
Кетуші ек, қалқатай, сырласып.  
Ұмытсам сол күнді, сол күнді кеш мені,  
Есте ғой, дариға, Жайлаукөл кештері.

Ай туып, жұлдыздар жанғанда,  
Қол созып көктегі арманға.



Жүрген кез жүректен, жүректен өшпеді,  
Жақсы еді, дариға, Жайлаукөл кештері.

Мүлгіген тыныштық айдала,  
Шу бойы ырғалып жай ғана.  
Гүлдерді тербетіп самалдың ескені,  
Аңсаттың, дариға, Жайлаукөл кештері.

**4-тапсырма.** Мына сөз тіркестерінің орыс тіліндегі баламасын жазыңыз.

Құстар әлемі өте бай, тек осы аймақтарға ғана тән, Тасты жартастардың арасынан, Орталық Азиядағы сирек кездесетін, ЮНЕСКО-ның бақылауында.



### Грамматикалық тақырып Мақал-мәтелдер (Пословицы и поговорки)

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркестер сияқты аз сөзбен көп мағына білдіреді. Мақал-мәтелдер сөйлеу барысында жасалмай, бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында қолданылады.

Мақал – тәрбиелік мәні бар, ақыл-нақыл сипатында айтылатын сөздер тобы.

Мәтел – ой-пікірді бейнелеп, тұспалдап, ишаралап тұратын сөздер тобы. Қызым саған айтам, келінім сен тында.

Мақал мен мәтелдің айырмашылығы мынада:

Мақалдың мазмұнында себебі мен салдары қатар айталады, ал мәтелде істің салдары айтылып, себебі айтылмай қалып қояды.

**5-тапсырма.** Жаздаят. Мейрамға байланысты төмендегідей үлгімен тілек сөздер айтыңыз.

**Ресми құттықтау барысында қолданылатын сөз тіркестерімен танысыңыз.**

Сізді және сіз басқарып отырған ұжымды шын жүректен құттықтаймыз, сіз (сіздер) іскерлігіңізбен, жаңашылдығыңызбен танымал болдыңыз(дар), көңіліңізді мұң шалмасын, кәсіби шеберлігіңіз арта берсін, атақ-абыройыңыз аспандай берсін, әріптестеріңіздің сый-құрметіне бөлсе беріңіз, ашық, жарқын күндеріңіз көп болсын, еліңіздің елеулісі, халқыңыздың қалаулысы болыңыз, қанаттарыңыз талмай самғай беріңіз, шығармашылық табыс тілеймін, ел игілігі жолында еңбек ете беріңіз, отбасының тыныштығын тілейміз.

**6-тапсырма.** Төмендегідей елдерге саяхат жасауға жарнама жасап үйреніңіз:

Визалық көмек (Вьетнам, Германия, Греция, Египет, Испания, Италия, Израиль, Қытай, Литва, Польша, Франция, Чех, Швеция және т.б.); турлар сату (Египет, Тунис, Түркия, БАӘ, Марокко, Болгария, Хорватия, Германия, Чехия, Испания, Италия, Франция, Швеция, Черногория, Үндістан, Қытай, Тайланд, Сингапур, Малайзия, Вьетнам, Ресей; аралдар (Бали, Мальдив аралдары, Мальта, Сейшель аралдары, Филиппин, Крит, Кипр, Канар аралдары, Куба, Ямайка және Доминикан); Қазақстан бойынша ішкі демалыс (Алтай, Белокуриха, Баянауыл, Бурабай, Сарыағаш, Ыстықкөл); барлық бағыттар бойынша қонақүйлер ұсыныстары бойынша мәліметтерді өңдеу; экскурсиялық турлар; круиздер; барлық бағыттар бойынша әуебилеттері.

**7-тапсырма.** *Мақал-мәтелді аударып, жаттаңыз.*

Туған үйдің түтіні жылы,  
Туған ананың күтімі жылы.

Үй баласымен базарлы, қонағымен ажарлы.

Үйге кірген жыланды да басына ақ құйып шығарады.

Үйде бір күн ұрыс болса, қырық күндік ырыс кетеді.

Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білерсің,  
Ағайынның алыс-жақынын іс түскенде білерсің.

Үйдің көркі — сандық.

Үй иесі мейірлі отырса, қонақ көңілді отырады.

«Үйлері қоңыр екен» деп  
көп ауылдан кетпеңіз.

**8-тапсырма.** *Мақал-мәтелді қазақша баламасын табыңыз*

Каждому родная земля – рай. Родная земля – золотая колыбель.  
Любовь к земле у семейного очага начинается. И лук на родине сладок. На родине и воздух – лекарство. Маленький воробей и тот свое гнездо оберегает. В своей норе и крот чувствует себя сильным. Незасеянная пашня – сирота джигит без родины – сирота. Гусь тоскует по озеру родному, джигит по Родине. Чем быть на чужбине султаном лучше быть на Родине подметкой. Все земли хороши а своя – всех лучше.


## 10-САБАҚ



*Елінен безген ер болмас,  
Көлінен безген қаз болмас.*



### Үлкен Алматы көлі



Аса бір көз тартарлық, қолжетімді және адамдар көп баратын жердің бірі – Үлкен Алматы шатқалы.

Қаладан шатқалға дейін Үлкен Алматы өзеніне шығатын 7 км. жолға асфальт төселген. Айнала толған жартастар, шөгінділер.

Теңіз деңгейінен 2500 м. биіктікте мөп-мөлдір таза, көгілдір-ашық-жасыл түсті, мұздық суы күн шығып тұрғанның өзінде өте суық көл. Оған Үлкен Алматы өзенінің суы құйылып, одан ағып шығады.

Өзеннің айналасына мореналар, шөгінділер, жартастар, бой түзеген тянь-шань шыршалары ерекше жабайы әсемдік беріп тұрады.



## Сөздік

көз гартарлық – привлекающий взгляд  
қолжетімді – доступный  
Үлкен Алматы шатқалы – большое алматинское ущелье  
айнала – вокруг  
жартастар – скалы  
шөгінділер – отложение  
теңіз деңгейінен – от уровня моря  
мұздық – ледник  
жабайы әсемдік – красота дикой природы




**1-тапсырма. Аударыңыз.**

### *Фототур за тюльпанами Казахстана*

Далеко не всем известно, что именно Казахстан является родиной тюльпанов. Фототур дает возможность не только узнать больше о природе и сделать фотографии этих прекрасных цветов, но и посетить исторические места Южного Казахстана.

**2-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой- пікіріңізді білдіріңіз.**



### **3-тапсырма. Жарнама жасап үйреніңіз.**

Аңшылық лагерьлер дәретханамен, ыстық душпен қамтама-сыз етілген. Тамақтану күніне 3 рет, аң аулау кезінде қосымша тамақ дайындалып беріледі. Ат пен қайық жалға беріледі.

Көктемгі аңшылықтың ұсынылатын кезеңі Тараз қаласының аймағы бойынша 15- наурыздан 30-наурызға дейін.

Алматы қаласынан Тараз қаласына дейінгі қашықтық 555 шақырым. Микроавтобуспен жол жүресіз, жол ұзақтығы 7-8 сағат. Жол бойы салқын сусындар мен асхананың ұлттық тағамдары ұсынылады.

### **4-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.**

В верховьях Большого Алматинского ущелья, центрального ущелья Заилийского Алатау, на высоте 2500 м. над уровнем моря расположилось Большое Алматинское озеро. Со всех сторон оно окружено живописными покрытиями тьянь-шаньской елью, осиной и можжевельником вершинами. Всего 1,5 часа пути от Алматы, и вы сможете совершить категорийное восхождение на вершины от 3900 до 4400 м над уровнем моря. Большое Алматинское озеро, питающееся ледниковой водой, представляет собой чашу площадью 1,6 кв. км и является источником снабжения питьевой водой города Алматы.

Озеро прекрасно в любую погоду и в любое время года. Многие фотографы стремятся попасть сюда в то время, когда один сезон сменяется другим.

## **Грамматикалық тақырып Стиль туралы түсінік. Стиль түрлері**

Стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп. Стилистика – стиль туралы ілім. «Стиль» деп белгілі бір жалпыхалықаралық тілдің ауқымындағы тілдік қатынас құралдарының қолданылу, сұрыпталу және тіркесу тәсілдерінің қоғамдық айқындалған, қызмет жағынан сәйкестендірілген, іштей топтасқан жиынтығын айтамыз. Стиль деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тәсілдерінің қолданылу принциптерін айтамыз.

Қазіргі әдеби тілі қолданылуы тұрғысынан бес стиль саласына бөлінеді. Ауызекі, сөйлеу стилі, ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық және көркем. Стильдің бұл тармақтары әуелі бір-біріне қарама-қарсы қойылатын ауызекі сөйлеу түрі мен кітаби түрі болып ажыратылады.

**Ауызекі сөйлеу стиліне** тән нәрсе – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы болса, кітаби стильдерге тән нәрсе – хабарлау қызметі болады. Ауызекі сөйлеу стилі әдетте таныс адамдармен еркін әңгімеде қолданылады. Міндеті – қарым-қатынас. Сөздерді, сөйлемдерді таңдауда еркіндік беріледі.

**Ғылыми стиль** – ғылыми еңбектер, лекция, баяндамаларда жұмсалады. Сөйлеуде жалпылама – дерексіз, логикалық, дәлелдеу жағы басым. Тіл тәсілдері: жалпы және дерексіз мәндегі бейтарап, кітаби сөздер, ғылыми терминдер.

**Көркем стиль** – көркем шығармаларда жұмсалады. Тілдік тәсілдері нақты, ауыспалы мағыналы сөздер болып, сөйлеу әдетте бейнелі, жанды, әсерлі болады.

**Публицистикалық стиль** – газет, журнал, жиналыстарда пайдаланылады. Сөйлеу қызулы, ұранды болып, көпшілікке ықпал жасау, қоғамдық істерге адамдардың дұрыс қатынасын қалыптастыру міндетін атқарады.

**5-тапсырма.** *«Ауызекі сөйлеу стиліне» досыңызбен диалог құрыңыз.*

**6-тапсырма.** *Сөйлемдердің етістік түрлерін өзгертіп, ғылыми стильге айналдырып жазыңыз.*

1. Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы айтты. 2. Жеке тұлғаның дамуына қатысты зерттеу еңбектер жазайық.

**7-тапсырма.** *Төмендегі мәтіндерді стиль түрлеріне ажыратыңыз.*

### 1-мәтін

Тағы бір жай ойыма оралады... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ым-

дап шақырды да құлағыма: «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?!» – деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассялам алейкум, аталар» деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бір ауыздан «әлейкүм салам!» десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді», – дейтін. (Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» 1-бөлім)

### **2-мәтін**

Джурана мен Деллинганың сапа теориясы бойынша 85 %-тен 98 %-ке дейінгі қателіктер кәсіпорындары жұмысты орындау барасында емес, оны қамтамасыздандыру жүйесінде орын алатыны анықталған. Талдау және халықаралық тәжірибиелердегі сапа қызметтерін қонақүй кәсібінде қолдану халықаралық қызмет көрсету стандартына жақындата түседі. Кейде тікелей және ойланбастан халықаралық тәжірибиелерді қолдану табысты болып келе бермейді. Сонымен қатар шығармашылық әлемдік тәжірибені кең түрде қолдану дұрыс. Бұл жағдайда американдық маман Деллингтың жұмысы «барлық сапаны басқару» — TQM комплексті жүйесі өзіндік көрсеткішін көрсетті. TQM (Total Quality Managment) — бұл жүйе іс-әрекет, тұтынушылардың қызығушылығын қанағаттандыру, персоналдық мүмкіндіктерді өсіру, жоғары, ұзақ мерзімді кірістер және төмен шығындар.

### **3-мәтін**

Қазақстанның туристтік қызметтер нарығы.


Дүниежүзілік туристтік ұйым әлемде туристтер жиі баратын мемлекеттердің тізімін жариялап өтті. Осы статистикалық деректерге сүйенер болсақ, Франция бірінші орынды тұр. Онда жылда 77,1 млн. турист келеді екен. Екінші орын АҚШ-қа тиесілі 62,3 млн. турист, 3-ші орын Қытайға тиесілі 57,6 млн. адам. Кейінгі орындар, Испания, Италия, Түркия, Ұлыбритания, Германия,



Малайзия, Австрия сынды елдердің еншісінде. Агенттік таратқан ақпараттарға сүйенер болсақ, жылда Қазақстанға келіп отырған туристтердің саны артып жатыр. 2012 жылдың 9 айында, республикамызға келген туристтердің саны 4 млн. 219,6 мың адамға жетті. Бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 10 пайызға артық. Ішкі туризмнің көрсеткіштері 11,5 пайызға артып кетті. Нарық баяу дамып жатыр, оған әсер етіп отырған бірнеше фактор бар. Тоғыз айда сыртқы туризм саласының ауқымы 13,5 пайызға артып кетті. Себебі, Ыстықкөл жақсы еңбек етіп жатыр. Қазақстандықтар жиі баратын 2-ші демалыс орны – Түркия. 2012 жылы осы елге барған отандастарымыздың саны 2011 жылмен салыстырғанда 20 пайызға артып, 380 мыңға жетті. Басым бөлігі Анталияның шипажайларын таңдады. Бұл аймақ 12 айда қазақстаннан 224,3 мың турист қабылдады. Республика тұрғындарын қызықтырып отырған басқа қалалар тізбегінде: Ыстамбұл, Мутла мен Измир бар.

**8-тапсырма.** *Стиль түрлеріне газет-журналдардан, ғылыми еңбектерден, көркем әдебиеттен мысалдар келтіріңіз.*

*Ерінен айырылған көмгенше жылайды,  
Елінен айырылған өлгенше жылайды.*



### «Хан-Тәңірі» шыңы

«Хан-Тәңірі» шыңы Қазақстан Республикасының Қырғызстанмен және Қытаймен шекарадағы ең жоғарғы нүкте. Орталық Тянь-Шань Орта және Орталық Азияда, негізінен Қырғызстанда (батыс бөлігі) және Қытайда (шығыс бөлігі), жарым-жартылай Қазақстан мен Өзбекстанда орналасқан. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2500 км-ге жуық, солтүстіктен оңтүстікке қарай 300 км. Жоғарғы нүктелері: Жеңіс шыңы (7439 м.) және «Хан-Тәңірі» (7010 м.).

Бұл жерде негізінен биік тау туризмі дамыған. Өрлеу маршруты әртүрлі: тасты, қарлы-мұзды, құрамдас. «Хан-Тәңірі» шыңы әлемдегі бірден-бір солтүстік жетімыңдық болып саналады. Оның шыңына шығу туризмнің айрықша қауіпті түріне жататынына қарамастан, туристерді көптен-көп қызықтырады. Ол – үшкір төртқырлы пирамида түріндегі, әлемнің аса әсем шыңдарының бірі. Бір жағындағы шүбәсіз мәрмәр қабырға анайдан көз тартады. Хан-Тәңірі шыңының солтүстік-батыс жағында Алматы облысы орналасқан.



## Сөздік

шың – горная вершина  
шекара – граница  
ең жоғарғы нүкте – высшая точка  
орталық тян-шань – центральный тьянь-шань  
батыс бөлігі – западная часть  
шығыс бөлігі – восточной части  
жарым – жартылай частично  
ұзындығы – протяженность  
жеңіс шыңы – пик победы  
өрлеу маршруты – маршруты восхождения

**1-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Хан-Тәңірі шыңы қайда орналасқан?
2. Өрлеу маршруты қандай?
3. Солтүстік – шығысында не орналасқан?



**2-тапсырма.** Аударыңыз.

Восхождение совершаются круглогодично, но оптимальный период – июнь-август. Район вокруг горы включает множество пиков с высотой 6000 м., включая Мраморную Стену (6400 м.). Это область альпийских долин с красивейшими озерами и реками. Под пиком находится Международный альпинистский лагерь (МАЛ) «Хан Тенгри», принимающий за сезон до 2000 альпинистов и горных туристов. Под патронажем областного акимата и альпклуба ЦСКА на базе Мала проводятся международные фестивали.

**3-тапсырма.** Мәтіннен түсінгеніңізді айтып беріңіз.

Хан-Тәңірін бірінші болып Петр Семенов, кейін Семенов-Тянь-Шаньский баяндап суреттеген. Хан-Тәңірінің шыңына


1931 жылы бірінші болып, пирамиданың оңтүстік жағымен шыққан адам, украиналық альпинист М.П.Погребецкий болды. Бұл маршрут бүгінгі күндері де классикалық маршрут болып саналады. «Хан-Тәңірі» шыңына шығу – әлемнің көптеген альпинистерінің алдына қойған мақсаты. Шыңына 10-нан астам маршрут жүргізілген. Туристердің басым көпшілігі тікұшақты пайдалана отырып, Хан-Тәңірінің етегіндегі базальқ лагерге жетеді.

Шыңның ең биік төбесіне жету үшін кем дегенде 14 күн қажет. Өрлеу жыл бойына жүзеге асырылып жатады, бірақ ең қолайлы кезеңі – маусым-тамыз айлары.

\* \* \*

### Ұлы Белухаға жаяу тур

Таудағы жаяу саяхат (треккинг) – бұл тауда таудың беткейлері мен қыраттары, мұздықтар бойымен асулар және тау сулары арқылы саяхат. Туристер шатырларда немесе тау үйлерінде (бағдар бойынша орналасқан шағын ағаш үйлер) түнейді. Ас отқа пісіріледі. Дәл қасында таза табиғи ауыз су және жуынатын су бар. Жаяу серуенге арналған бағдарлардың ұзақтығы мен күрделілігі әртүрлі болуы мүмкін. Таудағы жаяу саяхат оқиғалар мен жаңа сезімдерге толы.



**4-тапсырма. Аударыңыз.**

Период: 5 июля – 16 июля, 27 июля – 7 августа

Горы всегда поражали человека своим величием, труднодоступностью и непредсказуемостью. С их склонов люди любовались живописными долинами и ущельями, шумными водопадами и бурными реками. Гора Белуха (4506 м) впечатляет суровостью и крутизной ледовых и снежных стен. Она издавна овеяна ореолом

легендимифов, снейсвязанысказаниаочудеснойстранеБеловодье и таинственной Шамбале. Предания гласят, что здесь находится «пуп Земли», энергетически связанный с Космосом, дарующий людям заряд бодрости и здоровья, открывающий новые знания. Путешествия к подножию горы Белуха – это возможность получить фантастические впечатления, прикоснуться к первозданной, девственной, нетронутой красоте природы.

### Грамматикалық тақырып Ресми ісқағаздар стилі

**Ресми ісқағаздар стиліне** ісқағаздары, заң құжаттарының тілі жатады. Олардың атқаратын міндеті іс-тәжірибеде маңызды мәліметтерді хабарлау, нақты жөн көрсету.

**Ісқағаздар стиліне** әртүрлі мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Ісқағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Ісқағаздары сол үлгі бойынша жазылады.

**Ресми стильдің** көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан ісқағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми ісқағаздары белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбіне заң, жарғы, үкімет органдарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, дипломатиялық нота, үкімет хабарлары жазылады.

**5-тапсырма.** Құжат түрлерінің қазақша атауын жазыңыз.



**6-тапсырма.** Сөз тіркестерін аударыңыз.

Азаматтығы туралы мәлімет, тілдік дағдылары, жұмыс тәжірибесі, нарық заманы, қысқа әрі нақты, жұмысқа орналасу,

компьютерлік сауаттылығы, ұйымдастырушылық қабілет, алға қойған міндеттер, спортқа қатысы, бос уақытында шұғылданып отырған ісі, ғылыми дәрежесі.

**7-тапсырма.** *Үлгі бойынша жазғаныңды.*

Әкімші қызметіне қабылдауыңызды  
Кезекті (кезектен тыс) демалыс беруіңізді  
Материалдық көмек көрсетуіңізді  
Менеджер ретінде қабылдауыңызды  
Астана қаласына ауыстыруыңызды  
Әкімші қызметінен босатуыңызды  
Жәрдемақы беруіңізді  
Иссапарға жіберуіңізді  
Жалақымызды көтеруіңізді  
Рұқсат беруіңізді

өтінемін  
(сұраймын)

**8-жазғаныңды.** *Туісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді аударыңыз.*

Менің өтінішіме қол қою...  
Осы мәселе бойынша шара қолдану...  
Мені тұрғын үймен қамтамасыз ету...  
Жұмыста тәртіп сақтау...  
Маған бір сағаттан кейін телефон шалу...  
Маған кезекті демалыс беру...  
Мені отбасы жағдайыма байланысты Астанаға жіберу...  
Маған ақысыз кезектен тыс демалыс беру...  
Мені басқа бөлімге ауыстыру...  
Мекеме компьютерін пайдалануға рұқсат беру...  
Мені өз еркіммен босату...  
Еңбек келісімін ұзарту...  
Өндірістен қол үзіп оқуға рұқсат беру...

(өтінемін)  
сұраймын

Отбасы жағдайыма  
Денсаулығыма  
Бала күтіміне

байланысты

## 9-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Жұмысқа	кестеге сәйкес
Штаттық	белгілеу
Орынбаевтың	жағдайына байланысты
Үстемақы	шығуына байланысты
Отбасы	сынақ мерзімінен
Еңбек шартының	қызметінен
Зейнеткерлікке	өтініші
2 апталық	қабылдау туралы
Атқаратын	аяқталуына байланысты

### Бұрыштаманың түрлері

<i>Қаралсын</i>	– <i>рассмотреть</i>
<i>Талқылансын</i>	– <i>обсудить</i>
<i>Бекітілсін</i>	– <i>утвердить</i>
<i>Тапсырылсын</i>	– <i>поручить</i>
<i>Ұсыныстар даярлансын</i>	– <i>подготовить предложения</i>
<i>Комиссия құрылсын</i>	– <i>создать комиссию</i>
<i>Баяндалсын</i>	– <i>доложить</i>

Емтихан сессиясын уақытынан бұрын тапсыруға «Тұран» университетінің ректоры э.ғ.д., профессор Р.Алшановқа өтініш жазыңыз

Іс қағаздарын қазақ тілінде жазуыңыз керек. Тақырыптары:

Досыңызға мекеме басшысының атынан міндетке жазыңыз.

Өз өмірбаяныңды жазыңыз.



## Сарыағаш

**Сарыағаш** – Оңтүстік Қазақстанның құрамындағы ең ірі аудандардың бірі, сонымен қатар сол ауданның орталығы болып табылатын қала. Соңғы санақтар бойынша 7613 шаршы шақырым аумағы бар ауданда 40-тан астам ұлт өкілдерінен құралған 250,3 мыңнан астам халық тұрады. Тарихы 1928 жылдары Келес ауданы, кейін 1939 жылдан Сарыағаш аталуынан басталады. Сарыағаш Өзбекстанның астанасы Ташкенттен 15 шақырым жерде орналасқан.

Ауданның бірден-бір табиғи байлығы жер асты минералды емдік-ас сулары болып табылады. Қазіргі кезде 55 су ұңғымалары аймақты термальды сумен қамтамасыз етіп отыр. Осының негізінде елімізден тыс жерлерге де мәлім Сарыағаш шипажайы сияқты 10 шақты демалыс аймағы танымал.

Сарыағаш ерте кездерден-ақ белгілі, себебі Ұлы Жібек жолы осы аймақпен өткен. Сондықтан Сулы Келес өзенінің жағасынан табылған Күлтөбе және басқа тарихи ескерткіштер туристерді қызықтыратын орын.



### Сөздік

құрам – состав

су ұңғымасы – водная скважина

демалыс аймағы – зона отдыха

ірі аудандардың бірі – один их крупных районов

**1-тапсырма.** Мәтін бойынша бес сұрақ құрастырыңыз.

**2-тапсырма.** Ойтүрткі сұрақтар.

1. Сарыағаш қаласы туралы мәлімет айтыңыз.

2. Сарыағаш шипажайы неліктен туристерді қызықтырады?



### **3-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.**

В обязанности менеджера по туризму входят: консультирование клиентов и продажа услуг компании, ежедневный мониторинг рынка туристических услуг и компаний, занимающихся перевозками пассажиров, взаимодействие со страховыми компаниями и паспортно-визовыми службами.

#### **Виды деятельности:**

- привлечение новых клиентов и ведение существующей клиентской базы;
- консультирование клиентов, помощь при выборе оптимального тура;
- оформление миграционных документов, включая страховку и визу;
- закупка билетов на самолеты и поезда, заказ дополнительного трансфера;
- решением конфликтных ситуаций с клиентами и контрагентами

#### **Места работы:**

- туристические фирмы и агентства;
- ассоциации туроператоров

#### **Профессиональные навыки:**

- знание географии, климатических, культурных, социально-экономических и многих других особенностей посещаемых туристами стран;
- осведомленность в правилах паспортно-визовых служб;
- знание одного и более иностранных языков на среднем уровне.

---

### **Ертегі әлемі**

#### *Күрд ертегісі*

#### **Екі дос**


Екі дос жолаушылап шығыпты. Біреуі сулық шекпенін ала жүрген екен. Орта жолға келгенде, қатты нөсер құйып кетіпті. Екеуі шекпенді пана қылыпты. Нөсер басылған кезде, шекпеннің иесі:

—Иә, менің шекпенім болмаса, сен не күйде болар едің?—депті. Осы сөзін қақсап, қайталай



беріпті. Сол арада бұлар бір өзеннің қабағын жағалай жүрген кезі екен. Өлгі шекпенсіз жігіт жардан төмен қарғып түсіп, өзен суына малшынып, қайта шығады да:

Міне, мына күйде болар едім!—депті.



**Грамматикалық тақырып**  
**Сөзжасам**  
(Словообразование)

Сөзжасам – тіл білімінің жеке саласы. Сөзжасам – атау (номинация) жасау қызметін жүзеге асырады.

Қазақ тілінің қазіргі кезде әбден қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол – әрине ұзақ уақыттағы дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен басталып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар:

- синтетикалық тәсіл;
- аналитикалық тәсіл;
- лексика-семантикалық тәсіл.

**4-тапсырма.** Төмендегі жұрнақтармен зат есімдер жасаңыз.  
*-зар/-гер, -қар/-кер*

Іс, жауын, тәлім, зер, дәрі, заң, бал, қызмет, талап, саясат, мұра.

**5-тапсырма.** Төмендегі жұрнақтармен зат есімдер жасаңыз.  
*-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік*

Бас, биік, тыныш, ыңғайлы, тұз, сұлу, жылдам, ылғал, шыдам, турист, альпинист, спорт, шетел.

**6-тапсырма.** *Төмендегі сөздердің қандай тәсілмен жасалғанын анықтаңыз.*

Иссапар, рұқсатнама, жолсерік, бағдаршам, сапаржай, аялдама, ескерткіш, жеңілдік, қонақүй, дәмхана, желдеткіш, жолдорба.

**7-тапсырма.** *«Туризм кәсібі» мәтінін қазақ тіліне аударыңыз.*

Туризм – это живая и динамично развивающаяся отрасль. А что на самом деле представляет собой эта профессия? Профессия базируется на трех китах – знании, умении и желании. Необходимо знание языков, географии, истории, культуры, психологии, религии, законов бизнеса, и еще многого другого. Умение применять все эти знания на практике. И огромное желание делать все это каждый день, с радостью, с улыбкой, встречать клиента как самого дорогого гостя. Современный клиент – это человек требовательный и любознательный, знающий чего он хочет, и что он может требовать за свои деньги. Поэтому туристическая отрасль сегодня требует специалистов, которые дружат с компьютером, владеют, как минимум, тремя языками, умеют работать в команде, имеют обостренное чувство ответственности, отличаются активной жизненной позицией, коммуникабельны, приятны в общении, интересуются всем на свете, обожают свой город, умеют принимать решения, обладают чувством юмора и таким важным человеческим свойством как порядочность.

**8-тапсырма.** *Сөздердің қазақ тіліндегі баламасын табыңыз.*

Стюардесса, остановка, виза, командировка, иностранный, светофор, скидка, удобства, кондиционер, терпение, соус, высота, тишина, сухой, влажный, закусовая.

**Қазақстан климаты**

Қазақстан климаты қуаң континентті: қысы өте суық, ал жазы ыстық.

Қазақстанның кең байтақ аумағына байланысты, мемлекеттің түрлі аймақтарында ауа райы айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Мысалға, оңтүстікте егін егу басталып жатқан кезде, солтүстік жерінде әлі қар жатып, боран соғып тұруы ғажап емес.

Бүкіл мемлекетке температураның күрт ауытқулары тән, бұл тәуліктік ауытқуларға да, жылдық ауытқуларға да қатысты.

Солтүстікте қысқы орташа температура қаңтар айында  $-18,7^{\circ}\text{C}$ , ал оңтүстікте  $-1,5^{\circ}\text{C}$ . Ауаның құрғақ болуынан және күннің шуақтылығынан  $-15^{\circ}\text{C}$  температура кейде ылғалды ауадағы  $-5^{\circ} - 0^{\circ}\text{C}$  тәрізді сезіледі. Қазақстанның қысы тауларда, мысалы, шаңғы базаларында қысқы спорт түрлерімен айналысуға ыңғайлы.

Жазда мемлекеттің солтүстігінде шілде айының орташа температурасы  $+18,8^{\circ}\text{C}$ , оңтүстікте  $+28,8^{\circ}\text{C}$ . Ыстық жаздың күні қазақстандықтар теңіз-көлдерге барып жағажайда, демалыс базаларында демалғанды ұнатады.

**Сөздік**

қуаң континентті – засушливый климат  
кең байтақ – бескрайний  
ауытқу – колебание  
ауаның құрғақ болуы – сухость воздуха  
шаңғы базалары – лыжные базы

**1-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Қазақстанның әртүрлі қалаларындағы, аймақтарындағы маусымдық ауа-райын, климатын айтып беріңіз.

## 2. Шетелдегі әртүрлі қалалардың климаты қандай?

### 2-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Температураның	ауа
Ылғалды	күрт ауытқулары
Шаңғы	демалу
Жағажайда	базалары
Ауаның	шуақтылығы
Күн	күрғақ болуы

### 3-тапсырма. Сөйлемдерді жалғастырып жазыңыз.

1. Сарыағаш шипажайына демалуға адамдар көбінесе көктемде барады, себебі....
2. Саяхатқа шығардың алдында, мен қажетті құжаттарды дайындаймын, олар:
3. Қыста Медеуге баруды ұнатамын, себебі.....
4. Көктөбеге барғанда.....

### 4-тапсырма. Жағдаят бойынша ұсыныс жасаңыз.

1. Демалыс күндерін қызықты өткізу үшін тобыңызбен демалыс күндері қайда барар едіңіз?
2. Студенттің оқу үлгерімін жақсартатын шаралар жоспарын жасаңыз.

*Сауаттылығыңызды тексеріңіз. Мәтінде қате жазылған сөздер кездеседі. Қай жерге «ң» әрпі жазылатынын табыңыз, қатені түзетіңіз.*

Қазіргі кезде «Менін аулам» бағдарламасы шеңберінде Қарағанды қаласының басында бірнеше аула асфальтталып, балалардың ойын алаңдары және жасанды көгал төселген екі спорт аланы, көптеген аула аумақтарының жарығы қалпына келтірілген. Жалпы, қаламызда көп қабатты тұрғын үйлердің аулаларын жөндеу жұмыстары дұрыс ұйымдастырылған.

Ескерту: 9 жерде «ң» әрпі кездеседі.

Бурабайға қалай жетуге болады?

Қазақстанның ең бір көрікті жерлерінің бірі – Бурабайға бірнеше жолдар арқылы жетуге болады:

### Астанадан

Көптеген авиакомпаниялар Астанаға дейін бірқатар әуе рейстерін ұсынады, ал Астанадан Бурабайға дейін шамамен 250 км. Теміржол вокзалының алдында тұратын маршруттық таксилер арқылы немесе сапаржай автобекетінен автобус арқылы Бурабайға жетуге болады. Такси бағасы бір адамға шамамен 2 500 теңге болса, ал автобус билетінің бағасы 1 300 теңге.

### Алматыдан

Алматыдан Көкшетауға Scat авиакомпаниясы аптасына үш рет тұрақты түрде ұшып тұратын әуе рейстерін ұсынады. Көкшетаудан Бурабайға дейінгі қашықтық 35 км, такси немесе автобус арқылы баруға болады.

### Пойыз арқылы

Бурабайға жетудің ең кең тараған жолы пойыз арқылы бару. Бұл көлік түрін тандасаңыз, «Бурабай курорты» стансасына дейін билеттерді қарауыңыз қажет. Пойыздардың жүру кестесі жайында ақпаратты [rsentre.kz](http://rsentre.kz) сайтынан біліп, сол сайттан билеттерді сатып алуға болады.

### Автокөлікте

Автомобиль арқылы баратын болсаңыз, Ақмола облысының көлік жолдары картасы қажет болуы мүмкін.

## 5-тапсырма.

Жолға қандай заттарды аласыз?

Сіз 1-2 аптадан соң Бурабайға демалуға барасыз

Сапар шегуге қандай көлік түрін тандайсыз?



## Грамматикалық тақырып Сөзжасамның тәсілдері

1. Түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі қосымшалы тіл болғандықтан, синтетикалық тәсіл біздің тілімізде туынды сөз жасауда үлкен қызмет атқарады. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасаудың тілде қалыптасқан өзіндік жолы бар. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін, оған екітілдік бірліктің қатысуы керек:

- лексикалық мағыналы сөз;
- сөзжасамдық жұрнақ.

Лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады, сондықтан да туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер қатысады.

Синтетикалық сөзжасамда жұрнақ негізгі мүше болып саналады. Яғни туынды түбір негіз сөзден сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалады. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір деп аталады.

**Мысалы, өн+ім,**

2. Аналитикалық тәсілде екі сөз бір-бірімен тіркесіп, жаңа лексикалық мағыналы сөз жасайды. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз күрделі сөз деп аталады. Бірақ күрделі сөзде олардың әрқайсысының өзінің жеке тұрғандығы мәнін сақтамай, біртұтас мәнге көшеді. **Мысалы, өнеркәсіп, теміржол, қызыл ала** т.б.

3. Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл деп аталады. **Мысалы,**

1) Ақ – адал мағынасын береді. Мысалы, Ақ жүрген адам азбас.

2) Ақ –сүт, айран, қатық, қымыз, шұбат сияқты тағамдар. Мысалы, Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын ағы осы болатын.

3) Ақ –ақиқат, шындық. Мысалы, Жұмыр басты пендеге – өлім ақ.

### **6-тапсырма. Жарнама жасап үйреніңіз:**

Экскурсиялық турлар, жағажай демалысы, аралдардағы демалыс, сауықтыру турлары, білім беру турлары; қажылық турлар, теңіз круиздері, балалар демалысы, Қазақстан және ТМД-ның үздік шипажайлары мен пансионаттары, рұқсатнамалар; әуебилеттері.

### **7-тапсырма. Өлеңді жаттаңыз.**

#### **Үшқоңыр**

*Өлеңі Нұрсұлтан Назарбаевтікі*

*Әні Алтынбек Қоразбаевтікі*

Үшқоңыр – Алатаудың қойнауында,  
Әкемнің ізі қалған жайлауында.  
Қасқасу гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,  
Арқары жайылатын аймағында.

#### **Қайырмасы:**

Ай, Үшқоңырым, туған жерім,  
Рахым нұры тұнған жерім.  
Ай, Үшқоңырым, тал бесігім,  
Жүрегімде мәңгі есімің.

Бұл жерде тарих сырдың сыбдыры бар,  
Бабалар тұлпарының дүбірі бар.  
Бұл жерде Жамбыл-Жәкең өлең айтқан,  
Өнердің, ақындықтың тұңғыры бар.

#### **Қайырмасы.**

Шыңдарың – Төле бидің қалпағындай,  
Жазира жасыл әлем алқабыңды-ай.  
Жуасы, қарақаты, бүлдіргені –  
Әкемнің шекер қосқан талқанындай.



## Қайырмасы.

Көрінер сонадайдан анық маған,  
Шыңында қырандары қалықтаған.  
Самғаған қыранына құмар қылып,  
Өсірген ұландарын алып далам.

**8-тапсырма.** *Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

На железнодорожном вокзале они купили билеты на восьмое число. Промышленность здесь развивается интенсивно. Продукт произведен в Казахстане. Слово «ақ»(белое) имеет несколько значений. Первое – это значение слова верный, честный. Второе значение- кисломолочный продукт, то есть молоко, кефир и т.д. Третье значение- это правда, истина.



### Қайыңды көлі

Қайыңды дегеніміз Күнгей-Алатау шатқалдарының біріндегі көл. Теңіз деңгейінен 2000 м. биіктіктегі қылқанжапырақты орманда орналасқан. Көл аса үлкен емес, ұзындығы 400 м-ге жуық, тереңдігі 20 м. «Қайыңды» қазақ тілінде қайыңы мол дегенді білдіреді.

Бір деректер бойынша көл 1910 ж. пайда болған, ал басқа біреулер 1911 жылғы жерсілкінісінен кейін пайда болған дейді. Көшкін жауып тастаған шатқалға су толып, көлдің тура ортасынан жасанды емес табиғи қақпа пайда болған. Қылқанжапырақты ағаштар суға толық батып кетпей, олардың қураңқыраған төбелері судың үстінде қалқып тұрады. Ағаштар шірімей, көлді күзетіп, судың бетіне ұзын, жіп-жінішке көлеңкелерін түсіріп тұрады.

1980 ж., сел жүргеннен кейін көлдің көлемі кішірейді. 2007 ж. ақпанында аумағына Қайыңды көлі кіретін ұлттық парк құру жөнінде жарлық қабылданды. Көл таңғажайып әсем және өзінше ерекше.



### Сөздік

қайыңы мол – изобилующее березами  
аса үлкен емес – сравнительно небольшое  
білдіреді – означает  
пайда болған – образовалось  
көшкін – оползень  
жасанды емес – не искусственное  
табиғи қақпа – естественные, природные ворота  
толық – полностью  
батып кетпеу – не быть затопленным  
қуранқыраған төбелері – высушенные вершины  
қылқиып тұрады – гордо возвышаются  
шірімеу – не сгнить  
көлді күзету – сторожить озеро  
көлеңкелерін түсіріп тұру – падает тень  
сел жүргеннен кейін – после прохождения селевого паводка  
жарлық қабылданды – был принят указ

### 1-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Деректер	орман
Жер сілкінісінен	көлі
Қылқанжапырақты	парк
Қайыңды	кейін
Ұлттық	бойынша

### 2-тапсырма. Аударыңыз.

В безветренную погоду озеро похоже на большое изумрудное зеркало. Следует заметить, что озеро горное и вода в нем ледяная. Тем не менее оно привлекает дайверов. Фотографии, сделанные под водой, вызывают неземной восторг. Ниже озера, в речке, водится форель. Любители рыбалки получают истинное удовольствие, посидев на берегу озера с удочкой и приготовив из пойманной рыбки вкусную уху.

**3-тапсырма.** Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өлеңін жаттаныңыз, оны қарасөзбен жазыңыз.



*Желсіз түнде жарық ай*  
Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың жаны — терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі.

**4-тапсырма.** Қайыңды көлі туралы әңгімелеңіз.

Айнала саңырауқұлаққа бай ормандар, аяғыңа қойбүлдірген оралып, жапырақтың асты толған күн көзінен нәр алған таңқурай. Түрлі шөптерді жапыра отырып жотаға көтерілсең, Күнгей Алатауының көрінісін көруге болады: шыршалардың үп-үшкір шындары мен алыстағы тау шыңдарының айдарлары анадайдан көз тартады. Желсіз күндері көл үлкен меруерт айнаға ұқсайды. Бұл жерде көлдің тауда орналасқанын, суының мұздай екенін айта кету керек. Сонда да болса оған дайверлер әуес. Су астында жүріп түсірілген суреттер адамды керемет шаттыққа бөлейді. Көлден төмен, өзенде форель жүзіп жүреді. Балықшылар көлдің жағасында отырып, қармақтарымен аулап алған балықтарынан дәмді сорпа жасап ішіп, рахатқа бөленеді.

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз.

### **Треккинг к озерам Кольсай и Каинды**

**1 день.** Прибытие в город Алматы. Встреча в аэропорту, переезд в гостиницу «Казжол». Размещение. Отдых. Завтрак. Экскурсия

по городу: посещение: парк 28 панфиловцев, Кафедрального собора, музея музыкальных инструментов, национального музея, урочище Медео, площадь Республики (4 часа). Ночлег в гостинице.

**2 день.** Завтрак. Переезд: г. Алматы – пос. Чилик – пос. Жаланаш – пос. Курменты (Н-1810) (290 км). Перед рекой Чарын, мы поворачиваем на запад и дорога постепенно углубляется в горы. Наша конечная остановка в пос. Курменты, на поляне у дома пастуха Динмухамеда. Ночлег в палатках.

**3 день.** Завтрак. Начало трекинга в горах Северного Тянь-Шаня. Пеший переход: Пос. Курменты – озеро Кольсай- I (Н-1818) – озеро Кольсай – II (Н-2252) (12 км). Перевалив на противоположную сторону хребта – перед нами откроется великолепный вид на озеро Кольсай – I . Ночлег у озера на поляне в палатках.

**4 день.** Завтрак. Пеший переход: Озеро Кольсай– II – река Саты (Н-2600) (10 км). За время перехода до реки Саты мы преодолеем расстояние по высоте в 434 метров . Ночлег в палатках.

**5 день.** Завтрак. Пеший переход: река Саты – река Каинды – озеро Каинды (Н-1887) (6 км). От реки поднимаемся по левому склону и вскоре среди деревьев увидим, прекрасное озеро, которое лежит под нами. Ночлег в палатках.

**6 день.** Завтрак. Окончание трекинга в Северном Тянь-Шане. Переезд: озеро Каинды – пос. Жаланаш – пос. Чилик (260 км). По пути посещение каньонов Чарына. Размещение в гостинице «Казжол», ночлег.

**7 день.** Отъезд из Алматы.

\* \* \*

### **Балқаш көлі**

Балқаш көлі жер бетіндегі ең көне көл болып саналады, көл туралы алғашқы тарихи-географиялық деректерді қытайлықтар берген. Көлдің флорасы мен фаунасы өте бай. Көлде 20-дан астам балық түрлері, 120-дан астам құс түрлері кең таралған. Көл және көл маңындағы табиғат ескерткіштерінің (Бектау ата шат-



қалы, тоғайлы ормандар) рекреациондық потенциалы туристерді қабылдауға таптырмас мүмкіндік береді. Балқаш көлінің жағасында танымал туризм түрлері жағажай туризмі, сумен жүзу: желкенді қайық, байдаркамен және каноэмен есу, балық аулау болып табылады.

Аймақта орналасқан табиғи ескерткіштердің бірі – Бектау ата тау желісі. Мұнда өсімдіктердің жүзге тарта түрі кең таралған, олардың 45-і сирек кездесетін болса, 8-і Қызыл Кітапқа енгізілген. Сонымен қатар, Бектауата тауында киелі саналатын тұщы су көзі бар «Әулие» үңгірі орналасқан. Бектау ата тау желісі – туристердің қызығушылығын тудыратын табиғат әлемінің ерекше бір туындысы.

### **6-тапсырма. Жарнама жасап үйреніңіз:**

Әлемнің кез келген жеріне турлар ұйымдастыру, бүкіл дүниесі бойынша жағажай, экскурсиялық турлар, курорт шипажайында емделу, заманға сәйкес үлкен кемелермен круиздер жасау, барлық бағыттар бойынша әуебилеттері, рұқсатнама тіркеуге көмек көрсету.



## Грамматикалық тақырып Туынды сөздер

*Есім сөзден зат есім тудыратын жұрнақтар:*

1. -шы, -ші: бағдарламашы, күзетші
2. -шылық, -шілік: адамшылық, малшылдық
3. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес: замандас, бауырлас
4. -лақ, -лек, -дық, -дік, -тық, -тік: орындық, түндік
5. -хана: асхана, дәріхана

*Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар:*

1. -м, -ым, -ім: байлам, күзем, қысым, түсім.
2. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: ұрма, көрме, сүзбе, кеспе.
3. -қы, -кі, -ғы, -гі: шалғы, тепкі, бұрғы.
4. -с, -ыс, -іс: талас, айтыс, жүріс.
5. -қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек: тарақ, күрек, қызық, ұшак.
6. -ыш, -іш: қуаныш, таяныш, өкініш, сүйініш.
7. -н, -ын, -ін: боран, жуын, түйін.
8. -у: сабау, жамау, көсеу.
9. -ынды, -інді: шайынды, үйінді.
10. -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: сүзгіш, сыпырғыш, білгіш.
11. -уыш, -уіш: өлшеуіш, түйреуіш, бастауыш.
12. -ыр, -ір, -р, -ар, -ер: үңгір, шұңқыр.

*Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар:*

1. -лы, -лі, -ды, -ді: таулы, күшті
2. -дай, дей, -тай, -тей: қыздай, сүттей
3. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: компьютерлік, инженерлік
4. -сыз, -сіз: сусыз, бұлтсыз
5. -қы, -кі, -ғы, -гі: жазғы, қысқы

**7-тапсырма.** Төмендегі сөздерге тиісті *-кіш, -гіш, -қыш, -уыш, -уіш, -шы* жұрнақтарын қосып туынды зат есімдер жасаңыз.

Желдет, бейнеле, тасымалда, өткіз, ұш, аударма, зертте, жүргіз, сагу, бағдарлама, бейнебейімде, дыбыста, тапсыр, демал.

**8-тапсырма.** Төмендегі сөздердің сөзжасамның қандай жолымен жасалғанына мән беріңіздер.

Өндіруші, өндірістік, саяхаттаушы, аудармашы, құраушы, пайдаланушы, жолаушы, дәмдік, тапсырыс, демалушы, сұраныс, тілім, даяшы, шараптық, орама, үтікші, келуші, тапсырыс беруші, дәмдеуіш, ауысым, турама, орамжапырақ, төлемақы, кәдесыйлық, мейрамхана, дәмхана, асхана, меңгеруші, ұйымдастырушы, келуші, әзірleme, ішімдік, сусын, сыйақы, куәлік, қоспа, майлық, дастархан.

**9-тапсырма.** Төмендегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

Салфетка, напиток, удостоверение, добавка, заказчик, официант, посетитель, организатор, пассажир, заказ, пользователь, заведующий, смена, спрос, отдыхающий, переводчик, производственный, капуста, кусок, оплата.





### Баянауыл

**Баянауыл** – Павлодар облысының оңтүстік-шығысында орналасқан Баянауыл ауданының орталығы. Баянауыл тауларының ортасында Сабындыкөл жағасында орын тепкен.

Баянауыл елдімекені – курортты аймақ, ол 1985 жылы Ұлттық табиғи саябақ статусына ие болды. Саябақ табиғаты өте ерекше жаралған табиғатымен әйгілі: Баянауыл таулары батыстан шығысқа қарай 40-50 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-25 шақырым. Ең биік нүктесі – Ақбет тауы, ол 1026 м. биіктікте.

Таулы-орманды оазис 450 шаршы шақырымды алып жатыр, оның негізгі ерекшелігі – жартастар (Кемпіртас, көгершін, Булка (Найзатас), аттың басы, тас жастықтар және т.б.), Сабындыкөл (ауданы 7,4 шаршы шақырым) және Жасыбай (ауданы 4 шаршы шақырым) көлдері, үңгірлер (Әулиетас 22 м) және Драверта үңгі-

рі (тастағы жазулар), Құмыра (сарқырамасы бар 3 м), тас шатқалдары және т.б. көрікті жерлердің болуы.

Жасыбай, Сабындыкөл және Торайғыр көлдері жыл сайын мыңдаған туристерді қарсы алады, бұл үшін көл жағалауларында демалыс үйлері мен пансионаттар көптеп орналасқан.



### Сөздік

орын тепкен – расположен  
елдімекен – населенный пункт  
ерекше жаралған – особенный (по природе)  
сарқырама – водопад  
тас жастықтар – каменные подушки  
үңгір – пещера

**1-тапсырма.** *Баянауыл қаласы туралы оқып, мәліметтермен толықтырыңыз.*

1. Баянауыл ауылының өзі – өте көрікті жер, халқы 4472 адамды құрайды. 1826 жылы тұрғындардың жалпы саны 800 болған. Ал 1833 жылы ғана Баянауыл округ болып құрылды.

**2-тапсырма.** *Осы ұлы тұлғалардың өмірбаяны мен еңбектері туралы мәлімет жинаңыз.*

Баянауыл елімізге танымал ең алғашқы академик Қ. Сәтбаевтың, Ш.Шөкиннің, М.Ж.Көпеевтің, Ж.Аймауытовтың, қазақтан шыққан алғашқы кинорежиссер Ш.Аймановтың және т.б. атақты адамдардың дүниеге келген жері.

Экскурсия жүргізушісі келген қонақтарға көрікті жерлерді аралағанда айтатын сөздері....

Баянауылға барудың сәті түсті.

Өз сөзіңізбен Баянауылдың табиғатын сипаттап айтыңыз.

**Грамматикалық тақырып**  
**Жалғаулардың түрлері (тәуелдік, көптік, жіктік, септік)**

Сөздер жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылы береді. Көптік мағынаны білдіру үшін сөздерге *көптік жалғауы* жалғанады. Мысалы: *ағаш-тар, көше-лер, қыз-дар* т.б.

Көптік жалғауының түрлері мыналар: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Көптік жалғауының түрліше болуы түбір сөздің соңғы дыбысына байланысты.

Тәуелдік жалғауы заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіреді. Тәуелденетін зат үш жақтың біріне меншікті болып тұрады, сол себепті тәуелдік жалғауының үш жағы және әр жақтың өзіне тән жалғаулары болады.

Жекеше түрі	Көпше түрі
I жақ <b>-м, -ым, -ім</b>	I жақ <b>-мыз, -ымыз, -міз, -іміз</b>
II жақ <b>-ң, -ың, -ің</b>	II жақ <b>-тарың, -терің, -дарың, -дерің, -ларың, -лерің</b>
II жақ <b>-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз</b>	II жақ <b>-тарыңыз, -теріңіз, -дарыңыз, -деріңіз, -ларыңыз, -леріңіз</b>
III жақ <b>-сы, -сі, -ы, -і</b>	III жақ <b>-сы, -сі, -ы, -і</b>

Сөздердің тәуелденуі **оңаша тәуелдену** және **ортақ тәуелдену** болып екіге бөлінеді.

Бір немесе бірнеше заттың бір ғана затқа меншікті болуын білдіретін тәуелдену **оңаша тәуелдену** деп аталады. Басқаша айтқанда, заттың жекеше түрде тәуелденуі.

Бір немесе бірнеше заттың көп затқа меншікті болуын білдіретін тәуелдену **ортақ тәуелдену** деп аталады. Басқаша айтқанда, заттың көпше түрде тәуелденуі.

Мысалы:

Оңаша тәуелдену:	Ортақ тәуелдену:
Менің компьютер- <b>ім</b> , телефон- <b>ым</b> .	Біздің компьютер- <b>іміз</b> , телефон- <b>ымыз</b> .
Сенің компьютер- <b>ің</b> , телефон- <b>ың</b> .	Сендердің компьютер- <b>лерің</b> , телефон- <b>дарың</b> .
Сіздің компьютер- <b>іңіз</b> , телефон- <b>ыңыз</b> .	Сіздердің компьютер- <b>леріңіз</b> , телефон- <b>дарыңыз</b> .
Оның компьютер- <b>і</b> , телефон- <b>ы</b> .	Олардың компьютер- <b>і</b> , телефон- <b>ы</b> .

Сөздің жіктік жалғауларын қабылдауын жіктелу дейді. Жіктік жалғауы бастауыш пен баяндауышты байланыстырады. Сондықтан, жіктік жалғаулы сөз әрқашан баяндауыш болады да, сөйлемді тиянақтап тұрады.

Жіктік жалғауы негізінен етістікке жалғанады. Сондай-ақ, есім сөздерге де жалғана береді. Бірақ жіктік жалғауы кез келген есім сөзге жалғана бермейді, тек адамның кім екенін, қандай екенін білдіретін және кәсібін көрсететін есім сөзге жалғанады.

Мысалы:

Есім сөздің жіктелуі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен кәсіпкер <u>мін</u>	Біз кәсіпкер <u>міз</u>
II	Сен кәсіпкер <u>сің</u>	Сендер кәсіпкер <u>сіңдер</u>
II	Сіз кәсіпкер <u>сіз</u>	Сіздер кәсіпкер <u>сіздер</u>
III	Ол кәсіпкер	Олар кәсіпкерлер

Етістіктің жіктелуі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Мен сөндірем <u>мін</u>	Біз сөндірем <u>із</u>
II	Сен сөндірес <u>ің</u>	Сендер сөндірес <u>іңдер</u>
	Сіз сөндірес <u>із</u>	Сіздер сөндірес <u>іздер</u>
III	Ол сөндіред <u>і</u>	Олар сөндіред <u>і</u>

Сөздердің септік жалғауларын қабылдауын септелу дейді. Зат есім жекеше және көпше түрде септеледі. Септік атаулары, сұрақтары және жалғаулары төмендегіше:

Атау. Кім? Не?

Лік. Кімнің? Ненің? -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің

Барыс. Кімге? Неге? Қайда? -а, -е, -қа, -ке, -ға, -ге, -на, -не

Табыс. Кімді? Нені? -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н

Жатыс. Кімде? Неде? Қайда? -да, -де, та, -те, -нда, -нде

Шығыс. Кімнен? Неден? -дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен

Көмектес. Кіммен? Немен? -мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен

Септелудің екі түрі бар: **жай септелу** және **тәуелді септелу**. Сөздердің тәуелденбей тұрып түбір күйінде септелуі **жай септелу** деп аталады. Сөздердің тәуелденіп барып септелуі **тәуелді септелу** деп аталады.

Мысалы:

Жай септелу	Тәуелді септелу
А. Компьютер	А. Компьютер-ім
І. Компьютер-дің	І. Компьютер-ім-нің
Б. Компьютер-ге	Б. Компьютер-ім-е
Т. Компьютер-ді	Т. Компьютер-ім-ді
Ж. Компьютер-де	Ж. Компьютер-ім-де
Ш. Компьютер-ден	Ш. Компьютер-ім-нен
К. Компьютер-мен	К. Компьютер-ім-мен

### ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

В казахском языке суффиксы *-тағы, -тегі, -дағы, -дегі* присоединяются к именам существительным, образуя имена прилагательные находящиеся в местном падеже, и переводятся как «тот, который находится», «тот, который принадлежит»: *компьютердегі файлдар* (файлы, которые на компьютерах), *менің папкадағы файлдар* (файлы, которые на моих папках), *компьютер үстеліндегі флешка* (флешка, которая лежит на компьютерном столе) и т.д.

**3-тапсырма.** Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғауларды жалғап сөйлем құраңыз.

Бастық, кеңесшім, құжат, отан, өтініш, мамандық, куәлік, білім, еңбекақы, уақыт.

**4-тапсырма.** Ортақ тәуелденген сөздерді тауып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Менің отыру орнымның нөмірі ....

Сенің жол жүгің.....

Сіздің тапсырысыңыз....

Біздің турагенттігіміз....

Сендердің жағажайларыңда...

Сіздердің көңіл- күйлеріңіз

Олардың іссапары.....

**5-тапсырма.** Жіктеңіз.

Мен саяхаттағанды ұнатамын. Біз \_\_\_\_\_.

Сен \_\_\_\_\_ Сендер \_\_\_\_\_.

Сіз \_\_\_\_\_ Сіздер \_\_\_\_\_.

Ол \_\_\_\_\_ Олар \_\_\_\_\_.

**6-тапсырма.** Әртүрлі септікте тұрған іссапар сөзімен бірнеше сөйлем құраңыз.

Үлгі: Іссапармен Англияға барамын.

**7-тапсырма.** Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Мои друзья позвонили в турагентство. Стюардесса принесла чай с молоком. В моей сумке есть билеты и документы, личные вещи. Он поменял билеты на другой день. Время вылета самолета изменилось. Люблю фотографировать природу и птиц. Он ловит рыбу и сам ее жарит. Это моя любимая страна.

**Ұлылардан қалған сөз.**

**Қазыбек бидің жасауабын оқып, «әкім» туралы ойды толықтырыңыз.**

Бала би Қазыбек биден «әкім» деген сөзді шешіп беруді өтініпті. Сонда Қазыбек би:

Ә – әділ бол,

К – күншіл болма, көпшіл бол,

П – ырысқанды бол,

М – мәсхәүрәтшіл болма, – деген жазуа берді.



### **Зеренді**

Зеренді өлкесі ну тоғай-орманымен, шатқалы мен таулы күмбездерімен әйгілі. Бұл жасыл аймақ жасыл ормандарымен, хош иісті шөптерімен және қайын-қарағай сұлулығымен көз тартады. Құрамында озоны бар шипалы ауа бал қарағайлардың еңбегі. Орман ішінде туристтер сүрлеу жолдар бойымен аяндай алады. Машина және жаяу жолдардан басқа мұнда ат және велосипед жүретін жолдар салынған. Қыстыгүні шаңғы тебу мүмкіндігі де бар. Құстар мен балықтарға бай көлдер мен ормандар, шүйгін жайылымды жазық дала көне дәуірден бастап-ақ адамдардың назарын өзіне аударған болатын. Жаз болса өзінің ыстық лебін әкеліп, жеміс-жидек пен саңырауқұлақтарын кең дастархандай жаяды. Ал көл сулары балықтардың түр-түріне молаяды.





## Сөздік

өлке – край  
шатқал – ущелье  
таулы күмбез – горный купол  
эйгілі – известный  
орман – лес  
хош иісті шөптер – травы с приятным ароматом  
қайын-қарағай – березы-сосны  
бал қарағай – лиственница  
сұдулығымен көз тартады – ласкающий взгляд  
сүрлеу жолдар – тропинки  
аяндай алады – могут остановиться  
шүйгін жайылымды – пастбища с сочной травой  
молаяды – обогащаются

### 1-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

Когда не хочется тратить драгоценное время на долгие перелеты в другие страны и в то же время жертвовать комфортом, наступает время открывать для себя незнакомые уголки Казахстана. Многие туристы с разных стран мира узнают о Зеренде и стремятся попасть в это притягивающее место! В Зеренде построено не мало домов отдыха по высшему разряду! Самые крупные санатории Центр Отдыха «Зерен» и Сункар летом большое количество гостей, бронировать нужно заранее! Так же работают: дом отдыха «Арман», «Қарағайлы», спортивные оздоровительные лагеря «Тулпар».

### 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Мемлекеттік тілге деген құрмет пен ықыласты қалай жоғары көтеруге болады?

Сіздің ойыңызша...

Қазіргіле деген сұраныс қандай деңгейде?

### 3-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Зеренді	көз тартады
Хош иісті	көлі
Сұлулығымен	шөптер
Шипалы	дала
Жазық	ауа

*Сөздерді оқып, мақал-мәтелдер құраңыз.*

1. Болса, ақылың, сақта, арынды .....  
Керек, әр, ар-ұят, уақытта. ....
2. Жақсылық, қылған, жақсыға .....  
Тозбайды, өмірінде, .....  
Жаманға, жақсылық, қылған .....  
Бір, болмайды, күнгідей. ....
3. Түкірме, су, құдығыңа, ішкен.

### Грамматикалық тақырып

#### Шылау. Септеулік шылау. Демеулік шылау. Жалғаулық шылау. Көмекші есімдер

**Шылау** – сөздер мен сөйлемдерді байланыстыратын және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына беретін сөз табы. Шылаулардың үш түрі бар. Олар: *септеулік шылау, демеулік шылау, жалғаулық шылау.*

**Септеулік шылау** – белгілі бір септікте тұрған сөзбен ғана тіркесіп қолданылады. Сөздерді сабақтастыра байланыстырады. Септеулік шылауларға мыналар жатады: *туралы, сияқты, үшін, сайын, дейін, қарай, тарта, жуық, кейін, соң, әрі, гөрі, бері, бірге, қабат, қатар, т.б.*

**Демеулік шылау** – сөздерді байланыстырмайды. Тек өзі біркескен сөзге қосымша мағына үстейді. Демеулік шылаулардың төмендегідей түрлері бар:

Сұраулық: ма, ме, ба, бе, па, пе, ше.

Күшейткіш: -ақ, -ау, -ай, да, де, та, те.

Белгісіздік: -ау, -мыс, -міс, кейде.

Болымсыздық: түгіл, тұрсын, тұрмақ.

Шектік: ғана, тек, кейде, -ақ.

Нақтылау: -ды, -ді, -ты, -ті, ғой.

**Жалғаулық шылау** – сөздер мен сөйлемдерді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылау төмендегідей бөлінеді:

**Ыңғайластық:** және, әрі, да, де, ма, ме, т.б.

**Қарсылықты:** бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, т.б.

**Себеп-салдар:** өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін, т.б.

**Талғаулықты:** не, немесе, я, я (не) болмаса, яки, т.б.

**Кезектес:** кейде, бірде, біресе.

**Шартты:** егер, егер де.

Лексикалық мағынасынан айырыла бастап, сөйлемде екінші бір зат есім сөздің легінде қолданылатын зат есімдер **көмекші есімдер** деп аталады. Масалы, *сырт, иш, маң, алд(ы), арт(ы), үст(і), қас, жан* т.б. (Ауылдың жаны терең сай)

Әдетте көмекші есімдер тәуелдік жалғауында тұрып, негізгі зат есіммен тіркесіп сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

#### **4-тапсырма.** *Мәтінді аударыңыз.*

Туристов, приезжающих в этот край, можно разделить на три группы. Первая – это искатели острых ощущений и любители спортивного отдыха. Летом здесь настоящее раздолье для рыболовов, охотников, любителей бега, плавания и дайвинга.

Вторые приезжают сюда прежде всего поправить свое здоровье в отелях, домах отдыха и санаториях. Зерендинские воздух и вода считаются лечебными. Местные врачи предлагают таким отдыхающим больше времени проводить на свежем воздухе и как минимум 3-4 раза в неделю совершать прогулки по специальным пешеходным маршрутам. Это поднимает настроение и надолго улучшает самочувствие. А еще здесь, в местных лесах, можно запастись витаминами на всю зиму – набрать малины, земляники, брусники. Третья категория людей (и таких в последнее время становится все больше) мечтает просто отдохнуть от «прелестей» цивилизации – городской суеты, грязи и шума.

**5-тапсырма.** *Көп нүктенің орнына тиісті шылауарды қойыңыз.*

1. Асқар Айжан – даяшылар. 2. Олар таңертең жұмысқа бірге барды, жазда ... бірге демалады. 3. Асқар – ағылшын тілін ... жапон тілін үйреніп жүр. 4. Айшат Айгүл – олардың достары. 5. Гүлнәз Гүлнәр білікті мамандар.

Тиісті шылаулар: және, әрі, пен, да, де, мен.

**6-тапсырма.** *Жарнама жасап үйреніңіз:*

Шипажайлық -курорттық емделу; балаларды сауықтыру демалысы, туристік-спорттық, дамыту- оқыту, саяхат-экскурсиялық; демалыс үйлері – Бурабай (жыл бойы «Жансая» ДҮ) климаттық курорт аймағындағы демалысты және Қазақстанның көркем қорығы – Баянауылда («Алтын-Баян» ДҮ) демалуды ұсынамыз. Демалыс үйінде орналасу шарттары люкс, жартылай люкс санатына сәйкес және отбасылық, ұжымдық (конференция өткізу), балалар демалысына арналған.

**7-тапсырма.** *Көрішіңізбен сөйлесіп, жаттығыңыз.*



**У меня забронирован номер в вашей гостинице**

Маған осы қонақүйден бөлме брондалып қойған

**У меня в номере нет горячей (холодной) воды**

Менің бөлмемде ыстық (суық) су жоқ

**У меня в номере не работает кондиционер / телевизор**

Менің бөлмемде желдеткіш / теледидар жұмыс істемейді

**8-тапсырма.** *Поэзия минуты. Абай өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұндап беріңіз.*

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,  
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.  
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.  
Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,  
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.  
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,  
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?  
Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай бере,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.

**9-тапсырма.** *Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

1. Туристы живут в палатках, готовят еду, разводят костер и поют песни. 2. Об этом турагентстве я узнал из интернета. 3. Ежегодно здесь отдыхают около двухсот человек. 4. После приезда из командировки нужно зайти к бухгалтеру. 5. Вместе с тем, в стоимость путевки включен завтрак и проезд в оба конца. 6. Якобы, согласно легенде, на острове обитают загадочные животные. 7. Погода в городе переменчивая: то льет дождь, то становится жарко. 8. За домом растут красивые цветы и их каждое утро поливает садовник. 9. Он занимается спортом, плавает в бассейне, а также ходит на турпоходы.



### **«Шымбұлақ» тау шаңғы курорты**

«Шымбұлақ» тау шаңғы курорты – Іле Алатауы шатқалында 2510 метр биіктікте орналасқан. Таудың керемет көрінісі, жұмсақ климаты мен шуағы мол, қар қабатының ұзақ уақыт жатуы туристер мен тау шаңғы спорты әуесқойларын еріксіз өзіне тартады. Шымбұлақты желтоқсаннан сәуір мезгіліне дейін қар басып жатады. Мұнда келіп, шаңғыға алғаш рет тұрғандар да өзін өте ширақ сезінеді. Әртүрлі шаңғы трассалары, шапшаңдықпен түсетін және слалом –алыптар трассалары, ыңғайлы көтергіштер, тау шаңғы мектебі бар.

Балаларымен келген туристерге ыңғайлы болу үшін, «бэби-лифт» – көтергіші бар балалар алаңы жұмыс істейді. Курортта қонақүй, мейрамхана, боулинг және сауна моншасы бар.



### Сөздік

тау шаңғы курорты – горнолыжный курорт  
жұмсақ климат – мягкий климат  
шуағы мол күндер – большое количество солнечных дней  
қар қабаты – снежный покров  
әуесқой – любитель  
еріксіз – невольно  
қар басып жатады – держится снег  
ширақ сезінеді – чувствует себя уверенно  
шапшаңдықпен түсетін – скоростной спуск  
ыңғайлы көтергіштер – удобные подъемники

### 1-тапсырма. Тапсырманы орындаңыз.

1. Шымбұлаққа барғанда алған әсерлеріңіз туралы шығарма жазыңыз.
2. Шаңғы тебудің денсаулыққа адамға тигізетін пайдасы туралы әңгімелеңіз.



### 2-тапсырма. Денсаулық туралы мақал-мәтелді жазтаңыз.

1. Тәні саудың- жаны сау.
2. Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің.
3. Ауырып ем іздегенше,  
Ауырмайтын жол ізде
4. Ұйқы – тынықтырады,  
Жұмыс шынықтырады.

### 3-тапсырма. Мына сөз тіркестерін аударыңыз.

Казахстанская туристская компания «Abdi travel»; высокий уровень обслуживания; среди наших партнёров и клиентов, ориентируясь на прием гостей по всему миру; радушный,

высококвалифицированный персонал и его неординарный подход к своему делу; успешно работает на рынке туризма; мы находимся в самых прекрасных городах Алматы и Астана; позволили нам завоевать заслуженный авторитет.

#### **4-тапсырма.** *Мәтінді өз сөзіңізбен айтыңыз.*

«Табаган» спорттық сауықтыру кешені Алматы облысының Талғар ауданына жақын ұлттық табиғи қорықта орналасқан. Алматы шекарасынан 17 шақырым қашықтықта, ауданы – 55 гектар. Ең биік нүктесі теңіз деңгейінен 1650 метр шамасында.

Табаган қыстыгүні тау шаңғы, сноуборд және коньки тебуге болатын үлкен думанды орынға айналады. Трассалардың орташа ұзындығы – 1800 метр. Ал жаз маусымында ашық аспан аясында тау туризмін ұйымдастыруға, квадроциклмен, тау велосипедімен өткізуге таптырмайтын жер.

#### **5-тапсырма.** *Жарнаманы оқып, өз жарнамаңызды беріңіз.*

Туристік агенттігі сізге қалаған еліңізге баратын барлық турларды ұсынады, визалық көмек, авиа және теміржол билеттерін брондау, шетелде және ТМД елдерінде қонақүйлерде орынды брондау, транспорттық көмек көрсету, ағылшын, неміс тіліндегі аудармашылар қызметін көрсетеді.

- Демалу мақсатында: туристік саяхатқа Туркияға (Анталия, Кемер, Белек, және т.б.), Тайландқа, Малайзияға 7, 10 күндік турларға жібереді.

**Ем қабылдау турлары:** Чехиядағы «Карловы Варь», Германиядағы «Баден-Баден», Израильдегі «Өлі теңіз» курортына және т.б. жерлерге баруыңызға болады.

- Шетелде білім алу: 8-12 жас аралығындағы балаларға арнайы жасалған бағдарлама бойынша ағылшын тілін Мальтада, Англияда (Лондон) оқиды. 16 жастан үлкен балаларға арналған арнайы оқу, білім алу турлары ұйымдастырылады. Бағдарламамен оқу, толық пансионды тамақтану, авиабилет, медициналық сақтандыру, әлеуметтік іс-шаралар кіреді. Оқудан кейін арнайы оқу курсы бітіргені туралы сертификат беріледі.



**6-тапсырма.** *Медеу және Шымбұлаққа экскурсия жасаңыз, әңгімелеңіз.*

Медеу – әлемдегі биік таулы ірі мұз айдыны. Экскурсия кезінде туристердің қалауы бойынша осы ерекше мұз айдынында 1 сағат бойы сырғанауға болады. Сонымен қатар, туристерді селдерден қорғау мақсатында Кіші Алматы өзенінде тұрғызылған плотина қызықтырады. Бұл жерден тау шыңдарының көрінісі керемет (830 баспалдақ). Экскурсанттың қалауы бойынша плотинаға да көтерілуге болады. Шымбұлақ тау курорты Іле Алатауының бөктерінде теңіз деңгейінен 2200 м биіктікте орналасқан. Тау шаңғы трассаларында үш аспалы жол (канатная дорога) бар, ол арқылы 20 минут ішінде Талғар асуында (3200 м) боласыз. Сноубордпен айналысатындарға сноупарктер, ал балаларға сырғанауға арналған баллонды көтергіш бар. Шымбұлақта қараша-мамыр айларында шаңғы тебуге, ал жаз айларында қар жамылғысы бар тау көрінісін тамашалауға болады. Экскурсияның бағасы – бір оқушыға 3000 тг, топ 18 адамнан кем болмау керек.

### Грамматикалық тақырып

#### Етістіктердің шақтары (өткен шақ, осы шақ, келер шақ)

Етістіктің шақтары – іс-қимылдың уақытын білдіретін етістіктің тұлғасы. Етістіктердің шақтары үшке бөлінеді. Олар: осы шақ, келер шақ, өткен шақ.

Осы шақ – сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді.

Осы шақ		
Нақ осы шақ		Ауыспалы осы шақ
Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді		Күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді.
Жалаң н.о.ш. жатыр, отыр, жүр, тұр салт етістіктерінің жіктелуі арқылы	Күрделі н.о.ш. (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) (жатыр, отыр, жүр, тұр) + ж.ж.	етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы
жатырмын, отырсың, тұрсыз	бар-а жатырмын, кел-іп отырсың.	Күнде сабаққа бар-а-мын.

<b>Келер шақ</b>		
<b>Болжалды келер шақ</b>	<b>Мақсатты келер шақ</b>	<b>Ауыспалы келер шақ</b>
Іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді.	Іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.	Алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.
етістік + (-ар, -ер, -р) + жіктік жалғауы	етістік + (-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек) + (-шы, -ші) + жіктік жалғауы	етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы
Ертең сабаққа бар-ар-мын.	Ертең сабаққа бар-мақ-шымын.	Ертең сабаққа бар-а-мын

<b>Өткен шақ</b>		
<b>Жедел келер шақ</b>	<b>Бұрынғы келер шақ</b>	<b>Ауыспалы келер шақ</b>
Іс-қимылдың жуық арада болатынын білдіреді.	Іс-қимылдың жалпы болғанын білдіреді.	Сөйлеп тұрған уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді.
етістік + (-ды, -ді, -ты, -ті) + жіктік жалғауы	етістік + (-ған, -ген, -қан, -кен, -ып, -іп, -п) + жіктік жалғауы	етістік + (-атын, -етін, -йтын, -йтін) + жіктік жалғауы
Кеше сабаққа барды-м.	Кеше сабаққа бар-ған-мын (бар-ып-пын).	Күнде сабаққа бар-атын-мын

**7-тапсырма.** Нақ осы шақтағы етістіктердің астын сызыңыз.

Бүгін Ерланның туған күні. Күн ашық, жарқырап тұр. Қонақтар жиналып отыр. Дина дастарханға қажеттілердің бәрін қойып жатыр. Кешігіп келген достары да Ерланды құттықтап, сыйлық-

тарын берді. Алыстан келген туған- туыс та сағыныштарын баса алмай, Ерланды сұрақтың астына алып жатыр. Әсем әуен қосылып, Ерланның әкесі де дастархан басына жайғасып жатыр.

**8-тапсырма.** *Сөйлемдерді ауыспалы келер шаққа қойып жазыңыз.*

*Үлгі: Мен үйдің жанындағы дәмханаға барамын. Мен ертең үйдің жанындағы дәмханаға барамын.*

Сен байқауға барасың. \_\_\_\_\_

Сіз концертке қатысасыз ба? \_\_\_\_\_

Ол байқауға қатыса ма? \_\_\_\_\_

**9-тапсырма.** *Ауыспалы келер шақта тұрған етістікті тауып, астын сызыңыз.*

Келесі жылы бұл жерде жаңа мейрамхана ашылады. Қызметкерлер жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Дизайнер қонақүйдің жиһаздарын тандап берді. Келушілер көбінесе қытай тағамдары мен қазақ тағамдарына тапсырыс береді. Келген қонақтарды қабылдау мен тіркеу, тұруына төлемді қабылдау қонақүй әкімшісінің міндетіне кіреді. Пойыз ертең теміржол стансасына келеді. Жолаушылар бүгін Көктума стансасына сағат бесте пойызға отырады. Жүргізуші демалушыларды кешке стансаға дейін жеткізіп салды. Пойыз жүріп кетті. Шығарып салушылар терезеге қарап, қол бұлғады. Ертең демалушылар үйлеріне қайтады. Бәрі де мәз, келесі жылы осында тағы да демалуға келмек.



*Алтын алма, алғыс ал,  
Алтын деген – жер сыйы,  
Алғыс деген – ел сыйы.*

**«Зеленый Бор» шипажайы**

«Зеленый Бор» шипажайы Щучье көлінің жағалауында Бурабай демалыс аймағында орналасқан. Тау, қылқанды орман мен көлдердің үйлесімі ландшафттардың қайталанбас сұлулығын көрсетеді.

Мұнда VIP-коттеждер, «Люкс» және «Стандарт» санатындағы 1, 2, 3, бөлмелі номерлер қызмет етеді. Бұл жерде қаладағы қарбаластың барлығын ұмытып, жаяу, шаңғымен және атпен серуендеп, табиғаттан күш жинап қайтасыз. Шаңғы, коньки және қарда жүруге арналған құралдарды жалға беру қызметі жұмыс жасайды.

Сондай-ақ, денсаулығыңызды күтіп, мамандардың кеңесін алып, теңіз және қылқанды ванналар мен душ емдеу шаралары, лай аппликациялары, лазерлі терапия, ингаляция, ішекті тазалау, сылау, парафинмен емдеу, гирудотерапия және тағы басқа емдеу, сауықтыру кешенін қабылдай аласыз.

Сізге заманауи жабдықталған хауыз бен бассейн, жаттығу және спорт залдары, бейнесалон, бильярд залы, тир және үстел теннисі қызмет етеді. Жазды күні ашық спорт алаңдарында футбол, волейбол, үлкен теннис ойнауға мүмкіндігіңіз бар.

**Сөздік**

үйлесім – гармония  
қайталанбас сұлулық – неповторимая красота  
денсаулықты күту – заботиться о здоровье  
қаладағы қарбалас – городская суэта  
құрал – инструмент  
сауықтыру кешені – оздоровительный комплекс  
қабылдай аласыз – сможете принять  
мүмкіндік – возможность  
ішекті тазалау – кишечное очищение  
сылау – массаж

### **1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіздің ойыңызша, адам өз денсаулығын күту үшін жылына бір рет демалуы қажет пе?
2. Демалыс орнына кіммен бірге баратын едіңіз?
3. Қазіргі замандағы ең арзан (қолжетімді) және ең қымбат демалыс орнын білесіз бе?

**2-тапсырма. Жағдаят бойынша рөлдік ойынға қатысыңыз. Қатысушылар:** демалыс орнының әкімшісі, дәрігері, демалушылар. Сұхбатты жалғасытырыңыз.

**Әкімші:** Бұл біздің дәрігеріміз. Аты- жөні -Әлия Асқарқызы.

**Дәрігер:** Хош келдіңіздер.

**Демалушы:** Сәлеметсіз бе. Медициналық қортындымызды алып келдік. Демалыс орнында қандай ем алуыма болатынын білгім келеді.

**Дәрігер:**

### **3-тапсырма. Жұптастырыңыз.**

Жалға беру	залы
Спорт	қызметі
Шучье көлінің	емдеу
Парафинмен	жағалауында
Қайталанбас	жабдықталған
Қылқанды	сұлулық
Заманауи	орман

### **4-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.**

- Отдых на лучших мировых курортах
- Экскурсионные групповые, а также и индивидуальные туры
- Экскурсионные программы для школьников, детские лагеря
- Туры выходного дня
- Туры класса VIP
- Организация деловых поездок (посещение выставок, организация семинаров, конференции)
- КРУИЗЫ – круглый год

- Организация свадебных туров для новобрачных
- Комбинированные туры по странам Европы, Азии, США
- Экзотические путешествия на острова трех океанов
- Эксклюзивные программы (сафари в Африке, рыбалка на о.Маврикий, туры на Северный полюс и т.д.)
- Лечение в лучших санаториях и SPA-центрах за рубежом, в странах СНГ, в Казахстане
- Спортивный туризм, организация поездок на Олимпиады, чемпионаты
- Оформление выездных документов, виз, медицинских страховок
- Бронирование авиабилетов в любую точку мира
- Индивидуальный подбор стыковок авиаперелета
- Железнодорожные билеты по Казахстану, СНГ и зарубеж
- Интересные условия сотрудничества с корпоративными и постоянными клиентами
- Гибкая система скидок, доставка авиабилетов и туристических ваучеров в Ваш офис.
- Визовая поддержка, приглашение и регистрация иностранных граждан.

*Тыныс белгілерін қойыңыз.*

Бұл қалада таныстарым болмағандықтан қонақүйге орналасуға тура келді. Ертең бастық жұмыста болмайды өйткені іссапарға кетеді. Қонақүйдің іші таза барлық жағдайлар жасалған.

## Грамматикалық тақырып

### Жедел өткен шақ. Бұрынғы өткен шақ. Ауыспалы өткен шақ

Өткен шақ		
Жедел өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ	Ауыспалы өткен шақ
Іс-қимылдың жуық арада болатынын білдіреді.	Іс-қимылдың жалпы болғанын білдіреді.	Сөйлеп тұрған уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді.
етістік + (-ды, -ді, -ты, -ті) + жіктік жалғауы	етістік + (-ған, -ген, -қан, -кен, -ып, -іп, -п) + жіктік жалғауы	етістік + (-атын, -етін, -йтын, -йтін) + жіктік жалғауы
Кеше сабаққа барды-м.	Кеше сабаққа бар-ған-мын (бар-ып-пын).	Күнде сабаққа бар-атын-мын

**5-тапсырма.** Ауыспалы өткен шақтың жұрнағын жсалғаңыз.

1.Бұрын демалушылар Алакөлге автобуспен ғана бар...  
2.Туристік агенттіктер аз бол... 3.Туризм мамандығы ол кезде жоғары оқу орындарында оқытылма... 4.Қазақстанда қазіргідей зәулім қонақ үйлер, мейрамханалар болма... 5.Жолаушылар жол жүру билетін ғаламтордан тапсырыспен алма... 6.Әлемнің кез келген бұрышына бара алма...

**6-тапсырма.** Бұрынғы өткен шақтың жұрнағын жсалғаңыз.

1. Бұл демалыс орынында мен былтыр демал...2. Дәрігерлері білікті, асханадағы асы дәмді, бөлмеде барлық қолайлықтары бар, денсаулығымды түзеп қайт... 3. Келушілердің сұранысына сай, жаңа қызмет көрсету түрі енгізіл... 4. Саяхатшылар бұл жерге қызығушылық танытады, жылдан жылға келушілер саны көбей... 5. Ыстықкөлге демалушылар жылда бар...6. Былтыр біздің агенттікте түрлі демалыстар мен саяхаттар бағасына жеңілдіктер жасал...

**7-тапсырма.** Төменде аталған елдерге саяхаттауға жарнама жасап үйреніңіз:

Турлар: Түркия, Египет, Тайланд, БАӘ, Грекия, Кипр, Мальдив аралдары; Қытай: демалыс – Хайнань, Далянь, Пекин, Павлодар – Үрімші – Павлодар шоп-турлары; Классикалық Еуропа: Франция, Италия, Испания; Экскурсиялар: Астана, Алматы және Санкт-Петербург бойынша; «Баянаул» турбазасы, «Голубой залив», Ыстық көл, Алматы, Бурабай демалыс үйлері; шипажайлық-курорттық емделу: Карловы-Вары, Белокураха, Щучинск, Рахмановские ключи, Оқжетпес, Мойылды, Қарғалы, Қазақстан; балалар-сауықтыру лагерлері: Бурабай, Шалдай қарағайлы орманы, рұқсатнамалар.

**8-тапсырма.** Орыс тіліне аударыңыз.

Қыстың боранды күндерінде жылқы етінен тағамдар жасаған (жал-жая, қазы- қарта, езілген құрт қосылған көже).

Жаз айларында – сүт, ет пен сары қымыз, ыстық шай.

Күздің қоңыр салқын күндерінде – қуырдақ, күзге сойған малдың етінен жасалған тағамдар.

Бұл тағамдардың кенеулі қасиеті ағзаны айналаның ауыспалы өзгерістерінен сақтап қалуға зор мүмкіндік берді.

Ыстық тағамдар тәбет ашуға, көңіл күйді көтеріп, асты сіңімді етеді.

Ыстық тағамдардың сіңімділігі мен қуаты адам ағзасына мол әсер тигізеді.





### Алакөл

Алакөл – тұзды ағынсыз көл. Ол Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының шекарасында орналасқан. Көлдің оңтүстік-шығыс жағында Жоңғар қақпасы орналасқан. Батыс жағында Көктума ауылы бар, ол қазақ-қытай шекарасынан 80 шақырым жерде жатыр. Шығысында – Қабанбай ауылы. Бұл ауыл дамыған туристік инфрақұрылымымен ерекше, Қабанбайдың шығысында 15 шақырым жерде Барлық-Арасан курорты орын тепкен.

Алакөлде курортты демалыс орындарының орналасу себебі – суының минералдарға бай болуында, оның құрамында Менделеев кестесінің элементтерінің көбі кездеседі, құрамы жағынан Қара және Өлі теңіздерге ұқсайды. Сондықтан бұл аймақта демалушылар емдік туризммен шұғылданады.

Көл жағалаулары тек емдік саяхаттар үшін ғана емес, тыныштықты қалайтын туристерге де аса тартымды. Бұл ретте Алакөл аумағындағы балық аулау мен аңшылық өте танымал.

Туризм бұл аймақта 10 шақты жыл дамып келеді, сондықтан көл жағасынан аса жайлы қонақүйлер мен демалыс үйлері қызмет көрсетеді.



ағынсыз – безсточная  
шекара – граница  
құрамында – в составе

## Сөздік

### 1-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Суы минералдарға	қақпасы
Демалыс үйлері	қалайтын
Жоңғар	бай
тыныштықты	кестесі
Көктума	инфрақұрылым
Менделеев	қызмет көрсетеді
Туристік	ауылы

**2-тапсырма.** *Досыңызға Алакөлге қалай жету керектігін түсіндіріңіз.*

#### **Астанадан**

Астана қаласынан Алматы жақ жағалауына жету үшін, алдымен ұшақпен Алматы қаласына жетіп алып, әрі қарай автобус немесе пойызбен баруға болады.

Астанадан пойызбен тікелей Көктума станциясына дейін баруға болады. Аптасына бір рет Үрімшіге (Қытай) баратын тікелей пойызға отыруға болады, сонымен қатар Көктумаға баратын басқа да тіркемелі вагондар болуы мүмкін.

Астана қаласынан Семей жақ жағалауға жету үшін, алдымен Семей қаласына жетіп алып (ұшақ, пойыз не автобус арқылы), Семей-Алакөл бағытындағы тікелей автобуска отыруға болады.

#### **Алматыдан**

Алматы қаласынан Алакөлдің оңтүстік жағалауына жеткен анағұрлым ыңғайлы. Алматыдан пойызбен Көктума станциясына дейін билет ала аласыз. Көктума және Ақши кенттері бір-біріне жақын орналасқан. Алматы автовокзалынан күн сайын автобус рейстері де қызмет көрсетеді. Жеке автокөлікпен шығатын бол-

саңыз, жол шамамен 650 шақырымды құрайды (10 сағат уақыт шамасында).

### **3-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Вода озера Алаколь обладает лечебными свойствами, а также богато сероводородными грязями, минеральными солями и имеет хлоридно-натриевый состав. Разнообразие природных факторов создает благоприятные условия для отдыха и лечения.

### **4-тапсырма.** Ризашылық білдірген саяхатшының хатын қазақ тіліне аударыңыз.

Спасибо за организацию тура в Южную Корею! Были в городе Сеул, с 16 по 23 февраля. Летали с целью пройти обследование и получить квалифицированную консультацию врачей. Агентством была продумана тщательная программа. Посетили три клиники: международная клиника Ханянг – тут мы проходили комплексное обследование; Анакли – клиника пластической хирургии и косметологии – тут была консультация врача-дерматолога и несколько базовых косметических процедур и клиника Восточной медицины Часенг – тут было обследование по восточной методике (клиника специализируется на проблемах спины, позвоночника). Вообще, положительные впечатления. Рекомендую! Всем здоровья и удачи!

Қалай демалып  
житқаныңыз жайлы  
досыңызға хат жазыңыз.

Сіз Алакөлде  
демалып  
жатырсыз

Алакөл суы несіктен  
шипалы деп ойлайсыз?

### **5-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыз.

Алакөлде қазір демалыс үйлері өте көп және ақшасы да қолжетімді. Сондай-ақ, көңіліңіз қалаған дәрежеде жайлы, қолайлы демалыс үйлерін тандауыңызға болады. Яғни, «көрпеңізге қарай көсілесіз». Мәселен, тәулігі 3 мың теңгеден бастап 45-50 мың теңгеге дейін тұратын қонақүйлер демалушыларға қызмет көр-

сетеді. Оның үстіне, көлден бес-алты шақырым жерде «Барлық Арасан» шипажайы бар. Онда жүрек суы, көз суы, асқазан суы деген ыстық қайнарлар жаныңызды жадыратады, тәніңізге шипа. Емделушілерге таптырмайтын жер. Көлге де түсесіз. Ыстық суға да емделесіз.

«Өмірбаян» сөзжұмбағын  
шешіңіз.

Ө					
М					
І					
Р					
Б					
А					
Я					
Н					

1. Ою сөзімен мағыналас сөз.
2. Той сөзімен мағыналас сөз.
3. Үлкен сөзімен мағыналас сөз.
4. Алғыс айту сөзімен мағыналас сөз.
5. Дүние сөзімен мағыналас сөз.
6. Қиял сөзімен мағыналас сөз.
7. Сөйлемді байланыстыратын сөз.
8. Анаңыздың бауырлары.

**Грамматикалық тақырып**  
**Нақ осы шақ. Ауыспалы осы шақ.**

<b>Осы шақ</b>		
<b>Нақ осы шақ</b>		<b>Ауыспалы осы шақ</b>
Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді		Күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді.
Жалаң н.о.ш. жатыр, отыр, жүр, тұр салт етістіктерінің жіктелуі арқылы	Күрделі н.о.ш. (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) (жатыр, отыр, жүр, тұр) + ж.ж.	етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы
жатырмын, отырсың, тұрсыз	бар-а жатырмын, кел-іп отырсың.	Күнде сабаққа бар-а-мын.

**6-тапсырма.** Қажетті қосымшаларды қойыңыз.

1. Сен шипажайда демалып жатыр... ба? 2. Сіз Сарыағашқа демалуға жылда бара...ба? 3. Мен қайықта отыр.... 4. Біз шетелде дүкен аралай ... 5. Тауға барғанда жылы киім кие... 6. Сіздер демалушыларға қандай ойын- сауық ұсына....? 7. Сен ол жерде мұражайларға бара... ма? 8. Сен әуежай кассасының нөмірін біле.... бе? 9. Сендер Шри-Ланкаға бара.... ба?

**Қосымшалар:** -мын/-мін, -сың/-сің, -сыңдар/-сіңдер, -сыз/-сіз, -сыздар/-сіздер, -мыз/-міз

**7-тапсырма.** Мейрамханадан өзіңізге және достарыңызға салат таңдап, тапсырыс беріңіз.



**Салаттар:**

**Грильдегі бұзау еті және каперстермен**

(Мейрамханамыздың қымбатты қонақтарына арналған фирмалық салат, украин дәстүрлері сақталған, қызыл шараппен ұсынамыз)

**Грильдегі ақсерке және зәйтүн жемістерімен**

(Бізге Жерорта теңіздерінен келген танымал салаттардың бірі, ақсерке, зәйтүн жемістері, көк зәйтүн жемістері, қытырлақ салат жапырағы, аздап қуырылған кәді, черри қызанағы, бальзамик, прован шөптері, зәйтүн майы)

### **«Монастырь»**

(Піскен үрмебұршақ, жас қияр, тәтті қызанақтың жұмсағы, голландия ірімшігі, жұмыртқа, үй майонезі мен ақжелек тұздығындағы ысталған бұзау еті, Киев-Печерский лавры монахтарының рецепті)

### **«Хуторянка»**

(Үй өсімдік майы қатылған піскен сиыр тілінің тілімдері, шала тұздықты саңырауқұлақтар, жас қияр, сарымсақ, қытырлақ салат жапырағы)

### **«Украин»**

(Зәйтүн майындағы сары майға қуырылған тауықтың жұмсақ еті, шырынды қызанақ, жас қияр, болгар бұрышы, фетакса, салат жапырағы)

*Ел-жұртыңның қадірін  
Іс түскенде білерсің,  
Сары тонның қадірін,  
Қыс түскенде білерсің.*

## Бұқтырма

**Бұқтырма** – ШҚО аумағымен ағып өтетін өзен, Ертістің оңтүстік саласы. Бұл өзенде су қоймасы орналасқан, ол әлемдегі жасанды су қоймаларының ішіндегі ең ірілерінің бірі. Бұқтырма су қоймасы Ертіс өзенімен жүретін кемелерге ыңғайлы жол салады, сонымен қатар балық шаруашылығын кең дамытқан. Екі бөліктен тұрады: Ертіс өзенінің бойы мен Зайсан көлі.

Бұқтырма су қоймасының жағасында Өскемен қаласынан 101 шақырымда Оңтүстік Алтай бауырында Жаңа Бұқтырма кенті орналасқан. Ол ШҚО-ның Зырян ауданына кіреді.

Бұқтырманың оңтүстік және солтүстік жағалаулары туристердің сүйікті орны, сондықтан демалыс аймағы болып табылады. Сол жағалауы белсенді емес туризмге арналса, оң жағалауы белсенді демалыс үшін өте ыңғайлы.




### Сөздік

сала – разветвление  
белсенді емес – пассивный  
белсенді – активный

**1-тапсырма.** *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

- 1) Бұқтырма су қоймасы қайда орналасқан?
- 2) Оның пайдасы қандай?
- 3) Бұқтырманың қай жағалауы туристердің белсенді демалысына ыңғайлы?

## 2-тапсырма. Рафтинг туралы әңгімелеңіз.



Рафтинг – бұл қиындық пен қызыққа толы, эмоция мен адреналин шығаратын белсенді демалыс түрі. Ол су қатерін жеңгісі келетіндер мен өзінің төзімділігі мен беріктігін сынап көргісі келетіндерге арналады.



## 3-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Бұқтырма	өзен
Ағып өтетін	сүйікті орны
Туристердің	туризм
Енжар	су қоймасы
Балық	бойы
Ертіс өзенінің	шаруашылығы



**Грамматикалық тақырып**  
**Мақсатты келер шақ. Болжалды келер шақ**

Келер шақ		
Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ	Ауыспалы келер шақ
Іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді.	Іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.	Алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.
етістік + (-ар, -ер, -р) + жіктік жалғауы	етістік + (-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек) + (-шы, -ші) + жіктік жалғауы	етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы
Ертең сабаққа бар-ар-мын.	Ертең сабаққа бар-мақ-шымын.	Ертең сабаққа бар-а-мын

**4-тапсырма.** Сөйлемдердегі өткен шақтағы етістіктерді ауыспалы келер шаққа айналдырып жазыңыз.

Жұмыс істеп үйрену үшін қызметтік міндеттермен таныстық. Әріптестеріміздің, әкімшінің аты- жөнін сұрап білдік. Тапсырыс көп болды, қатты шаршадық. Үйге келген соң, компьютерді қосып, агентке кірдік. Достарыммен сөйлестім, білмеген ақпаратты интернеттен іздеп, таптым. Интернеттен өзіме пиццаға тапсырыс бердім.

**5-тапсырма.** Мына етістіктерге ауыспалы осы шақтың жұрнағын қосыңыз және оларды болымсыз түріне айналдырыңыз.

*Үлгі: орнату – орнатамын-орнатпаймын.*

Ашу, жазу, жөндеу, басу, көшіру, есептеу, дайындау, жабу, сөндіру, қосу, үйрету, өшіру, оқу, шығу, іздеу, істеу, сақтау, қию, күту.

**6-тапсырма.** Мына сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз және айырмашылығын айтыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

1. Мен ертең іссапармен жолға шығамын. Мен ертең іссапармен жолға шықпақпын. Мен ертең іссапармен жолға шықпақпын. Мен ертең іссапармен жолға шығармын.

2. Шетелге барсам, суретке түсемін. Шетелге барсам, суретке түспекпін. Шетелге барсам, суретке түсермін.

3. Ол мейрамханадан өзіне дәмді тағамдар алады. Ол мейрамханадан өзіне дәмді тағамдар алмақ. Ол мейрамханадан өзіне дәмді тағамдар алар.

4. Туристер тауға жаяу барады. Туристер тауға жаяу бармақшы. Туристер тауға жаяу барар.


5. Сіз жолдастарыңызбен бірге қайықпен серуендейсіз. Сіз жолдастарыңызбен бірге қайықта серуендемексіз. Сіз жолдастарыңызбен бірге қайықта серуендерсіз.

**7-тапсырма.** Жарнама жасап үйреніңіз:

Халықаралық туризм түрі – қажылық; келісім-шартқа сәйкес жалданатын үйлерде қажылыққа барушылар тұрғын үймен, тамақтанумен, бірегей киім-кешекпен, жол қолдорбасымен, ырымдарға оқумен, қажетті әдебиетпен, әуе көлігімен ырым жасау орнына жеткізуді қамтамасыз етеді. Сауд Аравиясы Корольдігіне рұқсатнама рәсімдеу қызметтері.



*Пәлен жерде алтын бар,  
Өз еліңдей қайда бар.*



### Ақыртас жұмбағы

Бұл жол Тараздан шығысқа, Ақшолақ теміржол стансасынан оңтүстікке қарай жатыр. Оңтүстік Қазақстан жұмбағы мол ескерткішінің бірі Ақыртас осында тұр. Оның салыну тарихы, құрылысының авторы жайында ешқандай дерек жоқ. Бұл бір орасан, жоспары батыл бітпей қалған ғимарат кең ішкі ауланың төңірегіне шоғырланған үйлер кешенінен тұрады. «Ақыртас» туралы түрлі қызықты, керемет аңыздар бар. Саяхат барысында туристер осы қалашық жасырған сыр мен құпияны ашуға тырысып көреді.




#### Сөздік

оңтүстікке қарай жатыр – расположен к югу  
деректер – факты  
төңірегіне – возле  
шоғырланған – собранные  
құпияны ашу – открыть тайну

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Ақыртас жұмбағы қай жерде орналасқан?
- 2) Ескерткішті неге Қазақстанның оңтүстік жұмбағы деп атайды?
- 3) Туристтер Ақыртас жұмбағына не үшін барады?



### 2-тапсырма. Жарнама жасап үйреніңіз:

Алда болатын саяхат үшін «Премьер-Турді» таңдай отырып – Сіз тыныштық пен жайлылық, сапа мен тиімді тарифтерге ие боласыз. Қазақстан және Ресей аумақтарындағы үздік шипажайлар мен демалыс үйлерінде демалып, емделуді ұсынамыз, Түркия, Египет, БАӘ маусымдық турлар, Қытайға іскер адамдар үшін шоп-турлар, Қазақстанның шипажайлары мен демалыс үйлері, Ресейдің профилакторлық шипажайлары мен демалыс үйлері, рұқсатнама жасау көмегі беріледі, бүкіл әлем бойынша кез келген бағыттар бойынша барлық көлік түрлеріне билеттер, Air Astana, KD авиа, Белавиа, S7, Ресей, Аэрофлот, Air Arabia әуекомпанияларының әуе билеттері.

### 3-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Сыр мен құпияны	барысында
Саяхат	үйлер
Түрлі аңыздар	ашу
Жұмбағы мол	теміржол стансасы
ақшолақ	ескерткіштердің бірі
шоғырланған	бар

### 4-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

1 день. Прибытие в Алматы. Встреча в аэропорту, переезд в гостиницу. Размещение в гостинице Казжол. Отдых. Завтрак.

Экскурсия по городу: посещение парка 28 панфиловцев, Кафедрального собора, музея музыкальных инструментов, национального музея, урочище Медео, площадь Республики (4 ч). После обеда подъем на канатной дороге на гору Кок-Тюбе, прогулка по окрестностям, вид Алматы с птичьего полета. Возвращение в гостиницу. Ночлег.

### Грамматикалық тақырып Етістіктің райлары

Орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді.			
Ашық рай (Изъявительное наклонение)	Бұйрық рай (Повелительное наклонение)	Шартты рай (Условное наклонение)	Қалау рай (Желательное наклонение)
Іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді.	Іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде айтылу мағынасын білдіреді.	Іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.	Қалау, тілекті білдіреді.
Үш шақтың жасалу жолдары арқылы жасалады.	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы жасалады.	Етістік + (-са, -се) + жіктік жалғауы арқылы жасалады.	Етістік + (-ғы, -гі, -қы, -кі) + тәуелдік жалғауы /кел етістігі арқылы жасалады.
Мен келдім (келе жатырмын, келемін, келмекшімін, келгенмін т.б.)	I. Мен бар-айын II. Сен бар Сіз бар-ыңыз III. Ол бар-сын	Күн ашық бол-са, тауға шығамыз. Егер сен ойна-са-ң, мен де ойнаймын.	Біздің сабақ оқы-ғы-мыз келді. Сенің үйге қайт-қы-ң келе ме?

**5-тапсырма.** Жапон халқының дастархан әдебінің кейбір ережелерін оқып, рай түрлерін анықтаңыз.

- егер Сіз біреумен бір ыдыстан тамақ ішуге ниеттенсеңіз, екеуіңіз де таяқшаларды пайдаланыңыз
- сушиді – қолмен, сашимиді тек таяқшалармен жеуге болады

• таяқшаларды ортасынан ұстамаңыз, ылғи да ұшынан ұстауға тырысыңыз

• тамағы бар тәрелкені өзіңізге жылжыту үшін, таяқшаларды пайдаланбаңыз

• тамақтың тілімін тістеменіз және қалғанын қайтадан тәрелкеге салмаңыз;

• пышақ сұрамаңыз

• тамақ ішкен соң таяқшаларды тағы да hashi-oki-ге, ең жақсысы суши барға параллель сүйеп қою керек; ешқашан таяқшаларды үстелдің үстіне қоймаңыз;

• ешқашан таяқшаларды қайтадан ыдысқа салмаңыз (бұл да жапондықтарда жерлеумен байланыс тудырады

• күрішті қалдырмай жеп қоюға тырысыңыз; күрішті тәрелкеде тіпті шамалы мөлшерде қалдыру – үлкен әдепсіздік (бұл тыйым тек қана Жапонияда қабылданған)

• соя тұздығы балыққа арналған тұздық болып табылады, ешқашан оған сушиді толығымен батырмаңыз.

### **6-тапсырма. Рай түрлерін анықтаңыз.**

1. Төлқұжат алу үшін халыққа қызмет көрсету орталығына бар. 2. Асханадан мәзірді алып, қараңыз. 3. Қонақүйге тапсырысты алдын ала жасаңыз. 4. Мен нөмірге салқын сусын мен таза орамал алдырғым келеді. 5. Уақытыңыз болса, біздегі бар қызмет түрлерімен таныса аласыздар. 6. Алдын ала тапсырыс жасақ бола ма? 7. Сарыағаш шипажайына барып, ем алсын. 8. Қазақстанның ең көрікті жерлеріне барғым келеді. 9. Рұқсатнаманы рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды әкеліңіз. 10. Саяхат кезінде қажетті дәрі-дәрмектерді алып жүріңіз. 11. Ұшақтың терезесінен көк аспанға қарап отырмын, бұлттардың пішіндері әр түрлі, тіпті керемет. 12. Әрине, жолдаманың құнына тамақтану мен барлық қызмет көрсету түрлері кіреді. 13. Алакөлге барсаң, маған ол жерден саз балшық пен шипалы суын ала келші!

### **7-тапсырма. Сөйлемдерді жалғастырып жазыңыз.**

1. Қайынды көліне барсам      2. Туристік жолдамамен барсам      3. Туризм нұсқаушысынан сұраңыз      4. Тамақтану уа-

қытынан кешікпеңіз, 5. Туристер тобы суретке түседі, себебі  
6. Ол жерден естелікке кәдесый алыңыз 7. Күн ыстықта  
лимонмен көк шай ішкім келеді, 8. Суға түсіп, күнге қызды-  
рыну сізге жағымды әсер беретіндіктен ...

**8-тапсырма.** *Қазақ тіліне аударыңыз.*

Вот уже почти полтора века сотни ученых умов пытаются снять завесу таинственности с гигантского каменного сооружения, руины которого лежат в 40 км восточнее Тараза, у подножия Киргизских Алатау. Но Акыртас позволил лишь прикоснуться к ней. А интерес к объекту исчезнувшей культуры растет. Археологические раскопки позволили сделать вывод: здесь был целый комплекс с жилыми постройками, складскими помещениями и водопроводом. А наружные, покоящиеся на мощном фундаменте 15-метровые каменные стены толщиной до 5 м надежно защищали от нападения врагов.

*Бақа көлінде патша,  
Балық суында патша.  
Жігіт елінде патша.*

### Шарын шатқалы

Шарын шатқалының аумағына өзенмен бірге Шетен тоғайы енеді. Тоғай негізі соғдиян шетенінен (*Fraxinus potamophila*) құралған. Әлем бойынша мұндай тоғайлар екі жерде ғана бар. Бірі Қазақстанда Шетен тоғайы сақталса, бірі Солтүстік Америкада ғана сақталып қалған. 1964 жылы Шетен тоғайы табиғат ескерткіші деп жарияланды. Шарын шатқалының табиғаты жануарлар мен өсімдіктерге бай. Бұл жақта ұя басатын құстардың 103, бауырымен жорғалаушылардың 25, сүтқоректердің 62 түрі мекендейді. Шатқалда өсетін 1500 өсімдіктің 17 түрі «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына» енген. Шатқал бойымен ағатын Шарын өзені Алатаудан бастау алып, Іле өзеніне құяр жолында Жалаңаш үстіртін кеседі. Шарын өзеніне кіші өзендер келіп құяды. Өзен ағысы секундына 10-12 шақырымға жетеді. Бұл ағыс рафтинг спортына жарамды. Өзеннің арнасының кеңдігі 35-40 метрге дейін жетеді.



#### Сөздік

тоғай – лес  
шетен – рябина  
бауырымен жорғалаушылар – пресмыкающиеся  
сүтқоректілер – млекопитающиеся  
мекендеу – обитать  
бойы – по  
үстірт – горное плато  
жарамды – годный  
арна – канал  
кеңдік – ширь



### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Шарын шатқалының аумағына енетін тоғайдың аты қандай?
- 2) Әлемде мұндай тоғайдың саны нешеу? Олар қайда?
- 3) Шарын өзенінің ағысы рафтинг спортына жарамды ма?

Шарын шатқалында туристтерге экскурсия жасауыңыз керек. Не айтасыз?

Шарын шатқалы пәсімен танқалдырады деп ойлайсыз?

Ол жерден естелікке не алуыңызға болады?

### 2-тапсырма. Жұптастырыңыз.

Шарын шатқалы	спорты
Өзендер	табиғаты
Рафтинг	ескерткіш
Қызыл кітапқа	күстар
Табиғат	келіп құяды
Ұя басатын	бай
Өсімдіктерге	енетін

### 3-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

Отан деген не? Ол белгілі бір аумақта өзінің тарихи іс— қимылын жүзеге асырып жатқан бүкіл халық. Ол— халықтың өткені, бүгінгі келешегі. Ол өзінің өзіндік мәдениеті, оның тілі, оның мінез-құлқы. Дүние жүзінде мемлекет пен жерлер көп, бірақ адамның туған анасы да біреу, оның Отаны да біреу ғана. Сондықтан, Отансыз бақыт жоқ, бұл тамыр жайған жеріміз. Отан басына қиын жағдай туғанда жанын пайда қылған адамдар да аз емес.

### Ертегі Қасірет

Ертеде еңбекқор бір кісінің жасы жиырмаға толған баласы болыпты. Қолынан ештеңе келмейтін нағыз жалқаудың өзі екен. Әкесінің еңбегімен күн көріпті. Бірде оған бір көріпкел кісі:

Есінде болсын: әкең сексенге, ал оның баласы сен алпыс екі жасқа келеді екенсіңдер,— депті.

Шалдың баласы өкіріп жылай бастапты. Әлгі көріпкел танданып қалады.

- Мен әкең екеуіңнің ұзақ жасайтындарыңды айттым ғой. Сен несіне жылайсың?

- Әкем менен екі жыл бұрын өледі екен. Айтыңызшы, сонда әкемнен кейін мені екі жыл бойы кім асырайды?



**4-тапсырма.** *Өлеңнің мағынасын түсініп, жаттап алыңыз.*



Мансапқорлардың қасынан  
Шықпайтындарға ашынам!  
Жалданып өскен жасынан  
Жағымпаздарға ашынам!  
Өзіңе ғана бас ұрам,  
Сенесің бе, Отан осыған !?  
Алаяқтарға ашынам!  
Ашынам-дағы тасынам  
Құнымды несін жасырам (М. Мақатаев)


**5-тапсырма.** *Сұхбатты оқыңыз, жалғастырыңыз.*

- Самал, туризм мамандығын не үшін таңдадың?

- Туризм саласы мен үшін өте қызықты, әрі бұл сала бүгінде Қазақстанда қарқынды дамып келе жатыр. Табысы да мол, әрі халыққа қызмет көрсету саласының бірі.

- Болашақта туроператор боласың ба?

- Әрине. Егер мүмкіндік туса, өз фирмамды ашқым келеді.



## Грамматикалық тақырып

### Етіс

(Залог)

*Етіс* деп іс- қимыл мен оны орындаушының арасындағы қатынасты білдіретін етістіктің категориясы аталады.

*Өздік етіс* *-ын, -ін, -н* жұрнақтары арқылы жасалып, істі орындаушының өзі істегенін білдіреді.

*Ырықсыз етіс* *-ыл, -іл, -л* жұрнақтары арқылы жасалып, қимылдың орындаушысы белгісіз болып, қимыл өзінен-өзі жасалғандай болып көрінуін білдіреді.

*Ортақ етіс* *-ыс, іс, -с* жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіреді.

*Өзгелік етіс* *-тыр, -тір, -дыр, -дір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз* жұрнақтары арқылы жасалып, қимылдың бөгде адам арқылы жасалуын білдіреді.

	Түрлері	Жұрнақтар	Мысалдар
1.	<b>Өздік етіс</b> (Возвратный)	<i>-ын</i> <i>-ін</i> <i>-н</i>	<i>жсуын</i> <i>киін</i> <i>таран</i>
2.	<b>Ырықсыз етіс</b> (Страдательный)	<i>-ыл, -іл, -л</i> <i>-ын, -ін, -н</i>	<i>жсуылды, киілді, таралды</i> <i>салымды, әкелінді, таранды</i>
3.	<b>Ортақ етіс</b> (Совместный)	<i>-ыс, -іс,</i> <i>-с</i>	<i>салысты, әкелісті</i> <i>ойласты, сөйлесті</i>
4.	<b>Өзгелік етіс</b> (Побудительный)	<i>-дыр, -дір,</i> <i>-тыр, -тір,</i> <i>-ғыз, -гіз,</i> <i>-қыз, -кіз,</i> <i>-т</i>	<i>жсугыздыр, енгіздір</i> <i>саптырды, кептірді</i> <i>бырғызды, кіргізді</i> <i>айтқызды, кескізді</i> <i>босат, жүгірт</i>

**6-тапсырма.** Төмендегі етістіктерге ырықсыз етіс жұрнағын жасалғап, өткен шақта, осы шақта, келер шақта қолданыңыз.

Дайындау, қарау, түсіндіру, айту, жеткізу, құю, әкелу, қуыру, жинау, пісіру, жабу, ашу, қайтару.



**Мне нужно ...**

**... почистить костюм**

**... починить обувь**

**... выгладить сорочку**

**... постирать белье**

**Мен**

**... костюмді тазалатсам**

**... аяқ киімді жөндетсем**

**... көйлегімді үтіктетсем**

**киімді жудыртсам деп едім**

**Пожалуйста, эти вещи ...**

**... отдайте в чистку**

**... постирайте**

**... погладьте**

**Мына киімдерді ...**

**тазартуға беріңізші**

**... жуып беріңізші**

**үтіктеп беріңізші**

**Куда можно сдать вещи на чистку?**

**Киімдерімді қайда тазартуға берсем болады?**

**В салон химчистки**

**Химиялық тазалау салонына**

**У вас сухая чистка?**

**Сіздерде құрғақ тазалау ма?**

**Где здесь ремонт обуви?**

**Аяқ киім жөндейтін жер қайда?**

**Сломались каблуки, нужно поменять**

**Өкшем сынып қалды, ауыстыру керек**

**Когда мне прийти?**

**Қашан келейін?**

**Я забыл (а) ключ в номере**

**Мен бөлмеде кілтін қалдырып кетіппін**

**8-тапсырма. *Етістің тиісті жұрнағын қойыңыз.***

Жұмыс күні аяқта..ды. Ыдыс-аяқтар жуы..ып орын-орынына қой..ды. Әкімшінің барлық тапсырмалары орында...ды. Бүгінгі күні 32 келуші тірке..ді. Тапсырысқа мыналар бер...ді. Бағасына тамақтану құны да қос...лған. Нөмірге кондиционер қой...ылып, душ жөндет..ді. Тамақтану нөмірде тұру құнына енгіз...ген.

*Ел жасымен көрікті,  
Тау тасымен көрікті,  
Аяқ асымен көрікті.*

## Шет елдердегі кейбір ерекшеліктер

Әлемнің көп елдерінде қоғамдық орындарда темекі тартуға тыйым салынған немесе темекіні арнайы орындарда тартуға рұқсат етіледі. Мысалы, Бельгия, Дания, Жаңа Зеландия, Ирландия, Исландия, Литва, Норвегия, Финляндия, Швеция сияқты елдерде барлар мен мейрамханаларда темекі тартуға болмайды.

Көп елде сол жақпен жүру жол ережесі қабылданған. Бұларға Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Ирландия, Индонезия, Кения, Кипр, Малайзия, Мальта, Пәкістан, Тайланд, Танзания, Үндістан, Ұлыбритания, Шри-Ланка, Ямайка және басқа елдер жатады.

АҚШ-та ер адамдар мен әйел адамдар арасында теңдік қағидаты сақталады, әйелдерге дөрекілік танытса немесе оларға жай ғана қырындаған үшін (сізге солай көрінгенмен) сотқа беруі мүмкін.

Берілген қарапайым кеңестер шетелде уақытыңызды жақсы өткізуге және демалуға көмектеседі деп сенеміз. Осымен бірге, баратын еліңіз туралы, оның саяси жағдайы, климаты, заңдық және ұлттық дәстүрлерін, қоғамдық және басқа орындарда жүріп-тұру ерекшеліктерін қосымша біліп алғаныңыз дұрыс. Сізге сәт сапар тілейміз!



### Сөздік

ерекшелік-особенность  
 әлемнің көп елдерінде- во многих странах мира  
 жол ережесі- дорожные правила  
 теңдік равенство  
 қағидат- закон  
 дөрекілік таныту –проявить грубость



қырындау- проявлять внимание  
 сотқа беру- подать в суд  
 жүріп-тұру ерекшеліктері- особенность в поведении  
 қосымша- дополнительно

**1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1) Қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салынған қандай елдерді білесіз?
- 2) Сол жақпен жүру жол ережесі қай елдерде қабылданған?
- 3) Әйелдерге дөрекілік танытса немесе жай ғана қырындағаны үшін қай елде әйелдер сотқа беруі мүмкін?

**2-тапсырма. Жұптастырыңыз.**

Қоғамдық	жүру ережесі
Темекі	сапар
Жол	орындар
Сәт	қағидаты
Теңдік	шегу
Елдің	ерекшеліктері
Жүріп-тұру	саяси жағдайы

**3-тапсырма. Жағдаят.**

Таңдаған елдің салт дәстүрлері, жол жүру ережелері мен басқа да ерекшеліктері қандай?

Сіз қандай да бір шетелге баруды жоспарлап отырсыз.

Ол елдің мемлекеттік тілі қай тіл?

**4-тапсырма. Сұхбатты оқып, жалғастырыңыз.**

- АҚШ-тың адамдары ылғи күлімдеп, жайдары жүреді деп естідім.
- Иә. Ал мен Жапонияның адамдары ұзақ жасаудың шараларын жақсы біледі деп оқыдым.
- Үндістанда азық-түлік те, үй де арзан дейді.
- ...
- ...

## Грамматикалық тақырып Етістіктің аналитикалық формасы

Етістіктің аналитикалық формасы бір немесе бірнеше компоненттен тұрады. Негізгі етістік көсемше немесе есімше түрінде болады. **Мысалы, сындыра беру, сындырып алу, сындырып қоя жаздау.**

Көмекші етістіктер саны төртеу, бесеу де болуы мүмкін. **Мысалы, сындырып барып құлай жаздай қалу.** Жіктік жалғаулар соңғы көмекші етістікке жалғанады. **Мысалы, Мен соңғы автобустан қалып қоя жаздадым. Ол компьютерді құлатып қоя жаздады.**

Болымсыз жұрнақтар негізгі етістікке де, көмекші етістікке де жалғана береді. **Мысалы, сөйлемей қойды** (так и не заговорил), **сөйлемей қоймады** (не мог не высказаться).

Болымсыз *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* жұрнақтардан басқа емес, жоқ сөздері де қолданылады. Сөйлем соңында тұрып жіктік жалғауларды қабылдайды. **Мысалы, Мен оны көрген жоқпын. Мен оны көрген емеспін.**

Мағына	Жұрнақ	Көмекші етістік	мысалдар
Іс-әрекеттің басталуы (начало действия)	-а/-е/-й	бастау жөнелу	жаза бастады – начал писать жүгіре жөнелді - побежал
Іс-әрекеттің жалғасуы (продолжения действия)	-а/-е/-й	бару беру түсу	айта барды – передал на словах оқи берді – продолжал читать жаза түсті – продолжал писать еще больше
Іс-әрекеттің аяқталуы (завершения действия)	-ып/-іп/п	біту кету қалу шығу өту болу	жазып бітті – закончил писать тұрып кетті – встал и ушел ұйықтап қалды – уснул сүртіп шықты – вытер көріп кетті – увидел сөйлеп болды – закончил говорить

Іс-әрекеттің жол-жөнекей орындалуы (незначительность действия)	-a/-e/-й	келу кету салу отыру жүру	көре келді – увидел на пути сюда көре кетті – увидел на пути отсюда айта салды – сказал невзначай сөйлей отырды – говорил, пока сидел санай жүрді – заодно посчитал
Іс-әрекеттің күтпеген жағдайда орындалуы (неожиданность действия)	-a/-e/-й	қалу қою кету	жата қалды – быстро лег сала қойды – быстро положил отыра кетті – неожиданно сел

**5-тапсырма.** *Туісті көмекиі етістікті қойып, сөйлемді аяқтап жазыңыз.*

*Үлгі: Әуесжайға кешігіп қала жаздадым.*

Шетелге бару үшін құжаттарды жинай жей ... Жолда қолыңды сүртетін майлық ала . Бірінен бастап шет тілін оқи ... . Ол жерде арзан қонақ үйге орналасып ... . Төлқұжатым мен жол жүру билетін ұмытып кете Барар елдің салтын, ауа-райын, тамағын ... Француз тілін оқи ... . Жолда оқитын қызықты газет-жорналды ала ...

**6-тапсырма.** *Төмендегі сөйлемдерге етістіктердің аналитикалық тұлғасын қолданыңыз.*

1. Келуші кілгін ұмытып кете
2. Мәзірді келушіге беріп
3. Ол тапсырыс беріп
4. Оны биге қайта-қайта шақыра .....
5. Қонақ үйдің нөмірін жаппай кете.....
6. Асыққандықтан құжаттарымды тастап кете .....
7. Бүгіннен бастап вегетариандық тағамды жей .....
8. Даяршылар келген қонақтарға салқын тағамдарды ұсына ....
9. Пойызды күткен жолаушылар жол жаққа қарай....
10. Радионы қосып едім, музыка сайрап қоя.....



### **7-тапсырма.** *Қазақ тіліне аударыңыз.*

Я чуть не забыл ключи от номера в кармане пальто. Я все время смотрел на часы. Гости все время заказывали новые салаты, танцевали. Я начал изучать иностранные языки. К столику все время подносили напитки и сладости. Клиент начал заполнять анкету. Новый повар ресторана готовит самые вкусные блюда, посетители стали приходить чаще. Он может обслуживать клиентов лучше, но он сегодня устал, надо его заменить.

**8-тапсырма.** *Мына сөйлемдердегі етістіктердің аналитикалық формасын жасаңыз.*

алу

Үлгі: Жүктің салмағын өлшет. – Жүктің салмағын өлшетіп ал.  
Мәзірді көр. Тапсырысты жаз. Пойыздың жүру кестесін біл.  
Гид аудармашының есімін біл. Ол жердің ауа райын сұра. Бөлменің нөмірін біл. Сен тамақтану уақытын біл.

бастау

Сен гид-аудармашы болып жұмыс істейсің. Елімізге шетелдік қонақтар көптеп келеді. Биыл ол жақта саңырауқұлақтар көп шықты. Биылдан бастап теміржол билеттері қымбаттады. Соңғы он жылда туризм саласы қарқынды дамыды.

жаздау

Авиабилеттерді үйде қалдырдым. Жылы киімімді алмай, тоңып қалдым. Біз стансадан өтіп кеттік. Кеш жатып, пойыздан қалып қойдық. Жер су екен ол аяғын сулап алды. Сен суды алуды ұмытып кеттің.

**8-тапсырма** *Абайдың қандай өлеңдерін жатқа білесің?*

Пайда ойлама, ар ойла  
Талап қыл артық білуге.  
Артық білім кітапта  
Ерінбей оқып көруге  
(Абай Құнанбаев)

**ТМД елдеріне саяхаттасаңыз...**

ТМД елдері Қазақстан ТМД елдерінің көбімен азаматтардың рұқсатнамасыз барып-келуі туралы келісім-шартқа қол қойған. Атап айтқанда, Армения, Әзірбайжан, Белорусь, Грузия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан елдеріне кіру үшін ҚР азаматының паспорты жеткілікті.

Қазақстан азаматтары Қырғыз Республикасының аумағында 90 күнге дейінгі мерзімде бола алады және Қырғызстанда болу уақытын тағы 90 күнге дейін ұзартуға болады. Қазақстан Республикасының азаматтары қазақ-ресей шекарасынан өткен кезде Ресейдің көші-қон карточкасын толтыру керек. ҚР азаматы РФ аумағында 30 күннен артық болған жағдайда, аталған азамат Ресейдің заңнамасына сәйкес, оның құзыретті органдарында тіркелуге (болатын орны бойынша есепке тұру) міндетті. Қазақстан азаматтары Украина мен Молдоваға 3 айдан астам уақытқа баратын болса, рұқсатнама алуы керек.

Түрікменстанға бару үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына рұқсатнама алу қажет. Қызметтік және дипломатиялық паспорты бар тұлғаларға бұл тәртіп қолданылмайды.



### Сөздік

ТМД елдері – страны СНГ  
көші-қон карточкасы – миграционная карточка  
шекара – граница  
заңнама – законодательство  
құзыретті орган – уполномоченный орган  
тіркелу – регистрироваться  
қолданылмау – не использоваться  
тұлға – лицо

#### **1-тапсырма.** *Жарнама жасап үйреніңіз:*

Туристік топтар мен жеке туристердің Қазақстан Республикасынан келесі бағыттарға шығуын ұйымдастырады: ҚХР, Украина, «Трускавецкурорт» емдеу-сауықтыру мекемесі; Чех Республикасы, «Яхимов емдеу курорты» АҚ; Қазақстанның шипажайлары мен демалыс үйлері.

#### **2-тапсырма.** *Демалыс үйі туралы ақпарат беріңіз.*

### **МАРАЛСАЙ** демалыс үйі

Іле Алатау Ұлттық Мемлекеттік табиғи саябағында Маралсайда орналасқан. Таза тау самалымен, мөлдіреген бұлағымен табиғатта демалу толығымен қамтылған. Бөлмедегі жиһаздар, бейнелі портреттер мен суреттер жаныңызға ерекше әсер етеді. Жан рахатын фин саунасы мен орыс моншасынан да табасыз.

2001 жылы кешенге толық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қоршаған ортамен үйлесімділік тапқан кең ғимараттар, коттеждер мен осы заманғы диско зал аз уақыт аралығында қатты өзгерді. Бүгінде Маралсай қазіргі заманға сай инфроқұрылымы бар демалыс кешені. Маралсайда тамаша қызмет пен өз демалысыңызды отбасымен немесе құрбы-құрдастармен өткізуге мол мүмкіндік бар. Дизайн талаптарына сәйкес салынған ғимараттар, караоке, диско-зал, бассейн сіздің демалысыңызды жайлы да көңілді етеді.

**3-тапсырма. Шитажайдың демалушыға көрсететін қызметтерін айтып беруге дағдыланыңыз.**

### ҚОСЫМША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР БАҒАСЫ

Емдеу бағыттары:

- \* Тірек-қимыл аппараты
- \* Асқазан-ішек тракты
- \* Жүрек-қантамыр жүйесі
- \* Өт жолы жыныс жүйесі
- \* Жүйке жүйесі

Емдеу кешеніне су процедуралары (былау, душ, сулау), физиотерапевтік шаралар, минералды сулар, балшықпен емдеу, емдік шындықтыру және дәрігер нұсқауы бойынша т.б. шаралар кіреді.

Қосымша қызметтер:

- \* шаштараз
- \* дәріхана
- \* дүкен
- \* ақша айырбастау
- \* кітапхана
- \* кинозал
- \* теннис корты 200 – 500 тг/сағ
- \* баскетбол, волейбол 500 тг/сағ
- \* кіші – футбол 300 тг/сағ
- \* кіші теннис 200 тг/сағ
- \* бадминтон 200 тг/сағ
- \* гольф – алаңы 7000 – 11000 тг
- \* пэйнтбол құралдарын жалға алу – 750 тг, оқ – 20 тг.
- \* жасанды көл
- \* жаздық кафе
- \* бильярд
- \* сауна
- \* бассейн
- \* транспорттық қызметтер
- \* көлік тұрағы
- \* сақтау қоймасы
- \* конференц-залы
- \* құрылғыларды жалға беру.

**4-тапсырма.** Мәтінді оқып, өзгертіп өз нұсқаңызды жазыңыз.

Бұл жердің табиғаты керемет. Демалушыларға 6 ғимаратта әртүрлі санаттағы номерлер ұсынылады. Тыныштықты сүйетін адамдарға жеке орналасқан іші ағашпен әсемделген қабатты коттедж де бар.

Кешен асханасында үш уақыттық тамақтан бастап, салтанатты мерекелерге арналған банкеттік мәзірлерге де тапсырыс беруге болады.

Жиындар мен семинарлар өткізуге құрылғыларымен жабдықталған үш зал ұсынылады. Келушілердің көлігін қоятын тұрақпен тәулік бойы күзет қызметі де жұмыс істейді.

Номерде: телефон, теледидар, тоңазытқыш, мини-бар, душ, сан. желі. Жолдама бағасына: номерде тұру, 4 уақыттық тамақтану, емделу, бассейн, аквапарк, спорт және атлетика залы кіреді.

**Грамматикалық тақырып**  
**Құрмалас сөйлем**  
(Сложное предложение)

Екі не одан да көп жай сөйлемдердің мағыналық және интонациялық тығыз бірігуі арқылы күрделі ойды білдіруге қызмет ететін сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз.

Құрмалас сөйлемде кем дегенде екі предикативтік орталық болады, яғни екі одан да көп жай сөйлемдерден тұрады.

Салалас құрмалас сөйлем

(Сложносочиненные предложение)

Құрамындағы предикативті сыңарларының баяндауыштары тиінақты тұлғада келіп, интонация және жалғаулық шылаулар арқылы байланысатын құрмалас сөйлемді салалас құрмалас сөйлем дейміз.

**Салалас құрмалас сөйлем**

<b>Ыңғайластық</b>	<b>Қарсылықты</b>	<b>Себепсалдар</b>	<b>Кезектес</b>	<b>Талғаулы</b>	<b>Түсіндірмелі</b>
Жай сөйлемдері бір-біріне іргелес болған уақиғаны, істі білдіретін салалас түрі.	Жай сөйлемдерінің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін салалас түрі.	Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіретін салалас түрі.	Жай сөйлемдердегі іс-қимылдың кезектесіп келетінін білдіретін салалас түрі.	Жай сөйлемдерінде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалатынын білдіретін салалас түрі.	Екінші жай сөйлемі бірінші сөйлемінің мағынасын түсіндіріп тұратын салалас түрі.
және, әрі, да, де, та, те	бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен, әйтсе де, әйткенмен, алайда	өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, неге десеңіз, сол себепті т.б.	бірде, біресе, кейде	не, немесе, я, яки, не (я) болмаса, әлде, әйтпесе	жалғаулығы жоқ
Биыл жайлауда болдым және ауылдағы ағаларымның үйіне бардым.	Оның дауысы жақсы, бірақ ән айтуды жақсырмайды.	Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды.	Балалар бірде футбол ойнайды, бірде өзенге барып шоғылады.	Тезірек шөп ору керек, әйтпесе уақыт өтіп кетеді.	Оның келмеген себебі мынау: кеше жұмыстан кеш қайтты.

**5-тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыз, құрмалас сөйлем түрлері бойынша өзгертіңіз.

Қай елдің болмасын мәдениетімен, дәстүрімен танысу кезінде, оның ұлттық тағамдарымен де танысу артық емес. Мысалы,

Үндістанда ұлттық тағамдар ішінде әлемге әйгілі шайдың орны ерекше. Ал Қытайда шайды 7 ғасыр бұрын іше бастаған. Шай ішкен кезде адамның қан қысымы реттеледі, өйткені онда көптеген витамин бар. Бір-екі кесе шайдан кейін адамдардың арасында жайбарақат әнгіме өрбіп, бір-бірін тыңдауға ықылас-ниет пайда болады. Сол сияқты дипломатиялық кездесулер кезінде шай беру әдетке айналған. Жер шарының барлық континентінде шай ішеді және шай ішу салты әр түрлі. Мәселен, ағылшындар сүтпен ішеді, тибеттіктер шайға тұз қосады.

**6-тапсырма.** *Әр елдің қонақ күту ерекшеліктері әртүрлі болады. Тақырыпқа реферат дайындаңыз.*

Жапонияда қонаққа шақырса, бұл үлкен құрмет. Себебі бұл елде үйлер өте кіші. Сондықтан да тек белгілі бір маңызды жағдайларда ғана қонаққа шақыру әдеті сақталған. Үйге кіре берісте ағаштан жасалған аяқ киім беріледі, оны шығарда ғана шешетін боласыз. Қонаққа сыйлық апару міндет.

Боливияда қонақ күту салты тіпті қызық. Қонақ болып барсаңыз, сіз жалғыз тамақ ішесіз. Ал ортақ дастарханға тек жақын адамдар ғана отырады екен. Бұл қонақты тіпті де ренжітпеуі тиіс, себебі бұл дәстүр қонаққа деген ерекше құрметті көрсетеді-мыс.

Ал Еуропаның көп бөлігінде қонаққа барғанда тамақты өзіңізбен бірге апарсаңыз дұрыс-ақ. Себебі Еуропада бірінші, екінші тамақ берудің орнына қолыңызға чипсы ұстатып, теледидар көргізіп қоюы да мүмкін.

**7-тапсырма.** *Мәтінді аударыңыз.*

Лучшие каникулы в Боровом!!!

Мы предлагаем детский оздоровительный отдых в Боровом!!!

Вас ждет:

оздоровительные программы: спартакиады, ежедневные зарядки, походы, зажигательные дискотеки, увлекательные вечерние мероприятия.

- театрализованные представления
- песни у костра
- новые знакомства и впечатления

- экскурсия
- и многое другое.

**8-тапсырма.** *Сөйлемдерді аяқтаңыз.*

1. Жазғы демалысыңызды алдын ала жоспарлаңыз, әйтпесе....  
2. Ауа- райы тұрақсыз болып тұр, бірде.. бірде... 3. Алыс сапарға аттанамын, бірақ... 4. Біз жылда отбасымызбен Алатау шипажайында демаламыз, себебі....5. Ауа- райы ыстық болды, бірақ...  
6. Бурабай шипажайына халық емделуге жиі барады, себебі....7. Биыл жұмысым көп болды, әйтсе де...

**9-тапсырма.** *Сөйлемдерді қазақ тіліне аударып, аяқтаңыз.*

1. Мне нравится здесь отдыхать, потому что.... 2. Проезд и проживание недорогое, питание хорошее, но.... 3. То дождь идет, то становится жарко, но мы купаемся в озере и ловим рыбу.4. Он загорал на пляже и .... 5. В дорогу с собой мы взяли планшет и фотоаппарат, потому что... 6. Мечтаю много путешествовать, изучать языки потому что....7. Здесь хороший сервис услуг здесь, но....



**Алыс-жақын шетелге алғашқы саяхат**

Алыс-жақын шетелге алғаш рет саяхат жасағалы жатырсыз ба? Бұрын-соңды шетелде демалмаған ба едіңіз? Олай болса, мы на нұсқау-кеңестер сізге арналады.

***Келісім-шартпен таныспай жатып, қол қоюға болмайды***

Ең бастысы, ***туристік агенттіктермен келісім-шарт*** жасаған кезде мұқият болыңыз! Келісім-шартта саяхат жайлы барлық ақпарат, қонақүй, әуе билеттері, сақтандыру мен қауіпсіздік мәселелері т.с.с. қарастырылуы тиіс.

***Сақтандыруға немқұрайлы қарамаңыз.***

***Ұқыпты болыңыз.***

Құжаттарыңыз бен ақша-қаражаттарыңызды қонақүйдегі сейфте сақтаңыз. Міндетті түрде, құжаттарыңыздың көшірмесін жасап алыңыз.

Жүк түбіртегін сақтап қойыңыз. Белгісіз себептермен жүтіңіз жоғалған кезде, сіз жүк түбіртегінің негізінде өз дүниелеріңізді таба аласыз.

***Авиакомпаниялардың талаптарын орындаңыз.***

Авиакомпания ең басты талаптарының бірі жүк салмағы рұқсат етілген көлемнен асып кетпеу керек. Асып кеткен жағдайда, артық салмақ үшін қосымша ақы төлейсіз. Сондай-ақ, қай елден қандай тауар алып шығуға болатынын алдын ала біліп алыңыз.

***Тіркеуге кешікпеңіз***

Тіркеу рейс алдында 2-3 сағат бұрын жүргізіліп, ұшаққа мінуге 40 минут қалғанда тоқтатылады. Сондықтан да, тіркеуге кешікпей келіңіз!

***Жергілікті ережелерді сақтап, салт-дәстүрлерді сыйлаңыз.***



### Сөздік

алыс-жақын шетел – ближнее-дальнее зарубежье  
алғаш рет – впервые  
нұсқау-кеңестер – варианты-советы  
немқұрайлы – поверхностно  
келісім-шарт жасау – заключение договора  
мұқият болыңыз – будьте бдительны  
сақтандыру – страхование  
қауіпсіздік мәселелері – вопросы безопасности  
құжаттар көшірмесі – копии документов  
жүк түбіртегі – квитанция груза  
талап – требование  
жергілікті – местный

### 1-тапсырма. Аударыңыз.

#### Новая этнографическая экскурсия «казахский аул – «гунны»

Казахский Аул «Гунны» это интересная экскурсионная программа по Новокаменному ущелью, а также катание на лошадях по живописным местам этого края. Эта поездка дает возможность полюбоваться красивейшими природными местами, вдохнуть свежего воздуха и просто расслабиться. В летнее время предлагаем стрельбу из лука и катание на велосипедах. Казахский Аул «Гунны» идеально подходит как для проведения корпоративного отдыха (семинары, тренинги), так и для проведения семейного торжества (дни рождения, вечеринки).

Мы предлагаем вам отдых в юртах с внутренним убранством кочевой эпохи, а также «современные» юрты со всеми необходимыми удобствами. Гостей ждут угощения казахской национальной кухни, этнографическое конное шоу.

### 2-тапсырма. Мәтінді мазмұндаңыз.


Денсаулық саяхат кезінде ерекше күтімді қажет етеді. Адам баласының ағзасына демалыс кезінде жол ауыртпалығын көтере алмау, жаңа ортаның климаты, тамағы, уақыттың ауысуы әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, халық көп шоғырланған жерде түрлі бактериялар мен инфекциялар өршіп жүреді. Сол себептен де саяхат кезінде денсаулығыңызға салғырт қарамаған жөн.

Көптен күткен кезекті демалысыңызды шетелде өткізуді жоспарлап, жолға шықпас бұрын дәрігерге барып, денсаулығыңызды тексеріп алыңыз. Саяхат кезінде денсаулығыңыз сыр бермесін десеңіз, дәрігер кеңесіне зер салып, өзіңізді күтіңіз.

Әуежай, вокзал, қонақүй, көлік, ұшақ т.с.с халық көп шоғырланған ортада барынша сақ болған жөн. Ауа арқылы таралатын түрлі вирустардың салдарынан адам жұқпалы ауруларға душар болады. Сол үшін саяхат алдында сақтық шараларына назар аударыңыз.

### ***Саяхатқа шықпас бұрын***

- Барар мекеннің климатын, салтын, тамағы жайлы алдын ала ғаламтордан қарап, біліп алыңыз.
- Дәрігерге жолығып, қандай егу шараларын жасау керектігін сұрап, ақыл-кеңес алыңыз.
- Шабаданды жинастырғанда қажетті дүниелермен бірге дәрі-дәрмек салынған қобдишаны алуды ұмытпаңыз.



**3-тапсырма.** *Саяхат кезінде ұстанатын ережелерді мазмұндаңыз.*

• Беті-қолыңызды жиі-жиі жуып тұрыңыз. Өзіңізбен бірге ормал алып жүрген абзал. Су болмаған жағдайда ылғалды сүлгілерді пайдаланыңыз. Бей-берекет айналаңыздағы заттарды ұстап, қолыңызға кір тигізбеңіз.

• Бактерияға қарсы сабындардың пайдасы көп болмағанменен, саяхат кезінде оны пайдалануға болады. Дәріханадан антибактериальды сабын я сұйықтық сатып алыңыз. Сондай-ақ, өзіңізбен бірге қарамайлы сабынның кішкентай бөлігін алып жүріңіз.

• Тек қана таза су, кофе, көк немесе қара шай ғана ішіңіз. Газдалған сусындар мен алкогольді ішімдіктерді пайдаланбаған жөн.

• Жеміс-жидектер мен көкөністерді жуып пайдаланыңыз. Ет, балық, тауық, нан, сүт өнімдерін тек қана дүкендерден сатып алыңыз. Көшеден, базардан ас-ауқат сатып алмаған абзал.

• Өзіңізбен бірге міндетті түрде қажетті дәрі-дәрмектер, маса, ара, шыбын-шіркейдің шағуына қарсы майлар, ылғалды сүлгілер, бас киім, көзілдірік, крем, сусабын, тіс пастасы мен щеткасын, дәкі мен қайшы алып жүріңіз.

***Сапарыңыз сәтті болғай!***

**4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

**Шетелге саяхат. Ыстық турлар**

**Хайнань аралына күзгі саяхат**

Алматы–Санья-Алматы

«SCAT» әуе компаниясы Боинг 757-200

7 түн/8күн, 14 түн/15 күн ұзақтығымен

Жолдама бағасы 1 адамға көрсетілген

Жолдама құнына:

- әуе билеті

- қонақ үй

-трансфер

- сыйға Санья қаласына экскурсия:

шай салтанаты, інжу фабрикасы және тағы басқа

2. қытай медициналық орталығына трансфер, өкше массажы кіреді.

*Берілген сөздерден мақал-мәтел құрастырыңыз.*

Ашу, дос, ақыл, дұшпан,.....

Ашу, тасады, ақыл басады.....

Досы, жау, өпті, алмайды,.....

Дау, көпті, ақылы, алмайды.....

## Грамматикалық тақырып

### Сабақтас құрмалас сөйлем

Шартты бағыныңқы	Қарсылықты бағыныңқы	Себеп бағыныңқы	Мезгіл бағыныңқы	Қимыл-сын бағыныңқы	Мақсат бағыныңқы
Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің шартты болып келетін сабақтастың түрі.	Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келетін сабақтастың түрі.	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің себебін білдіретін сабақтастың түрі.	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің мезгілін білдіретін сабақтастың түрі.	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде айтылған іс-қимылдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрі.	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіретін сабақтастың түрі.
қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде?	қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? не етпестен?	неліктен? не үшін? несі үшін? не себепті? не деп?	қашан? қай кезде? қашаннан бері?	қайтіп? не етіп? қалай?	не мақсатпен? неге? не үшін? не етпек болып?
Не ексең, соны орасың.	Жұмыс күні болса да, мейрамханада бос орын жоқ.	Қызмет көрсетуге жеңілдік жасалғандықтан, халық көп жиналды.	Мейрамхананың ашылу рәсімі аталып болған кезде, отпашу басталды.	Біз әкімші сияқты ісімізге жауапкершілікпен қарауымыз керек	Төлем жасау үшін кассаға жақындадым.

**5-тапсырма.** *Екі жай сөйлемнен сабақтас құрмалас сөйлем құрыңыз.*

Жұмыс күні басталды. Қонақүйдің барлық қызметшілері келген. Әркім өз міндетін атқарады. Қызметшілер таңертең үйлеріне қайтады. Күзетшілер бір күн демалады.

**6-тапсырма.** *Сабақтас құрмалас сөйлемінің түрлерін ажыратыңыз.*

Жолда тұрған шағын қонақүйге барса, нөмірлері тым кіші екен. Даяшының сөйлеу мәдениеті өз деңгейінде, қонаққа жылы қабақ таныта білсе, қонақтар да дән риза болады. Әкімші адамдармен дұрыс қарым – қатынас құра білгендіктен ғана даулы жағдайлар

шешіледі. Келуші құжатын ұмытып кеткендіктен, қонақүйден нөмір ала алмады. Еден жуушы нөмірді тазаламақ болып, кілтпен есікті ашты.

**7-тапсырма.** *Берілген жоспарға сәйкес көрнекті тұлғаның 50 жылдық мерейтойына арналған сөзіңізді қысқаша жазып жаттығыңыз.*

Жоспар:

1. Мерейтой иесіне арналған қаратпа сөзді таңдаңыз.
2. Жазудың себебін көрсетіңіз.
3. Еңбек жолына шолу жасаңыз.
4. Елге сіңірген еңбегін айтыңыз.
5. Ізгі тілегіңізді білдіріңіз.
6. Этикеттік оралымдарды ұмытпаңыз.

**8-тапсырма.** *Аударыңыз.*



### **Тургенские водопады**

Расстояние от Алматы до Тургенского ущелья 90 км, находится на территории Иле – Алатауского гос. природного парка, который расположен на северных склонах Заилийского Алатау. В древности здесь проходили караваны на восток в Китай и Индию. Тургенское ущелье славится своими водопадами, их около семи. Водопад Медвежий притягивает 30-метровой высотой в

живописном месте среди нависающих скал и зеленых елей. Здесь бывают родники с живой водой. По дороге на Тургенские водопады, Вы сможете увидеть следующие достопримечательности: Страусинную ферму, Форелевое хозяйство, Родник молодости, Музей под открытым небом, место раскопок золотого человека, Иссыкские курганы.

Стоимость:

2000 тг. взрослый, 1800 тг. детский.

Сбор: 830, отъезд: 9:00



### Іле-Алатау ұлттық саябағы

Іле-Алатау ұлттық саябағы аумағында Орта Азиядағы жойылып бара жатқан жабайы құстарды өсірудің жалғыз ғана кешені орналасқан. Жануарлардың 60 түрі, құстардың – 170 түрі кездеседі, кейбіреулерін жалау және туристік жолдарда кездестіруге болады. Бұл жерде сұңқар, бүркіт, қыран құстарын өсіріп, аң аулауға үйретеді. Жыртқыш құстың қанаты қалықтаған кезде 2 м-ге дейін жетеді. Өсіру кешенінде сонымен қатар, қазақтың атақты аңшы итін тазыны көруге болады. Саябақтың тау беткейлерінің төменгі жағында алма, өрік, долана, итмұрын және басқа да жемісті ағаштары бар ормандар орналасқан. Саябақ аумағында спортпен, әсіресе қыстық спорт түрлерімен шұғылдануға жағдайлар жасалған. Саябақ аумағында мейрамханалар және басқа да сервис орындары бар. Жазда қаладан джиппен шығып, екі сағатта мәңгі қар аймағы мұздықтарға жетуге болады.





### Сөздік

ұлттық саябақ – национальный парк  
жойылып бара жатқан – исчезающие  
кешен – комплекс  
калықтаған кезде – когда парит в воздухе  
кеңінен тараған – широко распространенные  
жыртқыш – хищник  
долана – боярышник

**1-тапсырма.** *Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Іле-Алатау ұлттық саябағын қандай жыртқыш құстар мекендейді?
2. Саябақта қандай жемісті ағаштар өседі?
3. Саябақ аумағында спортпен шұғылдануға жағдайлар жасалған ба?

**2-тапсырма.** *Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.*

Иле-Алатауский государственный природный парк создан постановлением Правительства Республики Казахстан 22 февраля 1996 года. Парк расположен на северных склонах Заилийского Алатау в непосредственной близости от южной столицы – Алматы. Его протяженность от реки Чемолган на западе и до реки Тургень на востоке составляет 120 км, а в поперечнике достигает 30 км. Площадь парка 202292 га.

Главные цели и задачи национального парка – это охрана и восстановление уникальных природных комплексов и, одновременно предоставление людям разнообразного отдыха на природе.

Национальный парк расположен в пределах абсолютных высот от 600 до 5000 м над уровнем моря. Основой природы парка являются живописные леса, сложенные из ели Шренка и сопутствующих мелколиственных видов яблони Сиверса, боярышника, дикого урюка, тьяншанской рябины и других древесных и кустарниковых пород.

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Қытайдың Чжэцзян провинциясына мыңдаған саяхатшылар табиғаттың ерекше құбылысын тамашалауға келді.

Жылдың белгілі бір уақытында ғана пайда болатын бұл толқындар он метр биіктікке дейін көтеріледі. Олар өзен ағысына қарсы жүріп, бөгеттердің барлығын астан-кестен етеді. Бөгеттер бұл толқындардың қуатын есептеу үшін арнайы салынған. Бұл жерге жыл сайын әлемнің әр бұрышынан көптеген саяхатшылар қызығушылық танытып, арнайы келеді. Биыл мұнда жиырма мыңнан астам адам жиналып отыр.



1. Сіз табиғаттың осындай қауіпті көріністерін тамашалауға барар ма едіңіз?

2. Саяхатшылардың қызығушылығын тудыратын тағы не деп ойлайсыз?

**4-тапсырма.** Мәтінді өз сөзіңізбен әңгімелеңіз.

Туризмде туристерге сапалы қызмет көрсету – халық шаруашылығының осы саласын дамытудағы ең өзекті мәселесі. Туристер белгілі бір елдің туристік кешенінің қонақ үйінде, мейрамханасында, қызмет бюросында өздеріне көрсетілген қызметке риза болса, онда олар сол елдің белсенді насихатшысы болады. Олар бірнеше рет қайта келіп, өзімен бірге басқа да туристерді тартады, өзіне ұнаған туристік ауданның беделін көтереді. Сапалы көрсетілген қызмет туризмнің экономикалық әсерінің көтерілуіне септігін тигізеді.

## Грамматикалық тақырып Аралас құрмалас сөйлем

Аралас құрмалас сөйлем – құрмалас сөйлемнің бір түрі. Кемі үш жай сөйлемнен құралады. Олар өзара синтаксистік байланыстың ерекше түрі – аралас байланыс арқылы құрмаласқан.

Аралас құрмалас сөйлем енді бірде тиянақсыз-тиянақты-тиянақты тұлғалы болып келіп, әр сыңарының өзіндік басыңқы сыңары болады. Мұнда алғашқы тиянақсыз тұлғалы сыңар өзінен кейінгі сыңардың бағыныңқысы сипатында жұмсалыады, ал екінші сыңар тиянақты тұлғалы бола тұра, келесі сыңардың бағыныңқы бөлігі болып табылады. Үшінші сыңар ортаңғы сыңарға басыңқы сипатта тұрса да, бірінші сыңармен мағыналық байланысқа түспейді.

### Аралас құрмалас сөйлем

салалас + сабақтас + салалас	сабақтас + салалас + салалас	сабақтас + салалас + сабақтас + салалас	салалас + сабақтас + сабақтас + салалас
Қарағандының қары биыл бұрқан-тарқан қауырт еріп еді, сай салалар суға толып, қырдың тентек өзендері сақылдап тасығалы кемерлеп тұр.	Көзін сәулеге үйреткен Асқар терезеден қараса, аспан айдай ашық екен де, шуақты күн түске тармасып қалған екен.	Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе, әке-шешесінің дауыстары үздіксіз шығады да, Лиза үйге қайтса, сөздерінің аяқталмай, тоқталғаны аңдалады.	Ол бастықтың бөлмесіне келген еді, бірақ басқа келгендер болып, көпке дейін кезек келмей, есік алдында күтіп қалды.

**5-тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыз. Аралас құрмалас сөйлемнің жасалуын түсіндіріңіз.

Ол номерден шыққан бойда барға барып, қажетті сусындарын сатып алды да, қайтадан номерге кіріп кетті. Түстен кейін келушілер саны көбейіп кетсе, даяшылар да, аспазшы да барлық тапсырысты орындай алмауы мүмкін, сондықтан, алдын ала дайындалу керек. Біз алған бөлме компьютер мен факс сияқты жұмысқа қажетті құралдармен жабдықталған үлкен бөлме болып шықты, көршіміздікі бірнеше жатын бөлмелері, жеке кабинет, екі-үш дәретханасы бар орын екен, енді кеткенше бір –бірімізге шай ішуге баратын болдық.

**6- тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Дом отдыха «Светлый»

Для активного отдыха к вашим услугам предлагается: бильярд-бар с караоке + VCD, летнее кафе (на 200 мест) с дискотекой, настольный теннис, баня, ознакомительные поездки по природным и историческим достопримечательностям Боровского национального природного парка с посещением музея Природы, пешие и конные походы и прогулки, восхождение на сопки Синегорья высотой до 947 м. В зимнее время: горки, санки, качели и прочее.

**7-тапсырма.** Көршіңізбен сұхбаттасыңыз.



**Нам нужна гостиница  
недалеко от ...**

**... центра города**

**... главного офиса  
Народного банка**

**Где находится эта  
гостиница?**

**Бізге ... жақын жерден қонақ  
үй керек**

**... орталыққа**

**... Халық банкінің бас  
офісіне**

**Ол қонақүй қайда?**

**Нам нужна недорогая  
гостиница**

Бізге арзан қонақүй керек

**Дайте адрес этой гостиницы**

Сол қонақүйдің мекенжайын  
беріңізші

**Как проехать до гостиницы**

... қонақүйіне қалай баруға  
болады?

**Я уезжаю сегодня (завтра)**

Мен бүгін (ертең) кетемін

**Пожалуйста, приготовьте  
счет**

Есепті беріңізші

**Я хочу оплатить счет сейчас**

Мен қазір есеп айырысқым  
келеді

**Сколько с меня?**

Қанша төлеуім керек?

**Вызовите, пожалуйста,  
такси к ... часам утра  
(вечера)**

Маған таңертеңгі (кешкі)  
ға/ге/ке такси шақырыңызшы

**Пришлите кого-нибудь за  
вещами**

Заттарды алып кетуге кісі  
жіберіңізші

## Қазақша-орысша сөздік

### А

- автоаялмен саяхаттау – путешествовать автостопом  
автобуспен/ пойызбен /ұшақпен/экспедициялық жүк автомо-  
билімен/ машинамен/түйемен/салмен/ жаяу саяхаттау – путеше-  
ствовать автобусом / поездами / самолетами / экспедиционным  
грузовичком / на машине / на верблюде / на плотах / пешком  
автоматты сақтау камералары – автоматические камеры хра-  
нения  
автомобиль көлігімен сапар шегу– путешествие автомо-  
бильным транспортом  
автотіркеме үй – дом-автоприцеп  
автошаналар – автосани  
адамы көп жағажай – переполненные пляжи  
адасу – заблудиться  
айлаққа кіру – зайти в гавань  
айтылған уақытта – в назначенное время  
ақшаны қайтару – возврат денег  
ақысыз – бесплатно  
алдында, артында – перед/за, позади  
алыс жолға баратын пойыз – поезд дальнего следования  
алыстағы ел, жерлер – далекие страны, земли  
альпинизм – альпинизм  
анықтама бюросы – справочное бюро  
апаттық шығу – аварийный выход  
артық жүк төлемі – плата за излишек багажа  
артықшылық – преимущество  
ауыл арнасының жолы – проселочная дорога  
ауылды жерде демалу – отдых в сельской местности  
ауысып отыру – пересадка  
ауысып отыру – сделать пересадку  
аэропортта, вокзалда біреуді шығарып салу – провожать ко-  
го-либо в аэропорту, на вокзале  
аэровокзал ғимараты – здание аэровокзала  
аэровокзалда конвейерден жүкті алу – взять багаж с конвейера  
на аэровокзале  
аэрошаналар – аэросани  
аяқтың ұшымен жүру – ходить на цыпочках

## Ә

әдеттегі (толық) баға – обычный (полный) тариф  
эмбебап дүкен – универсальный магазин  
эсерлі, қызық, көзтартарлық – впечатляющий, захватывающий, эффектный  
әуелік жыланды жіберу – запуск воздушного змея  
әуелік шарларды жіберу – запуск воздушных шаров

## Б

баға, жол жүру бағасы – тариф, стоимость проезда / билета  
(сколько стоит билет до ...?)  
бағалы, құнды – ценный  
бағыты, айтылған жер – направление, место назначения  
баданаңы (өсімдік туралы) – луковичный (о растении)  
бақылаушы – контролер  
баспасөз киоскісі – киоск прессы  
батпақ – болото  
белдеулік уақыттағы ерекшелік ( белдеулік уақыттың ерекшелігінен қиналу) – разница в поясном времени (страдать от разницы во времени – при авиаперелете)  
бетперде мен түтікшемен жүзу – плавание с маской и трубкой  
билет – билет  
бирка – бирка  
бортсерік – бортпроводник(ца)  
брондау төлемі – оплата бронирования  
бұзылмаған, қол тигізілмеген – неиспорченные, нетронутые  
бұл жерден үш көше қиылысынан кейін – три квартала отсюда  
бұрышта...және.....көшелердің – на углу ... и ... улиц  
бұрыштың артында – за углом  
бұрыштың сол жағында – за углом налево  
бүктемелі кішкентай үстел (креслоның арқасындағы) – раскладной столик (на спинке кресла)  
біздің атымыздан – от нашего имени  
біреуді әуежайда қарсы алу – встречать кого-либо в аэропорту  
бірінші бұрылыстан солға – второй поворот направо

## В

вагон-ресторан – вагон-ресторан  
велосипедпен жүру – езда на велосипеде  
виндсерфинг – виндсерфинг

## Г

гигиеналық пакет – гигиенический пакет  
гид-экскурсоводпен бірге сапар шегу – поездка в сопровождении гида-экскурсовода

## Д

дамуына мүмкіндік туғызу, жарнамалау – способствовать росту, рекламировать  
дәмхана – закусочная  
дейін жүру – идти до  
демалу – отдохнуть  
демалумен қатар, тіл үйрену тәжірибесі – совмещать отдых с языковой практикой  
демалыс күндері үйден тыс жерде демалу – отдых на выходных вне дома  
демалысты (немесе каникулды) өткізу – провести отпуск (или каникулы)  
дұрыс/бұрыс бағытта жүру – идти в правильном / неправильном направлении

## Е

елде саяхаттау – поездка по стране  
емдік сумен емделу курорты – курорт на лечебных водах  
ерекше назар аудару – уделять особое внимание

## Ж

жаға бойымен жүзу – плыть вдоль береговой линии  
жайлылық, қолайлық – удобство  
жақын жердегі бұрышта – на ближайшем углу  
жалғыз саяхаттау – путешествовать одному  
жанында – около  
жарамдылық (билеттің жарамдылық мерзімі) – годный (срок годности билета)  
жариялау – объявлять  
жаяу жетуге болады – можно добраться пешком  
жаяу жүрушілерге арналған бағдаршам – светофор для пешеходов  
жаяу сапар шегу, жаяу туризм – путешествие пешком, пеший туризм  
... және .....арасында – между ... и ...



жедел жәрдем пункті – пункт скорой помощи  
желдеткіш – вентилятор  
желкенмен жүзу – плавание под парусами  
жер асты өткелі – подземный переход  
жергілікті уақытпен жүретін пойыз – поезд местного назначения

жететін жолды айту – сказать как пройти  
жоғалған билеттің орнына – билет взамен утерянного  
жоғалған заттар бюросы – бюро находок  
жол – дорога, путь, шоссе (полотно, лента дороги)  
жол жүруді білу – узнать, как пройти  
жол сандық, шабадан – чемодан  
жол сөмкесі – дорожная сумка  
жолаушылар пойызы – пассажирский поезд  
жолды табу – найти дорогу  
жолсерік – проводник  
жұмсақ вагон – мягкий вагон  
жұп нөмір – четный номер  
жүзу (кемемен) – плавать (на судне)  
жүзу, теңізбен саяхат – плавание, морское путешествие  
жүк – багаж  
жүк вагоны – багажный вагон  
жүк қою орны – багажное место  
жүк қоятын сөре – багажная полка  
жүк тасушы – носильщик  
жүк түбіртегі – квитанция на багаж  
жүкті ақысыз өткізу қалпы – норма бесплатного провоза багажа  
жүкті беру орны – место выдачи багажа  
жүрдек пойыз – скорый поезд

### З

зат, тауар – предмет, товар  
зауза – майский жук  
зәкір – якорь

### И

иллюминатор/ өту алдындағы орын – место у иллюминатора / у прохода  
ит жегілген шаналар (ит жегі) – сани, запряженные собаками (собачья упряжка)

## К

каюта – каюта

кәдесыйлық дүңгіршек – сувенирная лавка

кейс – кейс

келу – прибывать

келу/ кету уақыты – время прибытия / отправления

келуіңізбен – с приездом

кесте – расписание, график

кесте бойынша, уақытында – по расписанию, вовремя

кету – отбывать, уезжать

кету (манчестерден Ливерпульге дейін кету) – уезжать (уезжать из Манчестера в Ливерпуль)

көңіл-күйін түсіру – расстраивать

көрнекті орындарды қарау – осматривать достопримечательности

көше қиылысынан кейін – через квартал

көшемен жүру – идти по улице

көшенің аяғында – в конце улицы

круиз, теңізге саяхат – круиз, морское путешествие

купе – купе

купелік вагон – купейный вагон

курорт – курорт

күдіктену – подозревать

күту залы – зал ожидания

кідіру – задержка

кіріп шығу, бару – наносить визит, посещать

## Қ

қала бойынша экскурсия – экскурсия по городу

қала маңына үнемі қатынайтын пойыз – регулярный пригородный поезд

қала маңында қатынасқа арналған пойыз – пригородный поезд

қала төңірігіндегі қатынас стансасы – станция пригородного сообщения

қалташы – вор-карманник

... қарай бет алу – направляться к

қапшық көрпе – спальный мешок

қарама- қарсы – напротив (на противоположной стороне улицы)

қауіпсіздік белбеуін тағу – (пристегнуть) ремень безопасности

қауіпсіздік қызметі – служба безопасности  
қауіпсіздік қызметінің назарын аудару – вызвать внимание  
қашу, үйден алыс жерде демалу – бегство, побег; отдых вдали  
от дома

қиылыс – перекресток  
қол жүгі – ручная кладь  
қонбайтын рейс – беспосадочный рейс  
қону – посадка  
қоршаған органы қорғау – охрана окружающей среды  
құланмен серуендеу – прогулка на пони  
құмды жағажай – песчаный пляж  
құндылықтар – ценности  
қысқа мерзімді сапар – короткая поездка

## М

мерекелік – праздничный  
минералды сумен емделу курорты – курорт с минеральными  
водами  
мұздықтан өту – переход по леднику

## Н

нан дүкені – булочная  
неміс – немец  
неке қию бракосочетание

## О

опералық театр – оперный театр  
орынды сақтану – разумная предосторожность  
орындықтың астына сыю – поместиться под сидением  
отырғызу талоны – посадочный талон

## Ө

өнер галереясы – галерея искусств  
өткел бағдарлар – пешеходные маршруты  
өткел жолдар – пешеходный переход  
өту – переход  
өту, қиып өту – переходить, пересекать

## П

палуба – палуба  
парашютпен секіру – прыжки с парашютом  
парашютті кідіре ашып секіру – зотяжные прыжки с парашютом  
планеризм – планеризм  
платформа – платформа  
плацкарт вагоны – плацкартный вагон  
пойызға кешігу – опоздать на поезд  
путешествие, путешествовать, ездить – саяхаттау сапар шегу, жол жүру

## Р

рахаттылық, таңғалу – удовольствие, восторг  
рейстің нөмірі – номер рейса  
рейстің уақытын өзгерту – отменить рейс  
рельстер – рельсы

## С

сағаттық белдеудегі айырмашылық – поясная разница во времени  
сақтау камерасы – камера хранения  
салмақ /өлшеу – вес / взвешивать  
салмен жүзу – плавание на плотах  
салмен өзен бойымен түсу – спуск по горной реке на плотах  
салт жүріп (жеңіл жүкпен) саяхаттау – путешествовать налегке (с небольшим багажом)  
сауықтыру шипажайлары – оздоровительные санатории  
сапар – поездка  
сапар шегу, саяхаттау (құрлықпен) – поездка, путешествие (сухопутное)  
саяхаттау, сапар, турне, экскурсия, қыдыру, серуендеу – путешествие, поездка, турне, экскурсия, прогулка  
саяхатшы – путешественник  
сәлемдесу, амандасу, қарсы алу – приветствовать, здороваться, встречать  
сәлемдесу, жақсы қабылдау – приветствовать, радушно принимать  
серфинг – серфинг

скубамен су асты жүзу(акваланг түрі) – подводное плавание со скубой (вид акваланга)

сноубординг, таудың ылдиымен сноубордтпен, жалпақ шаңғымен сырғанау – сноубординг, катание по снежному склону на сноуборде, широкой лыже

содан соң – после

сол жақта/оң жақта – слева / справа

солға, оңға бұру – повернуть налево / направо

солтүстік бұғымен сафариге бару( саяхаттау) – сафари на северных оленях

соттық қудалау – судебное преследование

(сөмке) жоғалды – пропала (сумка)

сөмкелерді ұрлау жағдайлары болған – известны случаи исчезновения сумок

спорттық бағдарлау – спортивное ориентирование

су асты жүзу – подводное плавание

су шаңғысында жүзу – катание на водных лыжах

## Т

тақ сан – нечетный номер

тамаша, таңғажайып – великолепный, ошеломляющий

тасымалдаушы, авиакомпания – перевозчик, авиакомпания

тек жаяу жүргіншілерге арналған көшенің бөлігі – участок улицы только для пешеходов

тексеруден өту – подвергаться проверке

темекі шегетіндер залы – вагон для некурящих

темекі шегетіндер/ шекпейтіндер орны – места для курящих / некурящих

темекі шекпейтіндер вагоны – вагон для некурящих

теміржол – железная дорога

теміржол бекеті – железнодорожная станция

теміржол жолы – железнодорожный путь

теңіз жағасында демалысты өткізу – провести отпуск на берегу моря

тоқтау – оставаться, останавливаться, пребывать

тура жүру – идти прямо

тура қарсы бетінде – (прямо) напротив

турагенттік – турагенство

туристік автомобиль – туристский автомобиль

тұйық көше – тупик

түнеуге қалу, түнеу – остаться на ночлег, переночевать  
түнеуге тоқтау – остановка на ночлег  
тікелей теміржол пойызы – прямой поезд  
тілімделген, кедір-бұдыр, әжімденген – изрезанный, неров-  
ный, морщинистый  
тіркелу уақыты – время регистрации  
тіркеу – регистрация  
тіркеу орны – стойка регистрации  
тіркеу соңы – конец регистрации

#### Ұ

ұйқы жайлы вагон – спальный вагон  
ұйқы жайлы вагоны – проводник спального вагона  
ұрлау – красть  
ұры – вор  
ұшаққа отыру, қону – сесть на самолет, совершить посадку  
ұшу (ұшақпен) – полет, перелет (на самолете)  
ұшу басында – начало полета  
ұшу уақыты – время в полете  
ұшу, рейс – полет; рейс  
ұшудан сырқаттанатын адам – страдающий воздушной болезнью

#### Ү

үздік – лучший  
үңгір – пещера  
үстірт жер – возвышенность  
үнемдеу – экономить  
үскірік жел – жгучий ветер  
үскірік аяз – трескучий мороз

#### Ф

фляга – фляжка  
фотоателье – фотоателье  
фунт – фунт

#### Х

химтазалау – химчистка  
хош келдіңіз – добро пожаловать

## Ш

шай – чай

(шақырумен) отбасында тұру – жить в семье (по приглашению)

шалқаю (арқасы түсетін кресло) – откинуть(ся) назад (откидная спинка кресла)

шана спорты (тобоганн) – санный спорт (тобогтан)

шана тебу – катание на санях

шанамен сапар шегу – поездка-катание на санях

шаршағандық – усталость

шаршататын – утомительный

шаштараз – парикмахерская

шетел студенттерін қабылдап, өз үйінде тұрғызатын отбасы – семья, которая принимает и размещает у себя иностранных студентов

шетелге сапар шегу – путешествие за границу

шетінде – за

шипажай – санаторий-профилакторий

шоттың нөмірі – номер счета

## І

іскерлік сапар, іссапар – деловая поездка, командировка

ішінде/сыртында – снаружи / внутри

## Э

экипаж – экипаж

экотуризм – экотуризм

## Орысша- қазақша сөздік

### А

аварийный выход – апаттық шығу  
автоматические камеры хранения – автоматты сақтау камера-  
лары  
автосани – автошаналар  
альпинизм – альпинизм  
аэросани – аэрошаналар

### Б

багаж – жүк  
багажная полка – жүк қоятын сере  
багажное место – жүк қою орны  
багажный вагон – жүк вагоны  
бегство, побег; отдых вдали от дома – қашу, үйден алыс жерде  
демалу  
бесплатно – ақысыз  
беспосадочный рейс – қонбайтын рейс  
билет – билет  
билет взамен утерянного – жоғалған билеттің орнына  
бирка – бирка  
болото – батпақ  
бортпроводник(ца) – бортсерік  
булочная – нан дүкені  
бюро находок – жоғалған заттар бюросы

### В

в конце улицы – көшенің аяғында  
в назначенное время – айтылған уақытта  
вагон для курящих – темекі шекпейтіндер вагоны  
вагон для некурящих – темекі шегетіндер залы  
вагон-ресторан – вагон-ресторан  
великолепный, ошеломляющий – тамаша, таңғажайып  
вентилятор – желдеткіш  
вес / взвешивать – салмақ / өлшеу  
взять багаж с конвейера на аэровокзале – аэровокзалда  
конвейерден жүкті алу  
виндсерфинг – виндсерфинг  
возврат денег – ақшаны қайтару



вор – ұры  
вор-карманник – қалташы  
впечатляющий, захватывающий, эффектный – әсерлі, қызық,  
көзартарлық  
время в полете – ұшу уақыты  
время прибытия / отправления – келу/кету уақыты  
время регистрации – тіркелу уақыты  
встречать кого-либо в аэропорту – біреуді әуежайда қарсы алу  
второй поворот направо – бірінші бұрылыстан солға  
вызвать внимание службы безопасности – қауіпсіздік қызме-  
тінің назарын аудару

## Г

галерея искусств – өнер галереясы  
гигиенический пакет – гигиеналық пакет  
годный (срок годности билета) – жарамдылық (билеттің жа-  
рамдылық мерзімі)

## Д

далекие страны, земли – алыстағы ел, жерлер  
деловая поездка, командировка – іскерлік сапар, іссапар  
добро пожаловать – хош келдіңіз  
дом-автоприцеп – автотіркеме үй  
дорога, путь, шоссе (полотно, лента дороги) – жол  
дорожная сумка – жол сөмкесі

## Е

езда на велосипеде – велосипедпен жүру  
енот – жанат  
ежевика қара – бүлдірген  
ель – шырша

## Ж

железная дорога – теміржол  
железнодорожная станция – теміржол бекеті  
железнодорожный путь – теміржол жолы  
жить в семье (по приглашению) – (шақырумен) отбасында тұру

### З

за – шетінде  
за углом – бұрыштың артында  
за углом налево – бұрыштың сол жағында  
заблудиться – адасу  
задержка – кідіру  
зайти в гавань – айлаққа кіру  
закусочная – дәмхана  
зал ожидания – күту залы  
запуск воздушного змея – әуелік жыланды жіберу  
запуск воздушных шаров – әуелік шарларды жіберу  
затяжные прыжки с парашютом – парашютті кідіре ашып се-  
кіру  
здание аэровокзала – аэровокзал ғимараты

### И

идти в правильном / неправильном направлении – дұрыс/бұ-  
рыс бағытта жүру  
идти до – дейін жүру  
идти по улице – көшемен жүру  
идти прямо – тура жүру  
известны случаи исчезновения сумок – сөмкелерді ұрлау жағ-  
дайлары болған  
изрезанный, неровный, морщинистый – тілімделген, кедір-  
бұдыр, әжімденген

### К

камера хранения – сақтау камерасы  
катание на водных лыжах – су шаңғысында жүзу  
катание на санях – шана тебу  
каюта – каюта  
квитанция на багаж – жүк түбіртегі  
кейс – кейс  
киоск прессы – баспасөз киоскісі  
конец регистрации – тіркеу соңы  
контроллер – бақылаушы  
короткая поездка – қысқа мерзімді сапар  
красть – ұрлау  
круиз, морское путешествие – круиз, теңізге саяхат

купе – купе  
купейный вагон – купелік вагон  
курорт – курорт  
курорт (на лечебных водах) – (емдік сумен емделу) курорты  
курорт с минеральными водами – минералды сумен емделу  
курорты

## Л

лес – орман  
лось – бұғы  
луковичный (о растении) – баданалы (өсімдік туралы)  
лыжная база – шаңғы базасы  
лыжный инвентарь – шаңғы жабдығы  
лыжная база – шаңғы базасы  
лыжная прогулка – шаңғы серуені  
лыжный поход шаңғы жорығы  
ляжное крепеление – шаңғы бскітпесі  
лыжная обувь – шаңғы аяқ киімі  
лыжные соревнования – шаңғы жарысы

## М

мавзолей – кесене  
между ... и ... – .....және .....арасында  
места для курящих / некурящих – темекі шегетіндер\ шекпей-  
тіндер орны  
место выдачи багажа – жүкті беру орны  
место у иллюминатора / у прохода – иллюминатор\ өту алдын-  
дағы орын  
можно добраться пешком – жаяу жетуге болады.  
мягкий вагон – жұмсақ вагон

## Н

на ближайшем углу – жақын жердегі бұрышта  
на углу ... и ... улиц – бұрышта.....және.....көшелердің  
найти дорогу – жолды табу  
наносить визит, посещать – кіріп шығу, бару  
направление, место назначения – бағыты, айтылған жер  
напротив (на противоположной стороне улицы) – қарама- қарсы  
направляться к – ... қарай бет алу

(прямо) напротив – тура қарсы бетінде  
начало полета – ұшу басында  
неиспорченные, нетронутые – бұзылмаған, қол тигізілмеген.  
нечетный номер – тақ сан  
номер рейса – рейстің нөмірі  
номер счета – шоттың нөмірі  
норма бесплатного провоза багажа – жүкті ақысыз өткізу қалпы  
носильщик – жүк тасушы

## О

